



Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Қоғам & Дәуір

www.kisi.kz

1/2026

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Креативті индустриялар Қазақстан Республикасындағы
саяси және әлеуметтік дамудың факторы ретінде

Практикалық философия және саяси этика:
цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдар

Қытайдың саяси реформаларындағы
жаңа мемлекеттік менеджмент элементтері

Украинадағы орталықтастыру реформасының
артықшылықтары мен кемшіліктері

Қазақстандағы лоббизм мен сыбайлас жемқорлық
іс-қимылдарын мемлекеттік реттеудегі кейбір мәселелер

Қырғызстандағы климат жөніндегі жарияланым
белсенділігінің факторлары: сыртқы ықпалдар
және ішкі басымдықтар

Азаматтық қоғам институттарының жергілікті
өзін-өзі басқару жүйесін дамытудағы ықпалы

Қазақстан Республикасының ана мен баланы қорғау
саласындағы тұрақты даму стратегиясы

Қазақстандағы субсидияланатын және субсидияланбайтын
жұмыс орындарының салыстырмалы талдауы: жалақы
деңгейі және адами капиталға қойылатын талаптар

Көпбалалы отбасыдағы бала кедейлігі:
эмпирикалық талдау және ұсыныстар

Бақытжан Бұқарбай,
Елнұр Бейсенбаев,
Бибігүл Бюлегенова

Асия Akkuлиева,
Гүлхан Нұрадин,
Дина Кульбаева

Бекен Махмұтов,
Гүлжан Камырова,
Зайтунам Ашимова

Мәди Омаров,
Арчил Чочиа

Нұрғиса Кушеров,
Салтанат Жалмағамбетова

Санат Көшкімбаев,
Жасұлан Нұрбаев,
Динара Аубакирова

Серікбол Берікқожа,
Құрманғали Даркенов,
Қарлығаш Нұрмұхаметова

Салтанат Әшірбай,
Гаухар Абдрахманова
Хасан Языжы

Алия Сарсекеева,
Гүлназ Касимова,
Арсен Авсаткаринов,
Асланбек Амрин

Гүлзира Тәжіғалиева
Гүлнар Аскеева

ISSN 2414-5696

0 1



9 772414 569169

Астана

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж күәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

Журналда жарияланған мақалалардағы
пікірлер мен деректер авторларға тиесілі
және редакцияның немесе баспаның
көзқарасын білдірмейді.

Редакция мен баспа жарияланымдардағы
ықтимал қателер, дәлсіздіктер немесе
қорығындылар үшін жауапты емес. Авторлар
өз материалдарының дұрыстығы мен
тұтастығына толық жауап береді.

Журнал ғылыми зерттеулер нәтижелерін
таратуға арналған ғылыми платформа
қызметін атқарады.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

САЯСАТ

**Бақытжан Бұқарбай, Елнұр Бейсенбаев,
Бибігүл Бюлегенова**
Креативті индустриялар Қазақстан Республикасындағы
саяси және әлеуметтік дамудың факторы ретінде 7

**Асия Аккулиева, Гүлхан Нұрадин,
Дина Кульбаева**
Практикалық философия және саяси этика:
цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдар 25

**Бекен Махмутов, Гулжан Камырова,
Зайтунам Ашимова**
Қытайдың саяси реформаларындағы жаңа
мемлекеттік менеджмент элементтері 38

Мәди Омаров, Арчил Чочиа
Украинадағы орталықтастыру реформасының
артықшылықтары мен кемшіліктері 55

Нұргиса Кушеров, Салтанат Жалмағамбетова
Қазақстандағы лоббизм мен сыбайлас жемқорлық іс-
қимылдарын мемлекеттік реттеудегі кейбір мәселелер . . . 76

**Санат Көшкімбаев, Жасұлан Нұрбаев,
Динара Аубакирова**
Қырғызстандағы климат жөніндегі жарияланым
белсенділігінің факторлары: сыртқы ықпалдар
және ішкі басымдықтар 91

**Серікбол Берікқожа, Құрманғали Даркенов,
Қарлығаш Нурмухаметова**
Азаматтық қоғам институттарының жергілікті өзін-өзі
басқару жүйесін дамытудағы ықпалы 101

ҚОҒАМ

**Салтанат Әшірбай,
Гаухар Абдрахманова, Хасан Языжы**
Қазақстан Республикасының ана мен баланы қорғау
саласындағы тұрақты даму стратегиясы 118

**Алия Сарсекеева, Гулназ Касимова,
Арсен Авсаткаринов, Асланбек Амрин**
Қазақстандағы субсидияланатын және
субсидияланбайтын жұмыс орындарының
салыстырмалы талдауы: жалақы деңгейі және
адами капиталға қойылатын талаптар 138

Гүлзира Тәжіғалиева, Гулназ Аскеева
Көпбалалы отбасыдағы бала кедейлігі:
эмпирикалық талдау және ұсыныстар 154

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

СОДЕРЖАНИЕ

ПОЛИТИКА

**Бахытжан Бухарбаев,
Елнур Бейсенбаев, Бибиғуль Бюлегенова**
Креативные индустрии как фактор политического и
социального развития в Республике Казахстан 7

**Асия Аккулиева,
Гульхан Нурадин, Дина Кульбаева**
Практическая философия и политическая этика:
общественные установки в условиях цифровизации 25

**Бекен Махмұтов,
Гулжан Камырова, Зайтунам Ашимова**
Элементы нового государственного менеджмента в
политических реформах Китая 38

Мади Омаров, Арчил Чочиа
Преимущества и недостатки реформы
децентрализации в Украине 55

**Нургиса Кушерев,
Салтанат Жалмагамбетова**
Некоторые вопросы государственного регулирования
лоббизма и коррупционных действий в Казахстане. 76

**Санат Кушқұмбаев,
Жаслан Нурбаев, Динара Аубакирова**
Факторы публикационной активности
по климату в Кыргызстане: внешние влияния
и внутренние приоритеты 91

**Серікбол Берікқожа,
Курманғали Даркенов, Қарлығаш Нурмухаметова**
Влияние институтов гражданского общества
на развитие системы местного самоуправления 101

ОБЩЕСТВО

**Салтанат Әшірбай,
Гаухар Абдрахманова, Хасан Языжы**
Стратегия устойчивого развития Казахстана
в сфере защиты материнства и детства 118

**Алия Сарсекеева, Гулназ Касимова,
Арсен Авсатқаринов, Асланбек Амрин**
Сравнительный анализ субсидируемых
и несубсидируемых вакансий в Казахстане:
заработная плата и требования
к человеческому капиталу 138

Гулзира Тажигалиева, Гульнара Аскеева
Детская бедность в многодетных семьях:
эмпирический анализ и рекомендации 154

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

CONTENTS

POLITICS

**Bakhytzhan Bukharbayev, Elnur Beisenbayev,
Bibigul Byulegenova**
Creative Industries as a Factor of Political and Social
Development in the Republic of Kazakhstan 7

**Assiya Akkuliyeva, Gulkhan Nuradin,
Dina Kulbayeva**
Practical Philosophy and Political Ethics: Public
Attitudes in the Context of Digitalization 25

**Beken Makhmutov,
Gulzhan Kamyrova, Zaitunam Ashimova**
Elements of the New Public Management in China's
Political Reforms 38

Madi Omarov, Archil Chochia
Advantages and Disadvantages of Decentralization
Reform in Ukraine 55

Nurgisa Kusherov, Saltanat Zhalmagambetova
Some Issues in the State Regulation of Lobbying
and Corruption Actions in Kazakhstan 76

**Sanat Kushkumbayev,
Zhaslan Nurbayev, Dinara Aubakirova**
Factors of Climate Publishing Activity in Kyrgyzstan:
External Influences and Internal Priorities 91

**Serikbol Berikkozha, Kurmangali Darkenov,
Karlygash Nurmukhametova**
The Influence of Civil Society Institutions on the
Development of the Local Self-Government System 101

SOCIETY

**Saltanat Ashirbay, Gaukhar Abdrakhmanova,
Hasan Yazıcı**
Sustainable Development Strategy of Kazakhstan
in the Framework of Maternal and Child Protection 118

**Aliya Sarsekeyeva, Gulnaz Kasimova,
Arsen Avsatkarinov, Aslanbek Amrin**
Comparative Analysis of Subsidized and Non-Subsidized
Job Vacancies in Kazakhstan: Wages and
Human Capital Requirements. 138

Gulzira Tazhigaliyeva, Gulnar Askeeva
Child Poverty in Large Families:
Empirical Analysis And Recommendations 154

Редакциялық кеңес

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы

Редакциялық ұжым

- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистрі
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Салтанат ЕРМАХАНОВА** – Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Жанар САНХАЕВА** – Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, саясаттану ғылымдарының магистрі

Редакционный совет

- Ерлан КАРИН** – Председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Уямо ТОМОХИКО** – Профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – Профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – Профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Гани КАРАСАЕВ** – Главный научный сотрудник–начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – Научный консультант, директор проектов в Исследовательском институте «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – Директор Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, доктор социологических наук

Редакционная коллегия

- Алмас АРЗИКУЛОВ** – Шеф-редактор, заместитель руководителя отдела медиапроектов Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Салтанат ЕРМАХАНОВА** – Руководитель Отдела мониторинга общественного мнения, кандидат социологических наук
- Жанар САНХАЕВА** – Руководитель Отдела политических исследований, магистр социальных наук по специальности «политология»

The Editorial board

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, The State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), PhD, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
- Song YONGHONG** – Professor at the University of Hankuk, Ph.D (South Korea)
- Gani KARASSAEV** – Chief Researcher - Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, "Public opinion" Research Institute, Candidate of Sociology
- Aygul SADVOKASSOVA** – Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Doctor of Sociology

Editorial team

- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Deputy head of the Deputy Head of Media Projects Department, Master of History
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Saltanat ERMAKHANOVA** – Head of the Public Opinion Monitoring Department, Candidate of Sociological Sciences
- Zhanar SANKHAEVA** – Head of the Department of Political Studies, Master of Social Sciences, Master of political science

Бақытжан Бұқарбай¹ , Елнұр Бейсенбаев² , Бибігүл Бюлегенова³ 

¹ «АmalBooks» баспасының жетекшісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Саясаттану» кафедрасының PhD докторанты,
e-mail: teriskakpai@gmail.com

² Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Саясаттану» кафедрасының PhD докторанты,
e-mail: beisenbayev.elnur@gmail.com

³ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Саясаттану» кафедрасы профессоры, саясаттану ғылымдарының кандидаты
e-mail: byulegenova_bb@enu.kz
(Астана, Қазақстан)

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯЛАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Андатпа. Мақалада 2019–2025 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасындағы креативті индустриялардың қалыптасуы мен дамуы үдерісіне кешенді саяси-ғылыми талдау ұсынылады. Экономикалық детерминизмге негізделген басым көзқарастардан өзгеше, авторлар «креативті бетбұрыстың» саяси және әлеуметтік қырларына ерекше назар аударады. Зерттеудің мақсаты – «креативті индустрия» ұғымының теориялық негіздерін талдау және креативті сектордың дамуы Қазақстанның саяси және әлеуметтік дамуына қандай жолдармен ықпал ете алатынын айқындау.

Зерттеу неoinституционалдық тәсілдің, модернизация теориясының және «жұмсақ күш» тұжырымдамасының синтезіне негізделген. Эмпирикалық деректерді, нормативтік-құқықтық актілерді және ресми саяси риториканы талдау нәтижелері Қазақстандағы креативті индустриялардың дамуы тек экономиканы әртараптандыру құралы ғана емес, сонымен қатар жаңа ұлттық бірегейлікті («Жаңа Қазақстан») қалыптастыру стратегиясы, жастарды саяси әлеуметтендіру тетігі және өтпелі кезең жағдайында билікті легитимациялау тәсілі ретінде қызмет атқаратынын көрсетеді.

Мақалада креативтіліктің либералдық мәні мен мәдени өндіріс саласындағы мемлекеттік басқару әрекеттері арасындағы

қайшылықтарға, сондай-ақ әлеуметтік жіктелуге алып келуі мүмкін өңірлік айырмашылықтарға ерекше назар аударылады.

***Түйін сөздер:** креативті индустриялар, креативті экономика, әлеуметтік даму, саяси даму, Қазақстан, мәдени саясат, шығармашылық сектор.*

Бахытжан Бухарбаев, Елнур Бейсенбаев, Бибигуль Бюлегенова КРЕАТИВНЫЕ ИНДУСТРИИ КАК ФАКТОР ПОЛИТИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье представлен комплексный анализ процесса становления и развития креативных индустрий в Республике Казахстан в период с 2019 по 2025 гг. с политологической точки зрения. В отличие от преобладающего экономического детерминизма, авторы рассматривают политические и социальные аспекты «креативного поворота». Цель исследования – проанализировать теоретические основы понятия «креативная индустрия» и определить, каким образом развитие креативного сектора может способствовать политическому и социальному развитию Казахстана. Работа основана на синтезе неинституционального подхода, теории модернизации и концепции «мягкой силы».

Анализ эмпирических данных, нормативно-правовых актов и официальной риторики показывает, что развитие креативных индустрий в Казахстане является не только инструментом диверсификации экономики, но и стратегией формирования новой национальной идентичности («Жаңа Қазақстан»), механизмом политической социализации молодежи и способом легитимации власти в условиях переходного периода.

Особое внимание уделяется противоречиям между либеральной сущностью креативности и попытками государственного управления в сфере культурного производства, а также региональным различиям, которые, в свою очередь, могут привести к социальной разобщенности.

***Ключевые слова:** креативные индустрии, креативная экономика, социальное развитие, политическое развитие, Казахстан, культурная политика, творческий сектор.*

Bakhytzhан Bukharbayev, Elnur Beisenbayev, Bibigul Byulegenova CREATIVE INDUSTRIES AS A FACTOR OF POLITICAL AND SOCIAL DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article presents a comprehensive political science analysis of the formation and development of creative industries in the Republic of Kazakhstan during the period from 2019 to 2025. In contrast to the prevailing economic determinism, authors focus on the political and social dimensions of the “creative turn”. The purpose of the study is to analyze the theoretical foundations of the concept of “creative industries” and to determine how the

development of the creative sector can contribute to Kazakhstan's political and social development. The research is based on a synthesis of the neo-institutionalist approach, modernization theory, and the concept of soft power.

An analysis of empirical data, regulatory and legal acts, and official discourse demonstrates that the development of creative industries in Kazakhstan functions not only as a tool for economic diversification but also as a strategy for shaping a new national identity ("Zhana Kazakhstan"), a mechanism of youth political socialization, and a means of legitimizing political authority during a transitional period.

Particular attention is paid to the contradictions between the liberal nature of creativity and attempts at state governance in the sphere of cultural production, as well as to regional disparities which, in turn, may lead to social fragmentation.

Keywords: *creative industries; creative economy; social development; political development; Kazakhstan; cultural policy; creative sector.*

Кіріспе

XXI ғасырда креативті индустриялар әлемдік экономиканың серпінді дамып келе жатқан секторына айналып, қоғамдық өмірдің әртүрлі қырларына елеулі ықпал етуде. Шығармашылық еңбек пен зияткерлік капиталға негізделген салалар (жарнама, сәулет, өнер, дизайн, сән индустриясы, кино, музыка, ақпараттық технологиялар, баспа ісі және басқалары) әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен 3%-ын құрап, жаһандық еңбек нарығындағы жұмыс күшінің 6%-дан астамын жұмыспен қамтып отыр*.

Қазіргі уақытта Қазақстан орнықты экономикалық өсу моделін іздеп, саяси жүйені өзгеріп отырған әлеуметтік құрылымдарға бейімдеуге бағытталған терең институционалдық қайта құрулар кезеңін бастан өткеруде. Ресурстық рентаның сарқылуы, жаһандық қаржы мен энергетика нарықтарының волатильділігі, сондай-ақ жастар санының артуымен сипатталатын демографиялық өзгерістер шикізат секторына тәуелсіз жаңа даму стратегияларын әзірлеу қажеттігін туындатады.

Жоғарыда аталған жағдайда креативті индустриялар мемлекеттік саясат пен экономикалық дамудың маңызды элементіне айналып отыр [1]. Олар бұрын тек мәдени-демалыс саласымен шектелген бағыт болса, бүгін стратегиялық реттеудің нысанына әрі жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асырудың құралына айналды.

Осылайша, тақырыптың өзектілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің соңғы жылдары креативті индустрияларды экономиканы әртараптандыру және орнықты дамудың бір бөлігі ретінде белсенді түрде ілгерілетуімен айқындалады. Мемлекет тарапынан қызығушылықтың артуына қарамастан, бұл феноменді саясаттану ғылымында зерттеу үдерісі біркелкі дамып отырған жоқ. Зерттеулерде негізінен креативті индустриялардың жалпы ішкі өнімге қосатын үлесін бағалауға, жұмыспен

* БҰҰ деректері бойынша. Дереккөз: Креативные индустрии: скачок навстречу устойчивому развитию Казахстана [Электрондық ресурс] // UNDP. – 2024. – URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/kreativnye-industrii-skachok-navstrechu-ustoychivomu-razvitiyu-kazakhstana> (қаралған күні: 05.12.2025).

қамтуды талдауға және материалдық емес өнімдер экспортының әлеуетін анықтауға бағытталған экономикалық тәсіл басым.

Сонымен қатар креативті экономиканың саяси қырлары теориялық тұрғыдан да, практикалық деңгейде де жеткілікті дәрежеде зерттелмей отыр.

Қазіргі кезеңде креативті таптың саяси субъектілігі мәселелері, сондай-ақ мәдени өнімдердің электоралдық мінез-құлыққа ықпал ету тетіктері мен креативті индустриялардың азаматтық белсенділіктің жаңа нысандарын қалыптастырудағы потенциалды үлесі іс жүзінде қарастырылмаған. Осыған байланысты зерттеу міндеті Қазақстандағы креативті экономиканың дамуы мен саяси жаңғырту үдерістері арасындағы өзара байланысты зерделеуге бағытталады.

Креативті тапты жаңғыртушылық, соның ішінде демократияландырушы серпіндердің тасымалдаушысы ретінде қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады. Сонымен қатар мемлекеттік институттардың қолданыстағы саяси тәртіпті сақтап, тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында креативті таптың әлеуетін тиімді пайдалана алу мүмкіндігін айқындау да маңызды. Бұл сұраққа берілетін жауап Қазақстанда жүріп жатқан институционалдық трансформацияның сипатын түсіну тұрғысынан айрықша маңызға ие.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық архитектурасы креативті индустрияларды мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымдарына кіріктірілген функционалдық қосалқы жүйе ретінде қарастыратын жүйелік тәсілге негізделеді. Мұндай тәсіл зерттеу объектісін қоғамдық дамуға ықпал ететін әрі бір-бірімен өзара байланысқан институттар, тәжірибелер мен акторлардың кешені ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу аясында Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңы, Кәсіпкерлік кодексі және 2021–2025 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы қамтылған нормативтік-құқықтық базаға институционалдық талдау жүргізілді. Сонымен қатар МХҚО мен Astana Hub қызметін қоса алғанда, мемлекеттік қолдау тетіктері зерттелді.

Зерттеу аясында ресми мәтіндер корпусына негізделген дискурс-талдау жүргізілді. Ол 2019–2025 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың жыл сайынғы жолдауларын, сондай-ақ креативті индустрияларды дамытуға қатысты бағдарламалық құжаттарды қамтиды.

Талдаудың негізгі индикаторлары ретінде «адами капитал», «цифрландыру», «креативті экономика» мен «ұлттық бірегейлік» лексемалары алынды. Олар саяси тұрақтылықпен байланысы тұрғысынан қарастырылды.

Астана, Алматы мен Шымкент қалаларының инфрақұрылымдық модельдерін салыстыру үшін бенчмаркинг әдісі қолданылды. Қазақстанның астанасы – әкімшілік әрі ресурстық орталық, Алматы – елдегі шығармашылық капитал табиғи түрде шоғырланған қала, ал Шымкент өңірлік хаб ретінде қалыптасып келеді.

Салыстыру өлшемдері ретінде технопарктер резиденттерінің саны, салықтық жеңілдіктер көлемі мен шығармашылық хабтардың автономия

деңгейі алынды. Сондай-ақ жарияланған институционалдық мақсаттардың нақты әлеуметтік-экономикалық үрдістерге қаншалықты сәйкес келетінін бағалау үшін статистикалық деректерге екінші қайта талдау жүргізілді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін 2019–2025 жылдар аралығындағы сектордың сандық динамикасын көрсететін ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері құрады.

Халықаралық ұйымдардың (ЮНКТАД, ПРООН, Британ Кеңесі) материалдары да пайдаланылды, бұл қазақстандық кейсті орнықты дамудың жаһандық контекстіне енгізуге мүмкіндік берді.

Қазақстандағы креативті индустриялардың саяси мәні бақылау, экономикалық даму және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру диалектикасын талдауға мүмкіндік беретін үш теориялық-әдіснамалық тәсілдің призмасы арқылы қарастырылады.

Біріншіден, теориялық негіз ретінде Франкфурт мектебінің сыни теориясы алынады. Т. Адорно мен М. Хоркхаймердің «мәдениет индустриясы» тұжырымдамасы [2] мәдени өндіріс сананы стандарттау және тәртіптік ықпал ету құралы ретінде қарастырылатын қазақстандық шынайылықты талдау үшін өзектілігін сақтап отыр [3]. Медиа кеңістік пен киноиндустрияны мемлекеттік реттеу іс жүзінде нормативтік азаматтық бірегейлікті қалыптастыру және саяси адалдықты қамтамасыз ету тетіктерін қамтамасыз ете отырып, бәсекелестік шектеулі жағдайда қоғамды басқаруды жеңілдетеді. [2; 4; 5].

Екіншіден, мәдениеттің экономикалық утилитарлық парадигмасына көшуі Р. Флориданың «креативті тап» теориясы арқылы талданады [6]. Алайда отандық интерпретацияда бұл тұжырымдама айқын технократиялық сипатқа ие. «Білім экономикасы» риторикасын қолдану технопарктер мен акселераторлар сияқты инфрақұрылымның қалыптасуына алып келді. Сонымен бірге бұл Флорида триадасының негізгі элементі саналатын толеранттылық пен азаматтық ортаның ашықтығын маргиналдандыруға алып келді. Нәтижесінде экономикалық креативтілікті ынталандыру белгілі бір дәрежеде шығармашылық акторлардың саяси субъектілігін құрылымдық тұрғыдан шектеумен ұштасатын «авторитарлық жаңғырту» феномені қалыптасты.

Үшіншіден, сыртқы саяси өлшем Дж. Найдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасы призмасы арқылы ашылады [7]. Еуразия кеңістігіндегі күрделі геосаяси жағдайда ұлттық контентті (кино, музыка, дизайн) дамыту имидждік жоба ғана емес, елдің символдық егемендігін нығайтудың құралына айналуға. Креативті индустриялар сананы деколонизациялау тетігі ретінде жұмыс істеп, сыртқы идеологиялық ықпалға бейімділікті төмендетеді әрі Қазақстанның өзін шикізатқа тәуелді аймақ деген түсініктен алыстап, өзіндік болмысы бар инновациялық субъект ретінде танытуына мүмкіндік береді.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: «креативті индустрия» ұғымына берілген анықтамаларды жүйелеу, шығармашылық кәсіптердегі өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуі мен мемлекеттік инвестициялар көлемі

арасындағы тәуелділікті корреляциялық талдау, сондай-ақ креативті сектордың әлеуметтік тұрақтылыққа ықпалын сапалық тұрғыдан интерпретациялау.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы креативті индустрияларды институцияландыру: реформалар архитектурасы

Қазақстандағы креативті индустрияларды институцияландыру үдерісі басқарушылық мақсаттылықтың жоғары деңгейімен және мемлекеттік қатысудың ілгерілемелі кеңеюімен сипатталады.

Секторды нормативтік тұрғыдан шоғырландыру 2021–2025 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекітуден басталып, онда ұғымдық аппарат пен өсу индикаторлары айқындалды. Жүйелеудің негізгі кезеңі 2025 жылдың қарашасында креативті индустрия субъектілерінің Бірыңғай реестрін енгізу болды. Бұл құрал екі түрлі функция атқарады: бір жағынан, преференцияларды әкімшілендірудің ашықтығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, бұрын формалданбаған секторды стратегиялық мониторинг пен фискалдық бақылау объектісіне айналдырады.

Институционалдық өзгерістерге ықпал ететін негізгі фактор Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың саяси ерік-жігері болып табылады. Оның риторикасында 2019–2021 жылдар аралығындағы IT-секторға басымдық беруден 2024–2025 жылдары «Әділетті Қазақстан» идеологемасының құрамдас бөлігі ретіндегі креативті экономиканы кешенді түрде түсінуге қарай алға жылжу айқын байқалады. Қазіргі кезеңде шығармашылық индустриялар жастарды радикалдандырудың алдын алу құралы, әлеуметтік лифт әрі қылмыстанудың баламасы ретінде қарастырылуда.

Тақырыптың ішкіэкономикалық та, сыртқы саяси да маңызы бар. Ішкі саясат аясында Мемлекет басшысы креативті секторды инклюзивті экономиканың негізі әрі урбанизацияның дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастырады [12]. Сыртқы саясатта креативті сектор «жұмсақ күш» пен мәдени дипломатияның құралы ретінде бағаланады.

2025 жылы мәлім етілген ТМД елдерінің креативті индустриялары қауымдастығын құру жөніндегі Президенттің бастамасы Қазақстанның өңірлік көшбасшылығын нығайтып, мәдени капиталды геосаяси ықпалға айналдыруға деген ұмтылысын көрсетеді [13].

Саланың инфрақұрылымдық қаңқасы құқықтық және салықтық режимдердің өзара әрекет етуіне негізделеді. Ағылшын құқығының нормаларын қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы зияткерлік меншікті қорғауды және жаңа қаржылық құралдарды (краудфандинг, токенизация) енгізуді қамтамасыз етеді. 2024 жылға қарай АХҚО-да 324 компания тіркелген.

Өз кезегінде корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығынан босату түріндегі салықтық жеңілдіктерді креативті индустриялардың кең ауқымына ұсыну жөніндегі табысты тәжірибеге негізделген Astana Hub экожүйесі инновациялық белсенділікті ынталандыру мен бизнесті заңдастырудың тиімді құралына айналды.

Саяси басымдықтардың көрінісі ретіндегі экономикалық динамика
2023–2024 жылдар аралығындағы статистикалық деректер креативті индустриялардың экономиканың базалық салаларымен салыстырғанда жоғары өсім қарқынын көрсетіп отырғанын айғақтайды. Алайда олардың жалпы ішкі өнімге қосатын үлесі әлі де шектеулі болып қалып отыр, бұл өз кезегінде сектордың құрылымдық тұрғыдан толық жетілмегенін және креативті бизнестің кеңеюіне кедергі келтіретін институционалдық тосқауылдардың бар екенін аңғартады.

1-кесте. Қазақстан Республикасындағы креативті индустриялардың дамуының негізгі көрсеткіштері (2023–2024 жж.)

Көрсеткіш	Мәні (2023/2024)	Динамика / Ескертпе
Жалпы қосылған құн (ЖҚҚ)	1,2 трлн тг (2023) / 498,7 млрд тг (2024 жылдың 1-жартысы)	2017 жылдан бері атаулы мәнде 3,2 есе өсім
ЖІӨ-дегі үлесі	~1%	Тұрақты түрде төмен деңгейде (2025 жылға қарай қойылған мақсат – 5%)
Бизнес субъектілерінің саны	41 800 бірлік (2024)	Салықтық жеңілдіктер енгізілгеннен кейін 15%-ға өсім
Жұмыспен қамту	141 500 адам (2024)	2019 жылғы 106,7 мыңнан бастап өскен
Субъектілер құрылымы	70% – ЖК, 30% – ЗТ	Микробизнестің басым болуы

Дереккөз: [14; 15; 16] деректері негізінде авторлар құрастырған.

Оң динамикаға қарамастан, жалпы қосылған құнның құрылымы сектордың өз ішінде елеулі теңгерімсіздіктің бар екенін көрсетеді, бұл саяси тұрғыдан маңызды салдарға әкеп соғуы мүмкін.

2-кесте. Креативті экономиканың құрылымдық теңгерімсіздігі (жалпы қосылған құн бойынша, 2023 ж.)

Сектор	ЖҚҚ (млрд теңге)	Үлесі	Саяси интерпретация
IT және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу	459,0	38%	Технократиялық басымдық, жаңғыртуды қолдау
Сәулет және сән индустриясы	286,0	24%	Урбанизация және ұлттың визуалдық коды
Мәдени мекемелер	132,0	11%	Мемлекеттік тапсырыс пен дотацияларға негізделген дәстүрлі сала

Кино	23,0	~2%	Идеологиялық құрал, бірақ бизнес ретінде әлсіз
Музыка	1,7	<0,2%	Әлеуметтік маңызы жоғары, алайда капиталдануы төмен

Дереккөз: [14; 15; 16] деректері негізінде авторлар құрастырған.

Кестеде айтарлықтай асимметрия байқалады. Атап айтқанда, бүкіл «креативті экономиканың» шамамен 40%-ы IT-сектордың үлесіне тиесілі. Бұл креативті индустриялар қарқынды дамып жатқандай әсер қалыптастырғанымен, іс жүзінде әңгіме технологиялық дамудың жалпы стратегиясы аясындағы цифрландыруды қолдау жөнінде болып отыр.

Саяси тұрғыдан алғанда, мұндай теңгерімсіздік қолайлы болып көрінеді. IT-өндіріс құндылықтық емес, технологиялық өнім қалыптастырады, сондықтан мәдени мәндер қақтығысы туындауы мүмкін аймақтан тыс қалады. Бұл мемлекетке саланың әсерлі экономикалық көрсеткіштерін көрсетуге мүмкіндік беріп, сонымен бірге қоғамдық резонансы алдын ала болжанбайтын көркем шығармашылықты қолдау сияқты күрделі салаға терең араласпауға жағдай жасайды.

2-кестеде көрсетілген деректер креативті экономиканың технократиялық сипатын айқындайды: IT-сектордың үлесі 38%-ды құраса, идеологиялық тұрғыда маңызды саналатын кино және музыка салалары 2%-дан аспайды. Бұл мемлекет тарапынан «технологиялық креативтілікке» басымдық берілетінін аңғартады. Мұндай бағыт инновациялық имидж қалыптастырғанмен, мәдениет кеңістігінде бақылаудан тыс мағыналық нарративтердің пайда болу қаупін барынша шектейді.

2025 жылы жасалған «Креативті индустрия субъектілерінің бірыңғай тізілімін» тек фискалдық шара ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оны институционалдық кооптация тетігі деп бағалау орынды. Бұл құрал жастардың бейресми белсенділігін құқықтық тұрғыдан реттелетін, бақылауға алынған алаңға көшіруге мүмкіндік береді.

Керісінше, мәдени мағыналарды қалыптастырып, сыни рефлексия әлеуетін дамытатын салалар (кино, музыка, әдебиет) экономикалық тұрғыдан шеткері қалып, институционалдық жағынан мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді болып отыр. Мұндай тәуелділік олардың цензуралық шектеулерге ұшырау қаупін күшейтіп, тәуелсіз мәдени ортаның қалыптасуы мен дамуын тежейді.

Заңдастыру мен салықтық ынталандырудың әсері. 2024 жылы арнайы бөлшек салықтың енгізілуі жаппай «көлеңкеден шығуға» алып келді [15]. Алайда бұл үдерісті тек фискалдық шара ретінде ғана емес, кооптация тетігі ретінде де қарастырған жөн. Жастардың тұрақсыз жұмыспен қамтылу нысандарын формалдандыру әлеуметтік топтарды құқықтық жүйеге кіріктіріп, әлеуетті түрде қақтығыс тудыруы мүмкін бейресми белсенділікті басқарылатын институционалдық тетіктермен алмастыруға мүмкіндік береді.

Саяси өлшем: креативтілік билік пен оппозицияның ресурсы ретінде

Президент Қ.К. Тоқаев ұсынған «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы мемлекеттің рөлін, азаматтық қатысуды және ұжымдық бірегейлікті қайта пайымдауды көздеді. Креативті индустриялар жаңа символдық ұлттық ландшафты қалыптастырудың, жаңару идеясын визуалдаудың және болашақтың позитивті бейнесін құрастырудың маңызды құралдарының біріне айналды. Мемлекет жаңа саяси шынайылықтың визуалдық символдарын жасау үшін суретшілерді, дизайнерлерді, урбанистерді, видеоблогерлерді және шығармашылық ортаның өзге де өкілдерін белсенді түрде тартып отыр. Қоғамдық кеңістіктердегі муралдар, қалалық алаңдардың редизайны, сондай-ақ жастар аудиториясына бағытталған әлеуметтік желілердегі видеоконтент мультимодальды коммуникациялық ортаны қалыптастырып, оның көмегімен билік эмоциялық тұрғыдан тартымды нарратив құруға ұмтылады. «Әсерлер экономикасының» құралдарын пайдалану кәсібилік, патриотизм, әлеуметтік жауапкершілік пен заңға бағыну сияқты құндылықтарды жастарға жақын әрі түсінікті формада жеткізуге мүмкіндік береді.

Алайда сыншылар символдық имитация қаупіне назар аударады. Өзін-өзі білдіру еркіндігінің нақты кеңістігін кеңейтпей-ақ, креативті хабтар, форумдар мен фестивальдер сияқты инфрақұрылымдық нысандарды құру қоғамның ең белсенді әрі білімді топтарының жатсынуына әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе «Жаңа Адамдар» [10] үлгісіндегі жастар қозғалыстарын «жоғарыдан» туындаған бастамалардан айқын байқалады. Қоғамның бір бөлігі үшін мұндай қозғалыстар әлеуметтік лифт қызметін атқарса, енді бір бөлігі үшін олар креативті жастарды азаматтық белсенділіктің бақылаудағы арналарына кіріктіруге бағытталған саяси кооптация құралы ретінде қабылданады.

Креативті таптың саяси субъектілігі. Қазақстандағы креативті таптың саяси субъектілігі мәселесі өзекті болып табылады және, сөзсіз, одан әрі терең зерттеуді талап етеді. Зерттеулер қалалық креативті жастардың гибридіті әлеуметтік топты құрайтынын көрсетеді: бір жағынан, олар мобильділікке, тұтынуға және цифрлық сервистерге негізделген жаһанданған неолибералды экономикаға кіріктірілген, ал екінші жағынан, саяси қатысудың шектеулілігі мен кең таралған сыбайлас жемқорлық салдарынан фрустрацияға ұшырайды [17]. Осы қайшылық азаматтық белсенділіктің өзіндік, ерекше формаларының қалыптасуына алып келеді.

Креативті таптың саяси энергиясы көбіне партиялық қатысу немесе протестік қозғалыстар сияқты дәстүрлі формаларда емес, мәдени өзін-өзі білдіру кеңістігінде көрініс табады. Оған тәуелсіз кино, стрит-арт, ирониялық мемдер және әлеуметтік медиа-кампаниялар жатады. Бұл формаларды «күнделікті қарсылық» тұжырымдамасы аясында түсіндіруге болады, яғни саяси мазмұн символдық, эстетикалық немесе ирониялық формалар арқылы білдіріледі.

Алайда 2022 жылғы қаңтар оқиғасы бұл топтың дағдарыс кезеңдерінде тез саясиленуі мүмкін екенін көрсетті. Бұл жағдай мемлекет үшін құрылымдық дилемма туындатады: бір жағынан, креативті тап инновациялар мен кәсіпкерлік белсенділіктің қозғаушы күші болып саналса, екінші жағынан, ол протестік көңіл-күйдің әлеуетіне де ие.

Біліктің негізгі стратегиясы креативті қауымдастықтардың энергиясын саяси кеңістіктен экономикалық салаға қайта бағыттауға ұмтылудан тұрады. Бұл мақсатта стартап-экожүйелер, гранттық бағдарламалар мен акселераторлар қолданылады. Мұндай тәсіл жастардың саяси мобилизациясы қаупін барынша төмендетуге және инновацияларды саясатсыздандыруға мүмкіндік береді.

Геосаяси аспект: креативті егемендік. Өртүрлі сыртқы нарративтер (мысалы, ресейлік, қытайлық және батыстық) арасындағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында ұлттық мәдени мазмұнды дамыту ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде алға шығады. «Жұмсақ күш» саласындағы зерттеулерге сәйкес, Қазақстан көршілес державалардың ықпалын теңгеруге және елдің символдық егемендігінің орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзіндік мәдени дискурс қалыптастыруға ұмтылуда [18].

Креативті егемендікті қалыптастырудың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

а) Кино экспорты. Отандық киноның Венеция мен Канн сияқты халықаралық фестивальдердегі жетістіктері дамыған мәдени орта мен жоғары зияткерлік әлеуетке ие ел бейнесін қалыптастырады. Ұлттық фильмдер өндірісі көрсеткіші бойынша Қазақстанның Жаһандық инновациялар индексіне (ГИИ-2024) 60-орыннан 31-орынға дейін күрт көтерілуі әлемдік қауымдастықтың ұлттық кинематографияға деген қызығушылығының артқанын әрі саланың бәсекеге қабілеттілігінің нығайғанын көрсетеді [15].

б) Q-Pop (Qazaq-Pop) музыкалық индустриясы. Q-Pop феномені K-Pop (Korean-Pop) сияқты жаһандық мәдени форманы жергілікті контекстке сәтті бейімдеу үлгісін көрсетеді. Қазақ тілін және дәстүрлі музыкалық элементтерді кіріктіру нәтижесінде ел ішінде орыс тілді жастар арасында да, халықаралық нарықтарда да ұлттық мәдениетті кеңінен танымал етуге ықпал ететін бірегей өнім қалыптасты. Q-Pop тек музыкалық жанр ғана емес, сонымен қатар мәдени өзіндік сананы қалыптастыру құралы ретінде әрекет етіп, Қазақстанның әлемдік мәдени индустриядағы позициясын нығайтады.

Нәтижесінде креативті индустриялар жұмсақ мәдени дипломатияның құралына және символдық егемендікті нығайтудың тәсіліне айналып, геосаяси тұрақсыздық жағдайында Қазақстанның өзін мәдени өмірдің дербес әрі толыққанды қатысушысы ретінде танытуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік даму және инклюзия: экономикалық логика шеңберінен шығу

Тек таза экономикалық пайымдаулар шеңберінен шыға отырып, креативті индустриялар қоғамдағы терең құрылымдық өзгерістердің катализаторына айналады.

Біріншіден, бұл сектор әйелдерді еңбек қызметіне тартуға ықпал ететін баламалы жұмыспен қамту моделін қалыптастырады. Ерлер басымдыққа ие дәстүрлі шикізаттық және индустриялық салалардан айырмашылығы, креативті индустриялар икемді жұмыспен қамту нысандары мен кіру шегінің төмендігі арқылы әйелдерге өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады. БҰҰ Даму бағдарламасының деректеріне сәйкес, бұл үрдіс әйелдердің табысын арттырумен қатар, тіпті консервативті өңірлердің өзінде гендерлік рөлдерді қайта қарастыруға ықпал етіп, патриархалдық ұстанымдардың біртіндеп әлсіреуіне әкеледі [19].

Екіншіден, креативті индустриялар жастар белсенділігіне ықпал ету мен оны реттеудің тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Жұмыспен қамтудың жасырын прекаризациясы жағдайында шығармашылық сектор институционалдық және қаржылық кедергілердің төмендігі есебінен жастарды экономикалық үдерістерге жедел кіріктіруді қамтамасыз ететін «әлеуметтік амортизатор» қызметін атқарады [20]. Саяси тұрғыдан алғанда, мәдениеттің радикалсыздандыру функциясы айрықша маңызға ие. Музыка, киберспорт және өзге де шығармашылық практикаларды институцияландыру девиантты мінез-құлықтың алдын алу тетігі ретінде жұмыс істеп, потенциалды протестік энергияны конструктивті арнаға бағыттайды.

Үшіншіден, креативті индустриялардың дамуы хабтар мен арт-кеңістіктер сияқты «үшінші орындарды» қалыптастыру арқылы қалалық ортаның сапалық трансформациясына ықпал етеді. Алматы қаласының кейсі инклюзивті аймақтардың пайда болуы білім алмасуға және бейресми қарым-қатынасқа бағдарланған қауымдастықтардың қалыптасуына қалай әсер ететінін айқын көрсетеді [21]. Эмпирикалық деректер мәдени инфрақұрылымның кеңеюі мен қоғамдық қауіпсіздіктің артуы, қақтығыстар деңгейінің төмендеуі және әлеуметтік оптимизмнің нығаюы арасындағы тікелей корреляцияны растайды [21]. Бұл урбанистикалық жобаларды әлеуметтік саясаттың тиімді құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Өңірлік асимметрия: орталық пен шеткері аймақтар

Қазақстандағы креативті индустриялардың дамуы үшін негізгі сын-қатерлердің бірі – айқын көрінетін аумақтық диспропорция. Креативті бизнес субъектілерінің жартысынан астамы және заңды тұлғалардың үштен екісі Астана мен Алматы қалаларында шоғырланған, бұл дамудың өзіндік моделін қалыптастырады [14; 15].

Алматы жеке шығармашылық капиталды, тәуелсіз суретшілерді, музыкалық және дизайнерлік қауымдастықтарды, сондай-ақ зияткерлік элитаның елеулі бөлігін шоғырландырған тарихи әрі мәдени орталық болып саналады. Қала креативтілік табиғи түрде көрініс табатын кеңістік ретіндегі мәртебесін сақтап отыр: бұл қауымдастықтардың спонтанды

қалыптасуы, көркем бастамалар әрі серпінді қалалық мәдениет арқылы айқындалады.

Ал Астана болса креативті экономиканың институционалдық полюсін қалыптастырады. Ел астанасында мемлекеттік ресурстар, ұлттық жобалар және мәдени бағдарламаларды продюсерлеудің әкімшілік тетіктері шоғырланған. Осыған байланысты мәдени және ақпараттық кеңістіктің шамадан тыс шоғырлануы мемлекеттің екіжақты құрылымын көрсетеді: бір жағынан, спонтанды шығармашылық дамыса, екінші жағынан, мемлекеттік мүдделерге бағдарланған мәдени өндіріс қатар өрбиді, алайда олардың даму қарқыны мен мүмкіндіктері біркелкі емес.

Өңірлер үшін тәуекелдер. Екі ірі қаланың үстемдігі жағдайында өңірлердің рөлі функционалдық тұрғыдан екінші кезекте қалып отыр. Облыстардың басым бөлігінде креативті экономиканың инфрақұрылымы жекелеген бастамалармен ғана шектеледі, бұл білікті кадрлардың тапшылығымен және мәдени өнімдерге деген тұрақты сұраныстың болмауымен байланысты. Мұндай ахуал талантты жастардың көші-қонына алып келіп, өңірлердің әлеуметтік және мәдени әлеуетіне теріс әсер етеді әрі демографиялық теңгерімсіздікті тереңдете түседі. Халықтың заманауи мәдени практикаларға қолжетімділігінің шектеулі болуы әлеуметтік мінез-құлықтың дәстүрлі, динамикасы төмендеу формаларының қайта жаңғыруына ықпал етіп, мәдени тұтыну мен азаматтық белсенділіктің жаңа модельдерінің қалыптасуын қиындатады. Өңірлік перифериялану экономикалық факторлармен де айқындалады. Ірі қалалар мен өнеркәсіптік өңірлер арасындағы табыс деңгейі, қалалық ортаның сапасы және көрсетілетін қызметтердің деңгейі бойынша алшақтық халық арасында теңсіздік сезімін күшейтіп, бұл әлеуметтік фрустрация мен наразылықтың туындауына әкелуі мүмкін.

Орталықсыздандыруға бағытталған талпыныстар. Қазіргі уақытта бар теңгерімсіздіктерді жете түсіну үшін мемлекет халықаралық ұйымдармен бірлесіп өңірлік әлеуетті теңестіруге бағытталған шараларды қолға алуда. Мәселен, БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жүзеге асырылып жатқан креативті индустрияларды дамытуға арналған пилоттық бағдарламалар шеңберінде жергілікті қауымдастықтардағы креативті қызметті нығайтуға және өңірлердің ірі қалаларға тәуелділігін азайтуға арналған институционалдық негіздер қалыптастырылуда [19; 9]. 2024 жылы күшіне енген заңнамалық өзгерістер жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін кеңейтіп, оларға мәдениет саласындағы кәсіпкерлікті және цифрлық шығармашылық индустрияларды қолдауға арналған құралдар ұсынды.

Алайда бұл бастамалардың тиімділігі өңірлік билік органдарының біржолғы іс-шаралар мен акциялар өткізуден инфрақұрылымды дамыту, жергілікті қауымдастықтарды қалыптастыру және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруды қамтитын орнықты экожүйе құруға көшу қабілетіне тікелей байланысты болады. Кері жағдайда

орталықсыздандыруға бағытталған бастамалар тиімсіз болып, өңірлік диспропорция жаңа формаларда сақталуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Даму проблемалары мен кедергілері: сыни көзқарас

Жалпы алғанда, креативті экономиканың дамуында оң динамика мен мемлекет тарапынан қызығушылықтың артуына қарамастан, сала сапалық зерттеулердің нәтижелерімен расталатын бірқатар жүйелі сын-қатерлерге тап болып отыр.

Бір қарағанда, креативті индустриялардың дамуы айқын басымдықтарға сүйенетіндей көрінеді: Президент тарапынан көрсетілетін саяси қолдау, салықтық ынталандыру шаралары, Astana Hub сияқты қолайлы режимдердің болуы, сондай-ақ жастардың басым үлесін құрайтын демографиялық ресурс орнықты саланы қалыптастыруға алғышарттар жасайды. Күшті тұстардың қатарына Қазақстанның цифрландыру саласындағы жоғары позицияларын да жатқызуға болады, соның арқасында IT-сектор өсімнің негізгі қозғаушы күшіне әрі креативті экономиканың тірегіне айналды.

3-кесте. Саяси-әлеуметтік контекстегі креативті индустриялардың дамуын көрсететін SWOT-талдау

Категориясы	Факторлар
Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> • Президенттің саяси ерік-жігері. • Салықтық преференциялар (бөлшек салық, Astana Hub режимі). • Демографиялық дивиденд (жастардың үлесі). • IT және цифрландыру саласындағы мықты позициялар.
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> • Білікті кадрлардың тапшылығы және бәсекеге қабілетсіз білім беру жүйесі. • Зияткерлік меншікті қорғаудың әлсіздігі. • Технологиялар мен жабдықтар импортына тәуелділік. • Алматы мен Астанада шамадан тыс шоғырлану.
Мүмкіндіктер	<ul style="list-style-type: none"> • Мәдени кодты экспорттау (туризм, кино, музыка). • Жаңа азаматтық бірегейлікті қалыптастыру. • Экономиканы әртараптандыру. • Өңірлік брендтерді дамыту.
Қатерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Цензура және өзін-өзі ценсуралау. • «Ми ағымы» (кадрлардың шетелге кетуі). • Қызметті имитациялау (мәнсіз хабтардың құрылуы). • Креативті индустрияларды тек үгіт-насихат құралы ретінде пайдалану қаупі.

Дереккөз: деректердің SWOT-талдауы негізінде авторлар құрастырған.

Негізгі саяси тәуекел шығармашылық еркіндікке, яғни өзін-өзі білдіруге негізделген үдеріс пен мағыналар өндіруді бақылауға бағытталған бюрократиялық басқару тетіктері арасындағы фундаменталды қайшылықтан туындайды.

Мемлекеттің тек лоялды шығармашылық өкілдерін қолдауға біржақты бағыт алуы мәдени салада стагнацияға, бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне және тәуелсіз өнердің біртіндеп шеткері аймаққа ығыстырылуына алып келуі мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада бұл шығармашылық кәсіпқой мамандардың едәуір бөлігінің астыртын іс-әрекет етуге немесе шетелге көшіп кетуіне әкеп соғып, елдің зияткерлік және мәдени әлеуетін әлсіретеді.

Сонымен қатар зерттеу барысында алынған деректер 2024 жылы қызметтің 43 түрін заңнамалық тұрғыдан бекіту арқылы жүзеге асқан креативті секторды институцияландыру саланың экономикалық тұрғыдан заңдастырылуындағы шешуші факторға айналғаны жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Арнайы салықтық режимді енгізу 41 800 кәсіпкерлік субъектісінің қызметін көлеңкелі айналымнан шығаруға мүмкіндік береді.

Алайда құрылымдық талдау саланың дамуы негізінен технологиялық сегменттерде шоғырланып отырғанын көрсетті: IT-қызметтердің үлесі 38%-ды, ал сәулет-дизайн бағыты 15%-ды құрайды. Бұл ретте киноиндустрия мен қолөнердің үлесі 3%-дан да төмен деңгейде қалып отыр. Аталған деректер саланың дамуы мәдени емес, көбіне технократиялық вектор бойынша жүзеге асып жатқанын аңғартады. Теңгерімді өсімге кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі – географиялық диспропорция, ол сектор кірістерінің 60%-дан астамының Алматы қаласында шоғырлануынан байқалады. Сонымен қатар Шымкент пен Қарағанды қалаларында өңірлік хабтарды қалыптастыру инфрақұрылымды бастапқы деңгейде дамыту кезеңінде ғана тұр.

Саяси-әлеуметтік жағынан алғанда, креативті индустриялардың дамуы билік тарапынан сапалық тұрғыдан жаңа адами капиталды қалыптастыру құралы ретінде түсіндіріледі. Өзін-өзі жүзеге асыруға бағыт алған урбандалған тапқа басымдық беру мемлекетке НЕЕТ санатындағы жастарды экономикалық үдерістерге кіріктіру арқылы әлеуметтік шиеленістің өсу тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Эмпирикалық деректер креативті сектордың «жұмсақ күштің» тиімді құралы ретіндегі рөлін айғақтайды. Қазақстандық контентті жаһандық стримингтік платформалар мен музыкалық нарықтарда кеңейту елдің халықаралық деңгейдегі ребрендингін дәстүрлі дипломатия тәсілдеріне қарағанда анағұрлым нәтижелі қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында инновацияларды дамыту үшін қажетті шығармашылық еркіндік пен мемлекеттік қаржыландырудың қатаң шеңберлері арасындағы іргелі қайшылық анықталды. Реттеуші органның идеологиялық мазмұны алдын ала болжанатын жобаларды қолдауға бағдарлануы ұзақ мерзімді перспективада стагнацияға және контенттің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Соған қарамастан, зерттеу нәтижелері теориялық тұрғыдан маңызды әрі креативті индустриялардың рөліне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Креативтілікті сервистік экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырған алдыңғы тәсілдерден айырмашылығы, бұл зерттеу

оның «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы аясында саяси жаңғыртудың қозғаушы күші және жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың құралы ретіндегі рөлін дәлелдейді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстандағы креативті индустриялардың тек экономикалық сектор ретінде ғана емес, сонымен қатар шикізаттық тәуелділіктен кейінгі мемлекетті трансформациялау мен жаңғыртуға бағытталған кең ауқымды күн тәртібінің құрамдас бөлігі саналатын маңызды саяси-идеологиялық жоба ретінде дамып отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік институттар ұлттық имиджді өзгерту, жастарды әлеуметтік белсенділіктің бақылаудағы нысандарына тарту және экономикалық тұрғыдан дербес, бірақ саяси тұрғыдан лоялды азаматтарды қалыптастыру мақсатында қоғамның креативті әлеуетін барған сайын белсендірек пайдалануда. Шикізаттық модельден креативті модельге көшу «Әділетті Қазақстан» идеологиясының құрамдас бөлігі ретінде қолдау табуда.

Экономикалық ахуал қазіргі кездегі нәтижелердің күрделілігін көрсетеді. Креативті кәсіпкерлік субъектілерінің санының едәуір өсуіне және жалпы қосылған құнның артуына қарамастан, саланың жалпы ішкі өнімге қосатын үлесі шамамен бір пайыз деңгейінде қалып отыр, бұл жоспарланған көрсеткіштерден айтарлықтай төмен.

IT-сектордың үлесінің басым болуы саланың қарқынды дамып жатқандай әсер қалдырғанымен, кино, музыка, өнер сияқты мәдени контент өндірумен байланысты бағыттардың жеткіліксіз қолдауын бүркемелейді. Мұндай теңгерімсіздіктің болуы мәдени өндірістің түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін ескеретін, неғұрлым ойластырылған салалық саясатты қалыптастыру қажеттігін айқын көрсетеді.

Креативті экономиканың дамуы түрткі болған әлеуметтік өзгерістер адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің кеңеюінен, мансаптық өсудің жаңа перспективаларының пайда болуынан және әсіресе ірі шаһарларда қалалық ортаның трансформациясынан көрініс табады. Алайда бұл үдерістер мәдени ресурстарға қолжетімділіктегі теңсіздікті де күшейтеді. Даму негізінен Астана мен Алматы қалаларында шоғырланған, ал өңірлік орталықтар инфрақұрылымның жеткіліксіздігіне, білікті мамандар тапшылығына және инвестициялық мүмкіндіктердің шектеулілігіне тап болып отыр. Соның нәтижесінде мәдени және экономикалық артықшылықтар біркелкі бөлінбей, әлеуметтік стратификацияның күшеюіне әкеліп, өңірлік саясат үшін жаңа сын-қатерлерді туындатады.

Негізгі мәселе креативті индустриялардың дамуы қатаң институционалдық жүйе аясында жүзеге асырылып отырғанымен байланысты. Бұл саланың одан әрі табысты дамуы мемлекеттің директивті реттеу моделінен шығармашылық қауымдастықтарға кеңірек автономия мен өзін-өзі еркін білдіруге нақты мүмкіндік беретін ынтымақтастық үлгісіне көше алу қабілетіне тәуелді.

Институционалдық либерализация жүзеге аспай, зияткерлік меншікті қорғау күшейтілмей, мәдениет саласындағы тәуелсіз білім беру дамымай және шығармашылық белсенділікті бағалауда сандық көрсеткіштерден сапалық өлшемдерге басымдық берілмейінше, креативті экономика терең құрылымдық өзгерістермен бекітілмеген мемлекеттік саясаттың тек декоративті элементі болып қалу қаупіне ие.

Демек, мемлекет мәдени контенттің негізгі өндірушісі болып табылатын модельден бас тартып, серіктестік өзара іс-қимыл үлгісіне көшкен жағдайда ғана саланың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оның әлеуметтік әлеуетін ашып, шығармашылық индустрияларды саяси әрі қоғамдық дамудың маңызды факторына айналдыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2022. – 26 қараша. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659> (қаралған күні: 04.12.2025).
2. Адорно Т. В., Хоркхаймер М. Диалектика просвещения [Мәтін] / пер. с нем. М. Кузнецовой. – М.: АСТ, 2020. – 320 с.
3. Adorno T. W., Horkheimer M. The Culture Industry: Enlightenment as Mass Deception [Text] // *Dialectic of Enlightenment*. – Stanford: Stanford University Press, 2002. – P. 94–136.
4. Çelik H. Theodor Adorno and Horkheimer's Critique of Culture Industry: Modernity, Enlightenment and Mass Deception [Text] // *Journal of Humanities and Social Research*. – 2018. – No. 37. – P. 45–58.
5. Kaur M. Adorno's Critical Theory of Cultural Industry and Its Enlightenment [Text] // *International Journal of Creative Research Thoughts*. – 2023. – Vol. 11, No. 8. – P. 235–242.
6. Florida R. *The Rise of the Creative Class: And How It's Transforming Work, Leisure, Community and Everyday Life* [Text]. – New York: Basic Books, 2003. – 434 p.
7. Nye J. S. Power and foreign policy [Text] // *Journal of Political Power*. – 2011. – Vol. 4. – P. 9–24.
8. Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 860 қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – 2021. – 13 желтоқсан. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000860> (қаралған күні: 04.12.2025).
9. Единый реестр субъектов креативных индустрий сформируют в Казахстане [Электрондық ресурс] // *Kazinform*. – 2025. – 12 қараша. – URL: <https://www.inform.kz/ru/ediniy-reestr-subektov-kreativnih-industriy-sformiruyut-v-kazakhstan-5584ae> (қаралған күні: 04.12.2025).
10. Haidar A. Youth Will Shape Kazakhstan Into Global Leader, Says President Tokayev [Electronic resource] // *The Astana Times*. – 2025. – 08 Feb. – URL: <https://astanatimes.com/2025/02/youth-will-shape-kazakhstan-into-a-global-leader-says-president-tokayev/> (қаралған күні: 18.12.2025).
11. President Tokayev Outlines Vision for Kazakhstan's Future in Annual Address [Electronic resource] // *GOV.KZ*. – 2025. – 16 қыркүйек. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-stockholm/press/news/details/838091> (қаралған күні: 04.12.2025).
12. Тоқаев Қ. К. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары [Электрондық ресурс]: Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2023. – 1 қыркүйек. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakistan-halkyna-zholdauy-18333> (қаралған күні: 05.12.2025).
13. Токтар Б. Токаев предложил СНГ создать Ассоциацию креативных индустрий [Электрондық ресурс] // *Forbes.kz*. – 2025. – 10 қазан. – URL: <https://forbes.kz/articles/tokaev-predlozhit-sng-sozdat-assotsiatsiyu-kreativnyh-industriy-e2746b> (қаралған күні: 05.12.2025).
14. Креативная экономика в Казахстане выросла более чем в три раза с 2017 года [Электрондық ресурс] // *AIFC Authority*. – 2025. – 27 қаңтар. – URL: <https://aifc.kz/news/creative-economy-in-kazakhstan-grows-over-threelfold-since-2017-aifc-review-on-creative-industry-prospects/> (қаралған күні: 04.12.2025).

15. Елімізде креативті индустрия субъектілері мен осы салада жұмыс істейтіндер саны 15%-ға артты [Электрондық ресурс] // ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – 2025. – 18 наурыз. – URL: <https://primeminister.kz/news/elimizde-kreativti-industriya-subektileri-men-osy-salada-zhumys-isteytinder-sany-15-ga-artty-29819> (қаралған күні: 04.12.2025).
16. Аргынбеков М., Зейгельгабдин А. Вопросы развития креативной экономики в Республике Казахстан [Мәтін] // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. – 2024. – № 4 (91). – Б. 86–101.
17. Isaacs R. The political economy of hipsters in Kazakhstan: mobilization, hybridity and class [Text] // Globalizations. – 2023. – Published online: 31 May 2023. – DOI: 10.1080/14747731.2023.2216121.
18. Superpowers and regional powers' soft power in Kazakhstan [Text] / S. Yessirkep [et al.] // Frontiers in Political Science. – 2025. – Vol. 7. – Art. 1544208.
19. The power of creative industries in Kazakhstan: a path to sustainable development [Electronic resource] // UNDP Kazakhstan. – 2025. – 08 Jan. – URL: <https://www.undp.org/kazakhstan/blog/power-creative-industries-kazakhstan-path-sustainable-development> (қаралған күні: 04.12.2025).
20. Abuova N. How Kazakhstan's creative public spaces reshape community cultural life [Electronic resource] // The Astana Times. – 2025. – 05 Aug. – URL: <https://astanatimes.com/2025/08/how-kazakhstans-creative-public-spaces-reshape-community-cultural-life/> (қаралған күні: 04.12.2025).
21. Smart Sustainable City Profile: Almaty [Text]. – Geneva: United Nations, 2023. – 71 p.

REFERENCES:

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayevtyн ulyktau rasiminde soylegen sozi [Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the inauguration ceremony] (2022). Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokayevtyн-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659> (accessed: 04.12.2025). (In Kazakh)
2. Adorno T. V., Horkheimer M. (2020) Dialektika prosveshcheniya [Dialectic of Enlightenment]. Trans. from Germ. by M. Kuznetsova. Moscow: AST. (In Russian)
3. Adorno T. W., Horkheimer M. (2002) The Culture Industry: Enlightenment as Mass Deception. Dialectic of Enlightenment. Stanford: Stanford University Press, pp. 94–136. (In English)
4. Çelik H. (2018) Theodor Adorno and Horkheimer's Critique of Culture Industry: Modernity, Enlightenment and Mass Deception. Journal of Humanities and Social Research, no. 37, pp. 45–58. (In English)
5. Kaur M. (2023) Adorno's Critical Theory of Cultural Industry and Its Enlightenment. International Journal of Creative Research Thoughts, vol. 11, no. 8, pp. 235–242. (In English)
6. Florida R. (2003) The Rise of the Creative Class: And How It's Transforming Work, Leisure, Community and Everyday Life. New York: Basic Books. (In English)
7. Nye J. S. (2011) Power and foreign policy. Journal of Political Power, vol. 4, pp. 9–24. (In English)
8. Kreativti industrialardy damytudyn 2021–2025 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyн bekitu turaly [On approval of the Concept for the development of creative industries for 2021–2025] (2021). Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2021 No. 860. Adilet Information and Legal System. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000860> (accessed: 04.12.2025). (In Kazakh)
9. Ediniy reestr subyektov kreativnykh industrii sformiruyut v Kazakhstane [A unified register of creative industry entities will be formed in Kazakhstan] (2025). Kazinform. Available at: <https://www.inform.kz/ru/ediniy-reestr-subektov-kreativnih-industrii-sformiruyut-v-kazahstane-5584ae> (accessed: 04.12.2025). (In Russian)
10. Haidar A. (2025) Youth Will Shape Kazakhstan Into Global Leader, Says President Tokayev. The Astana Times. Available at: <https://astanatimes.com/2025/02/youth-will-shape-kazakhstan-into-a-global-leader-says-president-tokayev/> (accessed: 18.12.2025). (In English)
11. President Tokayev Outlines Vision for Kazakhstan's Future in Annual Address (2025). GOV.KZ (Unified platform of state bodies of the Republic of Kazakhstan). Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-stockholm/press/news/details/838091> (accessed: 04.12.2025). (In English)
12. Tokayev K. K. (2023) Adiletti Kazakstannyn ekonomikalыk bagdary [Economic course of a Just Kazakhstan]. Address of the Head of State to the People of Kazakhstan. Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. Available at: <https://www.akorda.kz> (accessed: 05.12.2025). (In Kazakh)
13. Toktar B. (2025) Tokayev predlozhit SNG sozdat Assotsiatsiyu kreativnykh industrii [Tokayev suggested that the CIS create an Association of Creative Industries]. Forbes.kz. Available at: <https://forbes.kz/articles/tokayev-predlozhit-sng-sozdat-assotsiatsiyu-kreativnykh-industrii-e2746b> (accessed: 05.12.2025). (In Russian)

14. Kreativnaya ekonomika v Kazakhstane vyroslo bolee chem v tri raza s 2017 goda [Creative economy in Kazakhstan has grown more than threefold since 2017] (2025). AIFC Authority. Available at: <https://aifc.kz> (accessed: 04.12.2025). (In Russian)
15. Elimizde kreativti industriya subyektileri men osy salada zhumys isteytinder sany 15%-ga artty [The number of creative industry entities and people working in this field increased by 15% in the country] (2025). Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. Available at: <https://primeminister.kz> (accessed: 04.12.2025). (In Kazakh)
16. Argynbekov M., Zeingelgabdin A. (2024) Voprosy razvitiya kreativnoi ekonomiki v Respublike Kazakhstan [Issues of development of the creative economy in the Republic of Kazakhstan]. Memlekettik baskaru zhane memlekettik kyzmet, no. 4 (91), pp. 86–101. (In Russian)
17. Isaacs R. (2023) The political economy of hipsters in Kazakhstan: mobilization, hybridity and class. Globalizations. Published online: 31 May 2023. DOI: 10.1080/14747731.2023.2216121. (In English)
18. Yessirkep S. et al. (2025) Superpowers and regional powers' soft power in Kazakhstan. Frontiers in Political Science, vol. 7. Art. 1544208. (In English)
19. The power of creative industries in Kazakhstan: a path to sustainable development (2025). UNDP Kazakhstan. Available at: <https://www.undp.org> (accessed: 04.12.2025). (In English)
20. Abuova N. (2025) How Kazakhstan's creative public spaces reshape community cultural life. The Astana Times. Available at: <https://astanatimes.com/2025/08/how-kazakhstans-creative-public-spaces-reshape-community-cultural-life/> (accessed: 04.12.2025). (In English)
21. Smart Sustainable City Profile: Almaty (2023). Geneva: United Nations. (In English)

Асия Аккулиева¹ , Гүлхан Нұрадин² , Дина Кульбаева³ 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

PhD докторанты

e-mail: asiya1511725@gmail.com

(Алматы, Қазақстан)

² М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған
профессоры (доцент), философия ғылымдарының кандидаты

e-mail: gnuradin@mail.ru

³ М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің доценті,
философия ғылымдарының кандидаты

e-mail: kulbaeva68@bk.ru

(Тараз, Қазақстан)

ПРАКТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСИ ЭТИКА: ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰСТАНЫМДАР

Аңдатпа. Бұл мақала цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдардың өзгеруін практикалық философия мен саяси этика тұрғысынан қарастырады. Ханна Арентд, Юрген Хабермас, Мишель Фуко, Питер Слотердаик, Чарльз Тейлор, Зигмунт Бауман, Джон Серл, Евгений Морозов және Лев Манович еңбектері негізінде цифрлық қоғамдағы адам еркіндігі, жауапкершілігі, билік қатынастары және цифрлық бақылаудың этикалық аспектілері талданған. Авторлар цифрлық дәуірдегі адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың трансформациясын философиялық тұрғыдан сараптай отырып, қоғамдық пікірдің поляризациялануы, ақпараттық хаос, цифрлық паноптицизм және цифрлық нарциссизм сияқты заманауи құбылыстардың пайда болуының себептерін ашып көрсетеді. Зерттеу цифрлық этиканың қажеттілігіне баса назар аударып, қазіргі қоғамда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін адамгершілік пен демократия қағидаттарына сай үйлестірудің маңыздылығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: практикалық философия, саяси этика, цифрландыру, қоғамдық ұстанымдар, жұмсақ күш, цифрлық бақылау, этика.

Асия Аккулиева, Гүлхан Нұрадин, Дина Кульбаева ПРАКТИЧЕСКАЯ ФИЛОСОФИЯ И ПОЛИТИЧЕСКАЯ ЭТИКА: ОБЩЕСТВЕННЫЕ УСТАНОВКИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Аннотация. Статья рассматривает изменение общественных позиций в условиях цифровизации с позиций практической философии и политической этики. На основе работ Ханна Арентд, Юргена Хабермаса, Мишеля Фуко, Питера Слотердайка, Чарльза Тейлора, Зигмунта Баумана,

Джона Серла, Евгения Морозова и Льва Мановича анализируются свобода и ответственность человека, властные отношения и этические аспекты цифрового контроля в цифровом обществе. Авторы раскрывают причины возникновения таких современных феноменов, как поляризация общественного мнения, информационный хаос, цифровой паноптицизм и цифровой нарциссизм. Исследование подчеркивает необходимость цифровой этики и доказывает важность согласования возможностей цифровых технологий с принципами гуманности и демократии в современном обществе.

Ключевые слова: *практическая философия, политическая этика, цифровизация, общественные позиции, мягкая сила, цифровой контроль, этика.*

Assiya Akkuliyeva, Gulkhan Nuradin, Dina Kulbayeva **PRACTICAL PHILOSOPHY AND POLITICAL ETHICS: PUBLIC ATTITUDES IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION**

Abstract. The article examines changes in public attitudes in the context of digitalization from the perspectives of practical philosophy and political ethics. Based on the works of Hannah Arendt, Jürgen Habermas, Michel Foucault, Peter Sloterdijk, Charles Taylor, Zygmunt Bauman, John Searle, Evgeny Morozov, and Lev Manovich, the paper analyzes human freedom and responsibility, power relations, and ethical aspects of digital surveillance in digital society. The authors reveal the causes of modern phenomena such as polarization of public opinion, information chaos, digital panopticism, and digital narcissism. The research emphasizes the necessity of digital ethics and argues the importance of aligning the potential of digital technologies with the principles of humanity and democracy in contemporary society.

Keywords: *practical philosophy, political ethics, digitalization, public attitudes, soft power, digital surveillance, ethics.*

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қазіргі заманғы қоғамның құрылымын түбегейлі өзгертті. Бұл үдеріс тек экономикалық немесе техникалық өзгерістермен шектелмей, сонымен қатар қоғамдық ұстанымдарға, саяси процестерге және адамның күнделікті өміріне де терең әсер етуде. Цифрландыру феномені заманауи философиялық ойлауда ерекше мәнге ие болып отыр, әсіресе практикалық философия мен саяси этика саласында. Бұл салада адамның бостандығы, жауапкершілігі, әлеуметтік әділеттілік пен билік құрылымдары секілді мәселелер қайта ой елегінен жатыр.

Мақаланың басты мақсаты – цифрлық дәуірдегі қоғамдық ұстанымдардың трансформациясын практикалық философия мен

саяси этика тұрғысынан талдау. Осы ретте Ханна Арентттің билік пен әрекет тұжырымдамасы, Юрген Хабермастың коммуникациялық әрекет теориясы, Мишель Фуконың бақылау мен билікке қатысты көзқарастары, Питер Слотердайктің техногуманизм идеялары, Чарльз Тейлордың сәйкестік пен тану мәселелері, Зигмунт Бауманның «сұйық» қоғам концепциясы, Джон Серлдің әлеуметтік шындық теориясы, Евгений Морозовтың цифрлық утопияға сын көзқарасы және Лев Мановичтің цифрлық мәдениет туралы идеялары негізге алынады.

Цифрландыру қоғамдағы этикалық дилеммаларды тереңдетіп, жаңа қоғамдық ұстанымдардың қалыптасуына әкелуде. Цифрлық бақылау, деректердің қауіпсіздігі, жасанды интеллекттің шешім қабылдау процестеріне ықпалы, сондай-ақ виртуалды кеңістіктегі тұлғалық таным – бұлардың барлығы саяси-философиялық тұрғыдан маңызды мәселелерге айналуда. Сонымен қатар, цифрландыру барысында қалыптасатын әлеуметтік ассимметриялар мен дербестікке төнетін қауіптер де ерекше назар аударуды қажет етеді. Жаңа технологиялар бір жағынан мүмкіндіктер әлемін ашса, екінші жағынан олар билік пен бақылаудың бұрын-соңды болмаған құралдарын ұсынады. Осы мақалада аталған ойшылдардың теориялық ұстанымдарын саралай отырып, қазіргі цифрлық қоғамдағы адам мен билік, еркіндік пен жауапкершілік, этика мен технология арасындағы тепе-теңдікті табу жолдары қарастырылады. Осылайша, мақала цифрлық этика мен практикалық философия шеңберінде жаңа қоғамдық келісімнің теориялық негіздерін ұсынуға талпынады.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдарды философиялық және саяси-этикалық тұрғыдан зерттеу үшін пәнаралық тәсіл қолданылды. Нақтырақ айтқанда, практикалық философия, саяси этика, мәдениеттану, медиафилософия, әлеуметтану және цифрлық гуманитаристика сынды түрлі ғылым салаларының концептуалды құралдары біріктірілді. Цифрлық қоғамдағы билік, еркіндік, жауапкершілік және этика секілді ұғымдарды терең түсіну үшін авторлар еңбектеріне – Ханна Арентт, Юрген Хабермас, Мишель Фуко, Питер Слотердайк, Чарльз Тейлор, Зигмунт Бауман, Джон Серл, Евгений Морозов және Лев Манович – интерпретациялық талдау жасалды.

Зерттеу барысында сапалық талдау, герменевтикалық әдіс және дискурстық талдау тәсілдері қолданылды. Аталған әдістер цифрлық технологиялар мен әлеуметтік құрылымдар арасындағы өзара байланысты философиялық тұрғыдан ұғынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сындарлы салыстырмалы талдау әдісі арқылы жоғарыда аталған ойшылдардың ұстанымдары өзара салыстырылып, қазіргі цифрлық этика мәселелеріне қатысты көзқарастары жүйеленді. Мақалада постструктурализм мен коммуникативтік әрекет теориясы аясындағы тәсілдер басшылыққа алынып, қазіргі цифрлық кеңістіктегі қоғамдық

ұстанымдардың трансформациясы этикалық және саяси өлшемдер арқылы бағаланды. Бұл пәнаралық және кешенді әдіс қазіргі заманғы цифрлық мәдениет пен саяси процестерді терең әрі жан-жақты сараптауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Цифрландыру дәуіріндегі практикалық философия мен саяси этика мәселелері. Бұл бөлімде цифрлық қоғам жағдайында туындаған негізгі этикалық-саяси мәселелер және цифрландыру жағдайындағы адам еркіндігі мен жауапкершілігі қарастырылады. Аталған мәселелер Ханна Арендт, Юрген Хабермас, Мишель Фуко, Питер Слотердайт, Чарльз Тейлор, Зигмунт Бауман, Джон Серл, Евгений Морозов және Лев Манович еңбектерінің призмасы арқылы талданады. Әр философтың осы мәселелерге қосқан үлесі нақты мысалдармен көрсетіліп, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылады. Нәтижесінде цифрлық қоғамдағы қоғамдық ұстанымдардың трансформациясын жан-жақты түсінуге мүмкіндік беретін тұжырымдар қалыптасады.

Цифрлық технологиялар адамның еркін әрекет ету мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге оған жаңа жауапкершіліктер жүктейді. Ханна Арендт еркіндік ұғымын қоғамдағы әрекет бостандығымен тығыз байланыстырады. Арендттің пайымдауынша, шынайы саяси еркіндік адамдардың көпшілік кеңістікте бір-біріне «көрінуіне», пікір алмасып, ортақ іс-әрекетке көшуіне негізделеді. Цифрландыру бұл кеңістікті виртуалды ортаға дейін кеңейтті: бүгінде әр адам әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда өз ойын білдіруге белгілі бір дәрежеде еркіндік алды. Алайда, Арендт бұқаралық ақпарат тасқыны адамдарды жеке пікірін қалыптастырудан алыстатып, «басқалардың айтқанына еріп кететін» жауапкершіліксіз тобырға айналуы мүмкін деп ескерткен. Философ сипаттаған «They» (олар) феномені қазіргі әлеуметтік желі мәдениетінде көрініс табады – желі қолданушылары көпшіліктің пікірімен оңай жұғысып, дербес ой-тұжырымнан гөрі жалпы қабылданған көзқарасты ұстануға бейімделеді. Бұл құбылыс адам еркіндігіне қатер төндіреді, себебі сырттай қарағанда еркін пікір білдіруші адам шын мәнінде ішкі дүниесінде көпшіліктің клишесіне тәуелді болып қалуы мүмкін. Арендттің ойынша, нағыз еркіндік жауапкершілікті талап етеді – әр адам өзінің ар-ұжданының дауысын тыңдап, көпшіліктің арасында ойсыз сіңіп кетуден сақтануы тиіс. Бұл әсіресе цифрлық дәуірде өзекті: әлеуметтік желілердегі жан-жақтан көрсетілетін қысым (мысалы, лайк санын қуу немесе «хейттан» қорқу) жеке пайым мен моральдық жауапкершілікке сынақ болуда. Арендттің мұндай бұқаралық әсерге қатысты ескертпелері тоталитаризм табиғатын талдауынан туындаған [1, 233 б.]. Демек, цифрлық қоғамда еркіндікті сақтау үшін адам ішкі жауапкершілік қағидаларын ұстанып, ақпарат ағымына сын көзбен қарауға міндетті [1, 264 б.].

Юрген Хабермас та адам еркіндігін қоғамдық коммуникация еркіндігімен байланыстырды. Ол демократияның тірегі – әркімге ашық

қоғамдық пікірталас алаңы деп есептейді. Хабермас классикалық буржуазиялық көпшілік кеңістікті идеал тұтып, онда ақылға қонымды уәж келтіру арқылы ортақ консенсусқа келу мүмкіндігі бар деген болатын. Цифрлық технологиялар бастапқыда дәл сондай пікірталас алаңын ғаламтор кеңістігінде қалыптастырады деген үміт болған. Шынында да, онлайн-форумдар мен әлеуметтік желілер арқылы бұрын шеттеліп қалған топтардың үн қатуы жеңілдеп, пікір алуандығы артады деп сенілді. Мысалы, 2010 жылдар басындағы «Араб көктемі» оқиғалары желі арқылы ұйымдасып, цифрлық коммуникацияның азаттық әлеуетін көрсетті. Алайда, Хабермас цифрландыру еркін пікірталас мәдениетіне жаңа сынақтар әкелгенін айтады. Уақыт өте келе интернеттегі еркіндік «парадоксы» туындады: бір жағынан, кез келген адам ақпарат тарату мүмкіндігіне ие; екінші жағынан, осы шексіз еркіндік ақпараттық хаосқа, жалған жаңалықтардың жылдам таралуына және қоғамдық пікірдің шектен тыс поляризациясына ұрындырды. Нәтижесінде әлеуметтік желідегі көпшілік коммуникация жүйелі диалогтан гөрі эмоция толқынына ұқсай бастады [2, 57 б.]. Хабермас пікірінше, цифрлық медиажүйеде демократияның өміршең болуы үшін барша қоғамды қамтитын үйлесімді көпшілік кеңістік қажет, онда жауапты пікір қалыптастыру үдерісі жүруге тиіс. Яғни, цифрлық еркіндік жауапкершілікпен сүйемелденуі керек: әрбір қолданушы ақпаратты саналы сүзгіден өткізіп, негізді дәлел мен өзара сыйластық шеңберінде пікір таластыруға талпынуы тиіс. Бұл – Хаберманың коммуникативтік рационалдылық принципінің цифрлық қоғамдағы көрінісі [2, 133 б.].

Еркіндік пен билік мәселесіне өзгеше қырынан қараған Мишель Фуко цифрлық дәуірде адамның шынайы еркіндігіне көзге көрінбейтін бақылау тетіктері әсер ететінін ескертеді. Фуконың көзқарасында билік тек мемлекеттік институттармен шектелмейді – ол қоғамның барлық ұяшығында тамыр жайған құбылыс, ал жеке адамдар биліктің қалыптастырған нормаларын өздігінен ішке сіңіреді [3, 54 б.]. Фуконың атақты «паноптикон» метафорасы (барлығын көруші мұнара) бүгінгі цифрлық бақылау жағдайымен тікелей үндеседі. Егер классикалық паноптикон түрмесінде тұтқындар мұнарадан бақылаушының қашан қарап тұрғанын білмегендіктен өздерін тәртіпке салса, қазіргі заманда цифрлық паноптикон бүкіл қоғамды қамтып отыр. Бейнебақылау камералары, интернеттегі із қалдырғыштар (cookies) және смартфон секілді құрылғылар арқылы жеке адамның әр әрекеті қадағалануы мүмкін. Фуко тірі болғанда, ол жасанды интеллект пен Big Data-ны тәртіп орнатудың жаңа құралы деп танитыны анық, өйткені алгоритмдер орасан көлемдегі мәліметті өндеп, адамдардың мінез-құлқын алдын ала болжап, бағыттай алады. Мұндай жағдайда сырт көзге адамның таңдау еркіндігі бар сияқты көрінгенмен, шын мәнінде біз аңдамай өзімізді қадағалау процесіне өзіміз қатысамыз – смартфон, фитнес-білезік сияқты құрылғыларымыз арқылы жеке деректерімізді ерікті түрде ұсынып, жүріп-тұруымызды бақылауда ұстаймыз. Фуко бұл құбылысты

биліктің адамның күнделікті өмірінің ұсақ тетіктеріне дейін сіңісуі деп талдаған [3, 249 б.]. Демек, цифрлық қоғам жағдайында еркіндікті қорғау үшін осы жасырын билік құрылымдарын (алгоритмдер мен желі платформаларының саясатын) әшкерелеу және түсіну қажет. Фуконың кейінгі еңбектері этикаға, әсіресе өзін-өзі қадағалау (care of the self) практикаларына арналды – қазіргі тілмен айтсақ, адам цифрлық әлемде өз деректерінің қорғалуы мен жеке құпиясының сақталуына саналы түрде ие болуы, сыртқы цифрлық ықпалға сын көзбен қарай білуі қажет дегенге саяды. Яғни, Фукоша түсіндірсек, цифрлық дәуірдегі еркін тұлға болу – өзін тәртіптеуші жүйеге қарсы тұрып, дербес субъект болып қалуға ұмтылу жауапкершілігін мойындау [3, 312 б.].

Цифрлық заман еркіндігі туралы сөз қозғағанда, Питер Слотердаик идеялары да назар аударарлық. Слотердаик ХХ ғасырдың соңындағы мәдени ахуалды «сынға ұшыраған рационалдықтың цинизмі» ретінде сипаттаған болатын. Бұл «ағартылған жалған сана» деген ұғым: қазіргі адамдар қоғамдағы теріс құбылыстар мен биліктің айла-шарғысын түсінеді, бірақ біле тұрып еш әрекет жасамайды [4, 87 б.]. Цифрлық дәуірде ақпаратқа қолжетімділік шарықтау шегіне жетті – әрқайсымыздың қолымызда бүкіл әлем деректері бар смартфон тұр. Теориялық тұрғыдан, бұл жағдай саналы, еркін азаматтардың көбеюіне алып келуге тиіс еді. Алайда, Слотердаик көрсеткендей, шектен тыс ақпарат тасқыны керісінше селқос цинизмді күшейтуі мүмкін. Мысалы, әлеуметтік желіде немесе жаңалықтар сайттарында күн сайын сансыз келеңсіздік пен дағдарысты көру адамдарда белгілі дәрежеде дәрменсіздік сезімін туғызады: «Мен не істей аламын, бәрібір ештеңе өзгермейді» деген пессимистік көңіл-күй пайда болады. Адам өзін еркінмін деп санайды, бірақ қоғамды өзгертуге күшім жетпейді деген сенімсіздік қалыптасады [4, 155 б.]. Осылайша, ақпараттандыру адамның іс-әрекет еркіндігін автоматты түрде арттырмайды, керісінше ішкі жауапкершілік дағдарысын туындатуы мүмкін – біліп тұрып әрекет етпеу, яғни этикалық енжарлық. Слотердаиктың ойынша, бұл сынақтан шығу үшін адамдарға рухани-практикалық «жаттығулар» керек («Өз өмірінді өзгертудің қажеті туралы» еңбегінде осыны айтады). Цифрландыру заманында мұны өзіндік тәртіп орнату деп түсіндіруге болады: экран алдында өткізетін уақытты реттеу, саналы ақпараттық «диета» ұстану, онлайн этиканы қалыптастыру – мұның бәрі адамның еркіндігі өз қолында қалуы үшін қажет жаңа жауапкершілік түрлері.

Чарльз Тейлор еркіндік мәселесінде адамның ішкі құндылықтарын жүзеге асыруына баса мән береді. Оның «адамның түпкі мұраты – өзінің шынайы болмысына адал болу» деген этикалық тұжырымы цифрландыру заманында ерекше сынға түсті. Тейлор өзінің «шынайылық этикасы» (этика подлинности) тұжырымдамасында әр адам өз өмір жолын, дүниетанымын өзі таңдап, шынайы Менін табуы керек дейді. Бірақ бұл үдеріс қоғамнан тыс жүзеге аспайды: қоғамда өзара мойындау принципі маңызды – әр индивид өз құндылықтарының құндылығын басқа адамдар

мойындағанда ғана толыққанды автентикалық тұлға бола алады. Цифрлық коммуникация бұл тұрғыда еркіндікті кеңейтті ме, әлде қиындатты ма? Бір жағынан, интернет арқылы бұрын үнін жеткізе алмаған талай топ (этникалық, діни, әлеуметтік қауымдастықтар) өз болмысын таныту мүмкіндігіне ие болды, яғни әртүрлілік көрініп, танылуы үшін жағдай жасалды. Екінші жағынан, Тейлор сынға алған жеке бастың шектен тыс дәріптелуі онлайн әлемде ушыға түскендей. Әлеуметтік желілер өзін-өзі көрсету аренасына айналып, адам бойында нарциссизм және үстірт имиджге негізделген жалған «шынайылық» қалыптасады деген сындар бар. Тейлор «автентичность» идеалының таязданып, тек өзіне ғана мән беру, қауымнан бөлектену түрінде іске асуын қатты сынаған [5, 29 б.]. Бүгінде Instagram, TikTok сияқты платформаларда көпшілік «жеке брендін» қалыптастырумен әуре; бұл – философ атап көрсеткен қауымнан ажыратылған индивидуализмнің шегі болар. Тейлор бойынша, шынайы еркіндік – адамның өз қадір-қасиетін қоғам игілігімен үйлестіруінде: жеке басыңның қамы ғана емес, өзің мүше болып табылатын қауымның да құндылықтарына жауапкершілікпен қарау. Мысалы, цифрлық еркіндікті пайдаланып пікір айтқанда, этика шеңберінен шықпау, өзгенің арнамысын құрметтеу – осы жауапкершілікке жатады. Тейлор адамдардың моральдық бағдарын сақтауында қоғамдық диалогтың рөлін ерекше атап өтеді (дін мен секуляризм, түрлі мәдени топтар арасында өзара түсіністік орнату). Сол секілді интернеттегі сан алуандылық жағдайында да ортақ түсіністік табу әркімнің мойнындағы міндет.

Зигмунт Бауман сипаттаған «сұйық бақылау» жағдайында еркіндік пен жауапкершілік арасалмағы мүлде жаңа күйге енген. Бауман бойынша, постмодерндік қоғамда дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар (отбасы, қауым, тұрақты жұмыс, діни институттар) «ерігендей» болды – олар бұрынғыдай адам өмірін өз уысында ұстап тұра алмайды. Жеке адам бұрынғыдан әлдеқайда еркін, бірақ сол еркіндіктің жауапкершілігі де өз мойнында [6, 82 б.]. Мәселен, бұрын кімнің кім екені (әлеуметтік рөлі, кәсібі, ортасы) салыстырмалы тұрақты болса, қазір әр адам өз «бірегейлігін» өзі қалыптастыруы керек. Бұл – «мәжбүрлі индивидуализм» жағдайы: қоғам «сен еркінсің» дейді, бірақ шындығында барлығымыз өзіндік бейнемізді табуға, өзгелерден ерекшеленуге мәжбүрміз [6, 121 б.]. Бауман мұны тұтынушылық мәдениетпен байланыстырады – қазіргі капитализм адамға дайын қалыптар ұсынбайды, керісінше «кім болғың келсе – өзің шеш, бірақ таңдауың бәрібір нарық ұсынған үлгілер аясында» дегенді мегзейді. Цифрлы коммуникациялар бұл үрдісті жиілетті: әлеуметтік желіде өз бейнеңді жасау («өмірді әдемі ғып көрсету») бір жағынан шығармашылық еркіндік актісі, екінші жағынан әлеуметтік қысымға айналды (барлығымыз «қызықты өмір» образын көрсетуге міндеттідейміз). Бауманның айтуынша, қазіргі адам «өзін көрсетуді» жұмысқа айналдырып жіберген, әсіресе онлайн кеңістікте. Мысалы, Facebook пен Instagram-да әрдайым белсенділік танытып, лайк жинап отырмасаң, «бар болмай қалам» деген үрей пайда болады.

Осылайша, еркіндік жауапкершілікке емес, үздіксіз өзін-өзі бақылау қажеттілігіне ұласты – әркім өзін де, өзгені де қадағалап, бағалайды (кімнің қанша лайқы бар, кімнің жазбасы танымал). Бауман мен Лион енгізген «сұйық бақылау» ұғымы да осыны білдіреді: қазіргі қоғамда бақылау қатты, көзге көрінетін формада емес, ол көзге түспей ағылатын, адамның өз еркімен қатысуын талап ететін жұмсақ формаға айналды [6, 45 б.]. Біз түрлі онлайн қызметтерді пайдалану үшін жеке деректерімізді өзіміз ашамыз, сол арқылы «еркіндігімізді өз қолымызбен шектейміз» деуге болады. Бауман бұл құбылысты сынай отырып, бүгінгі еркін адамға бұрынғыдан да жоғары әлеуметтік-этикалық жауапкершілік артылатынын айтады: өз бағыт-бағдарын жоғалтпау, ақпарат тасқынында адамгершілік қағидаларын ұстану, қарым-қатынастардағы адалдық. Мысалы, онлайн анонимдік жиі жауапкершіліксіздікке апарады – бұны еңсеру үшін әркім цифрлық этикетті ішкі мәдениет ретінде қабылдауы керек. Бауманның жалпы тұжырымы: егер еркіндік пен жауапкершілік қатар жүрмесе, қоғам бей-берекет «сұйық хаосқа» айналады; сондықтан цифрлық заманда азаматтық жауапкершіліктің жаңа формаларын игеру – уақыт талабы.

Ақпараттық қоғам философиясына Джон Серл де өзіндік үлес қосады. Ол адам еркіндігі туралы пікірталастарда сананың ерекше қасиеттерін алға тартады: компьютер қанша ақылды болса да, адам миының саналы интенционалдық қабілетін қайталай алмайды деп санайды. Мұны цифрлық дәуірдегі жауапкершілік мәселесіне қолдансақ, түптеп келгенде этикалық таңдау мен жауапкершілік адамның санасында қалуы керек деген тұжырым шығады. Мысалы, әлеуметтік желілердегі мазмұнды модерациялауды толықтай алгоритмдерге тапсырайық деген көзқарастар бар; алайда Серлдің көзқарасы тұрғысынан алгоритмдер мағынаны шынайы ұғына алмайды, демек жақсы-жаман, моральдық-маңызды дегенді түйсіну оларға жат. Сондықтан адам өз еркіндігін техникалық жүйелерге толық тапсыруға болмайды – этикалық жауапкершілікті автоматтандыру мүмкін емес [7, 32 б.].

Серл цифрлық қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды түсінуге көмектесетін тағы бір теория ұсынады: ол институционалдық фактілер теориясы. Онлайн платформаларда біз күнделікті жасайтын әрекеттер – «лайк басу», «фоллоу ету» (біреудің парақшасына жазылу), «дос болу өтінішін жіберу» – бұлардың барлығы белгілі бір тілдік актілер арқылы қоғамдық шындық қалыптастырады [7, 105 б.].

Мысалы, Facebook-та біреуді «досым» деп белгілеу шын өмірдегі достықтан бөлек мағынаға ие, бірақ әлеуметтік желіде ресми статус туындататын әрекет. Серл мұндай құбылыстарды «статус функциясын орнықтыратын декларациялар» деп атайды – тиісті контексте айтылған сөздер шынайы әлемде жаңа әлеуметтік фактіні жасап шығарады. Twitter-дегі жазбалар мен жазылушылар жүйесі де осылайша тіл мен келісім негізінде құрылған цифрлық институттарға айналды. Мұның еркіндікке қатысы мынадай: біз онлайн кеңістікте еркін әрекет етіп жүргендей

көрінгенімізбен, шын мәнінде сол платформалардың жасанды ережелеріне (институционалдық фактілеріне) арқа сүйейміз. Серлдің пайымдауынша, адамдар тіл арқылы ортақ әлеуметтік ақиқат құрады, демек цифрлық ортада да қандай «ойын ережелерін» қалыптастыратынымыз – өз жауапкершілігімізде. Егер әлеуметтік желіде өшпенділік тілі өршіп кетсе немесе жалған ақпарат қалыпты нәрсе санала бастаса, бұл – қолданушылар ұжым болып теріс институционалдық фактіні орнықтырды деген сөз. Сол себепті әрбір адам желідегі сөзі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілік алып, цифрлық әлемнің этикалық инфрақұрылымын құруға атсалысуы керек. Серл сөз актілерінің күшіне сенді – дұрыс контексте айтылған дұрыс сөз шындықты өзгерте алады. Цифрлық еркіндік жағдайында да жауапкершілікпен айтылған сөздер мәдениетті орта қалыптастырады, ал жүгенсіз сөз бостандығы қауіпті орта тудыратынын түсіну маңызды.

Евгений Морозов – цифрлық заман ұрандарына сын көзбен қарайтын белгілі ойшылдардың бірі. Ол технологиялық оптимизмге («интернет барлық автократияны құлатады», «Big Data барлық мәселені шешеді» деген сияқты көзқарастарға) күмәнмен қарап, шынайы еркіндік технологияның жылтырына алданбауды талап етеді деп есептейді. Морозовтың пікірінше, бүгінгі қоғамда технологиялық шешімшілдік (solutionism) деп атауға болатын жаңсақ түсінік белең алған: яғни күрделі әлеуметтік проблемаларды саясаттағы не мәдени өзгерістердегі терең реформаларсыз, дайын қосымша немесе алгоритм арқылы шеше салуға болады деп сену бар [8, 47 б.]. Философ бұл көзқарасты «solutionism» (шешімшілдік) деп атап, оны қатты сынға алады [8, 53 б.]. Мысалы, қылмысты болдырмау үшін кейбіреулер адамдардың жүріс-тұрысын толық қадағалап, үлкен деректерді алгоритммен сүзу жеткілікті деп ойлайды – бірақ бұл адамның бостандығы мен құқықтарына қол сұғу болады. Морозов осындай «жауапкершілікті технологияға артуды» еркіндікке төнген қатер деп санайды. Өйткені қоғамның моральдық таңдауын, саяси шешімдерін машинаға жүктеу – азаматтардың жауапкершіліктен бас тартуының белгісі. Ол 2011 жылы жарық көрген «Интернет иллюзиясы» кітабында Таяу Шығыста әлеуметтік желі арқылы басталған революциялардан кейін билікке радикал топтар келгенін көрсетті, яғни технологияның өзі автоматты түрде еркіндік орната алмайтынын дәлелдеді. Сондай-ақ Морозов мемлекеттердің бақылау органдары мен арнайы қызметтері үшін интернет керемет құралға айналғанын атап өтті – егер сақтанбаса, онлайн еркіндік бақылаудың ең тиімді механизміне айналып кетуі ғажап емес. Шынында да, адамдар күнделікті өмірде өздері туралы қаншама деректі ерікті түрде беріп қояды, тіпті оны байқамайды да. Соның нәтижесінде қарапайым интернет тұтынушысы биліктің «құқық қорғау органдарына өз еркімен ақпарат ұсынатын агентке» айналып отыр. Мысалы, смартфон қолданушысы өзінің орналасқан жерін, іздеу тарихын, сатып алу әдетін компаниялармен еркін бөліседі, ал компаниялар қажет болса бұл мәліметтерді құқық қорғау органдарына да бере салуы мүмкін. Мұндай құбылысты өзгерту үшін Морозов азаматтық сананы оятуға шақырады:

әр адам жеке деректерінің қадірін түсініп, құпиялылығын қорғауға ұмтылуы керек; ал қоғам жалпы алпауыт технология компанияларын жауапкершілікке шақырып, олардың еркіндікті шектеу әлеуетін демократиялық бақылауға алуы тиіс. Қысқаша айтқанда, Морозов цифрлық замандағы еркіндікті саяси күрес кеңістігі деп бағалайды – егер азаматтар белсенді позиция ұстанбаса, технологиялар біздің бостандығымызды кеңейту орнына, керісінше, кері тартып әкетуі ғажап емес [8, 123 б.].

Лев Манович – цифрлық мәдениет зерттеушісі – адамның шығармашылық еркіндігі мен цифрлық құралдардың байланысын зерделейді. Оның пікірінше, бағдарламалық жасақтама біздің қалай ойлап, қалай шығармашылық жасайтынымызға әсер етеді. Мысалы, Манович Photoshop пен басқа да медиа өңдеу қосымшаларын талдай отырып, олардың интерфейсі мен құралдары қазіргі визуалды мәдениеттің эстетикасын айқындап отырғанын көрсеткен. Бүгінде суретші немесе қарапайым инстаграм қолданушысы болсын – барлығы белгілі бір фильтрлер мен функцияларға сүйенеді, сол арқылы бейнелер жасайды. Яғни цифрлық құрал адам шығармашылығын белгілі бір арнаға бағыттайды: біз тек өз қиялымызбен еркін әрекет етіп жатқандай көрінгенімізбен, шын мәнінде бағдарлама алдын ала ұсынып қойған шаблондар шеңберінде жұмыс істейміз. Бұл еркіндіктің шектелуі емес пе? Мановичтің айтуынша, бір жағынан, рас – технологиялар белгілі стильдер мен форматтардың үстем болуын қамтамасыз етеді; екінші жағынан, дәл осы құралдарды игеру арқылы миллиондаған адам бұрын қолы жетпеген шығармашылық еркіндікке ие болды. Цифрландыруды «өндіріс құралдарын жаппай халықтың қолына беру» деп те атауға болады, блог жүргізу, видео жасау, музыка жазу қазір кез келгеннің қолынан келеді. Алайда бұл еркіндік бара-бара коммерциялық платформалардың ережелеріне тәуелді болып қалуда. Мысалы, YouTube авторлары көрерменнің назарын тарту үшін бейне контентті платформаның алгоритмі ұнататын форматқа келтіруге мәжбүр (белгілі бір ұзындық, белгілі бір кілтсөздер) – мұны платформаның жасырын билік қысымы деп атауға болады. Лев Манович цифрлық мәдениетті талдай отырып, біздің «мәдени тәжірибеміздің деректендірілуі» үрдісін атап көрсетеді [9, 56 б.]. Үлкен деректер дәуірінде ғаламторда миллиардтаған әлеуметтік жазбалар, фотолар, пікірлер жиналып, талдануда; осылар арқылы зерттеушілер мәдениет пен қоғамды цифрлық тұрғыда түсінуге тырысады. Мысалы, Мановичтің Cultural Analytics жобасы Instagram секілді платформалардағы миллиондаған суретті сараптап, заманның визуалды тенденцияларын зерттейді. Бұл қарапайым адамға да әсер етеді: көпшілік өзінің талғамы мен көзқарасын осы деректер ағыны аясында қалыптастыруда. Spotify сізге қандай ән ұнайтынын болжап ұсыным береді, Netflix – қандай фильм көретініңізді болжайды; соның арқасында таңдау мүмкіндігі артылғандай көрінгенімен, шын мәнінде біздің таңдауымызды алгоритмдік ұсынымдар тарылтуы мүмкін. Сондықтан

цифрлық дәуірдегі еркіндік тек қолжетімді опциялардың санына емес, сол опциялардың қалай пайда болатынын түсінуге де байланысты.

Мановичтің зерттеулері көрсеткендей, бағдарламалар мен деректер архитектурасы адамдардың мінез-құлқы мен талғамына ықпал етеді. Демек, еркіндік енді технологияны жасаушылар мен оны реттеушілердің қолындағы құндылыққа да айналды. Осындай жағдайда әрбір саналы пайдаланушы технология ұсынған мүмкіндіктерді өз мақсат-мұратына сай саналы пайдалануға, қажет кезде цифрлық жүйенің өзіне шектеу қоюға (мысалы, әдейі онлайн кеңістіктен үзіліс жасау, құпиялылықты күшейтетін қосымшаларды қолдану) жауапты болмақ.

Бұл тұжырымдарды Қазақстандағы отандық зерттеушілердің зерттеу нәтижелерімен байланыстыра отырып қарастыруға болады. Мысалы, Бекенова Ж.Н. және әріптестері көрсеткендей, цифрлық қоғамда адам болмысы мен әлеуметтік қатынастар жаңа сипатқа ие болып, тұлғаның жауапкершілігі мен этикалық шешім қабылдау қабілетін қайта қарауды қажет етеді [10].

Сонымен қатар, цифрлық трансформация ғылыми зерттеулердің этикасына да әсер етеді: зерттеушілердің жауапкершілігі артып, әдіснамалық нормалардың маңызы артты [11].

Осы тұрғыдан қарағанда, Мановичтің байқаулары мен отандық зерттеушілердің тұжырымдары бір-бірін толықтырады: цифрлық құралдар тек жеке шығармашылық еркіндікті емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік және этикалық нормаларды да қайта қалыптастыруға әсер етеді. Бұл зерттеулер саналы пайдаланушының өз әрекетін саналы түрде бағыттау қажеттігін көрсетеді: біз технология ұсынған мүмкіндіктерді өз мақсат-мұратымызға сай қолдануға, қажет болса шектеу қоюға жауаптымыз. Осылайша, цифрлық дәуірдегі еркіндік – тек опциялардың көптігі емес, сонымен қатар олардың құрылымын түсіну және саналы басқару қабілетінде жатыр.

Қорытынды

Цифрландыру жағдайында адам еркіндігі жаңа өлшемдерге ие болды. Біріншіден, еркіндік бұрынғыдан кеңейгенімен, оған ішкі жауапкершілік қосарланды (Арендт, Тейлор, Бауман ойлары). Екіншіден, цифрлық орта еркіндікті арттырумен қатар оны шектеудің жаңа формаларын туындатты (Фуконың цифрлық паноптиканы, Слотердайктың ақпараттық цинизмі, Морозовтың сындары). Үшіншіден, технология адам шығармашылығы мен өзін-өзі көрсету еркіндігін жаңа деңгейге көтерді, бірақ сол еркіндіктің шеңберін өзі белгілеп отыр (Манович, Слотердайк) - демек, еркіндік үшін күрес енді технологияның өзінде жүріп жатыр. Қазіргі цифрлық қоғамда нағыз еркіндікке қол жеткізу әр индивидтің ішкі моральдық ұстанымдарына берік болуын және цифрлық жүйелерді демократияландыруды қажет етеді.

Цифрлық дәуірдегі практикалық философия мен саяси этикаға қатысты бұл талқылау бізге маңызды сабақ береді: технология

қаншалықты өзгеріс әкелсе де, қоғамның өзегі – адам және оның түбегейлі құндылықтары – үнемі назарда болуы керек. Адам еркіндігі мен жауапкершілігі жаңа жағдайда қайта ойлануды талап етеді; қоғамдық пікір мен билік арасындағы тепе-теңдікке жаңаша кепіл керек; цифрлық бақылау мен деректерді пайдалану қатаң этикалық сүзгіден өтіп, адам құқығы қорғалуға тиіс; қоғамдық ұстанымдар өзгерісінің қарқыны тез болса да, оның бағытын ізгі мұраттарымыз бақылауда ұстауы қажет. Жоғарыда қарастырылған ойшылдардың идеялары – Арндттің көпшілік кеңістік туралы пайымдары, Хабермастың диалог этикасы, Фуконың билік талдауы, Слотердайктың цинизм сыны, Тейлордың тану теориясы, Бауманның сұйық қоғам концепциясы, Серлдің әлеуметтік реализм тұжырымдамасы, Морозовтың технологиялық скептицизмі және Мановичтің мәдени талдауы – барлығы қазіргі цифрлық қоғамды терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы түсінік негізінде заманауи қоғам өз жолын таба алады: технология прогресін адамгершілік прогресімен теңестіру, цифрлық инновацияны қоғамдық игілікке бағындыру, әр адамның қадір-қасиеті қорғалатын ортақ цифрлық этика қалыптастыру – ақпарат заманындағы басты мұраттар болмақ.

***Қаржыландыру:** Мақала AP23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен дизайн-ойлаудың тұжырымдамалық метамоделі» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.*

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арндт, Х., 2000. Vita activa или О деятельности. Москва: Европейские издания.
2. Хабермас, Ю., 2001. Структурные изменения публичности. Санкт-Петербург: Наука.
3. Фуко, М., 1999. Надзирать и наказывать. Рождение тюрьмы. Москва: АСТ.
4. Sloterdijk, P., 1983. Kritik der zynischen Vernunft. Frankfurt am Main: Suhrkamp.
5. Taylor, C., 1992. The Ethics of Authenticity. Cambridge: Harvard University Press.
6. Бауман, З., 2008. Текущая современность. Москва: Логос.
7. Searle, J.R., 1995. The Construction of Social Reality. New York: Free Press.
8. Morozov, E., 2013. To Save Everything, Click Here: The Folly of Technological Solutionism. New York: PublicAffairs.
9. Manovich, L., 2020. Cultural Analytics. Cambridge: MIT Press.
10. Бекенова, Ж.Н., Нұрышева, Г.Ж. and Амиркулова, Ж.А., 2023. Цифрлық қоғамдағы адамның болмысы және жауапкершілік мәселесі. Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы, 111(3), pp. 170–179. DOI: 10.31489/2023hph3/170-179.
11. Бекенова, Ж.Н., Мейрбаев, Б.Б. and Амиркулова, Ж.А., 2023. Цифрлық трансформация аясындағы ғылыми этика. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы, 1(83), pp. 16–25.

REFERENCES:

1. Arendt, H., 2000. *Vita activa ili O deyatel'nosti* [The Human Condition]. Moscow: Evropeiskie izdaniya.
2. Habermas, J., 2001. *Strukturnye izmeneniya publichnosti* [The Structural Transformation of the Public Sphere]. Saint Petersburg: Nauka.
3. Foucault, M., 1999. *Nadzirat' i nakazyvat'*. *Rozhdenie tyur'my* [Discipline and Punish: The Birth of the Prison]. Moscow: AST.
4. Sloterdijk, P., 1983. *Kritik der zynischen Vernunft*. Frankfurt am Main: Suhrkamp.
5. Taylor, C., 1992. *The Ethics of Authenticity*. Cambridge: Harvard University Press.
6. Bauman, Z., 2008. *Tekuchaya sovremennost'* [Liquid Modernity]. Moscow: Logos.
7. Searle, J.R., 1995. *The Construction of Social Reality*. New York: Free Press.
8. Morozov, E., 2013. *To Save Everything, Click Here: The Folly of Technological Solutionism*. New York: PublicAffairs.
9. Manovich, L., 2020. *Cultural Analytics*. Cambridge: MIT Press.
10. Bekenova, Zh.N., Nuryшева, G.Zh. and Amirkulova, Zh.A., 2023. *Tsifrlыq qogamdagy adamnyng bolmysy zhane zhaupkershilik maseleci* [Human existence and responsibility in a digital society]. *Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy series*, 111(3), pp. 170–179. DOI: 10.31489/2023hph3/170-179.
11. Bekenova, Zh.N., Meirbaev, B.B. and Amirkulova, Zh.A., 2023. *Tsifrlыq transformatsiya ayasynda gylыmi etika* [Scientific ethics in the context of digital transformation]. *Bulletin of Karaganda University. Philosophy, Cultural Studies, Political Science Series*, 1(83), pp. 16–25.

Бекен Махмұтов¹ , **Гулжан Камырова²** , **Зайтунам Ашимова³** 

¹ Алматы Технологиялық Университеті, Әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а, Ph.D
e-mail: beken.makhmutov@mail.ru

² АТУ, Әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының ассистент профессоры, с.э.к.
(Алматы, Қазақстан)

e-mail: kamurovazhana@mail.ru

³ Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті, Жалпы білім беру пәндері кафедрасының аға оқытушысы, с.э.к.

(Алматы, Қазақстан)
e-mail: z.ashimova777@gmail.com

<ul style="list-style-type: none"> - the budgets of territorial communities have increased significantly; - budget policy at the local level has become more defined, which allows territorial communities to adequately plan their budgets; - direct interbudgetary relations were established between the central budget and local budgets of all levels, which significantly simplified the process of budget administration; - subsidies were replaced with targeted subventions, which can only be directed to specific areas; - the number of subsidized territorial communities decreased by 20-30%; - territorial communities received new powers to provide public services to the population, and their quality has significantly improved; - the administrative-territorial structure of Ukraine was significantly optimized, the number of territorial communities was reduced by more than 10 times; operate both among themselves and with local governments in other states; - the status of heads of territorial communities has increased significantly; - the population received additional opportunities to participate in the political process at the local level, as well as for public discussion and control of the activities of local government bodies; - political competition at the local level has increased, which improves the quality of regional and local politicians; - the quality of social infrastructure has improved in many territorial communities; - a special Ministry for Community Development (formerly the Ministry of Regional Development) was created, which promotes the development of territorial communities. 	<ul style="list-style-type: none"> - payment of personal income tax at the place of registration of the employer creates a disproportion in the development of territorial communities; - decentralization at the level of regions and districts was not carried out, regional and district councils never received powers, budget funds and their own executive bodies; - regional and district state administrations were never liquidated, the institution of prefects was not introduced; - the reduction in the number of territorial communities and districts did not lead to a real reduction in the size of the state apparatus; - the last local elections of 2020 did not lead to a significant renewal of the deputy corps at the local level; - the quality of personnel at the local level still remains low, the state does not have a well-functioning system for training and retraining personnel; - decentralization led to the strengthening of representatives of regional and local elites, including those associated with the local mafia; - the transition to an exclusively party principle of forming representative local authorities led to the elimination of the opportunity for non-party members to be elected to local councils, which in turn leads to the “partisanization” of local representative bodies; - the institution of elders appointed by local councils is undemocratic, since these officials are not elected by the population.

Opportunities	Threats
<ul style="list-style-type: none"> - cooperation of territorial communities with local self-government in other states makes it possible to involve it in the restoration of the country after the end of the war; - strengthening public control over the activities of local authorities can potentially help combat corruption and misuse of local budget funds; - territorial communities received the opportunity to participate in various grant projects that could potentially contribute to their development; - democratization and the growth of political competition at the local level can contribute to the renewal of the political class with its qualitative improvement. 	<ul style="list-style-type: none"> - strengthening the heads of territorial communities can create a situation in which the influence of the central government on the situation in the regions will significantly weaken; - heads of territorial communities can sabotage some decisions of the central authorities; - in those regions where the population is passive and does not participate in public control, an increase in the level of corruption may occur; - in conditions of war, reverse, recentralization processes may begin, necessary for the total mobilization of resources and powers; - further outflow of population due to war can significantly reduce revenues to local budgets;

As our SWOT analysis showed, the reform of local self-government and decentralization still has more advantages than disadvantages. This indicates that the reform can be called more successful than unsuccessful. At the same time, decentralization in Ukraine creates both additional opportunities and threats. However, a significant part of the threats is caused not by the reform itself, but by completely other factors, such as the persisting model of patronal democracy and neopatrimonialism, as well as the Russian invasion of Ukraine, which seriously affected not only local self-government, but also all other spheres, including political, economic, sociocultural, humanitarian, demographic, etc.

In assessing the reform after 2022, it is necessary to distinguish between institutional design and wartime governance practice. Following the full-scale Russian invasion, a temporary recentralization of powers occurred through the introduction of military administrations in frontline and de-occupied territories. In several regions, executive authority was effectively transferred from elected local bodies to military administrations in order to ensure coordinated defense, mobilization and humanitarian logistics. However, this should not be interpreted as a formal rollback of decentralization. Rather, it represents an emergency governance regime. Importantly, many territorial communities demonstrated high institutional resilience during the war, independently organizing evacuation, humanitarian support, territorial defense coordination and infrastructure recovery. In this sense, decentralization contributed to state resilience under conditions of external aggression.

After 2024, discussions in Ukraine increasingly focus on post-war reconstruction and anti-corruption safeguards at the local level. The prospect of large-scale international financial assistance has intensified debates on transparency, public procurement control and strengthening audit mechanisms in territorial communities. Thus, the next stage of decentralization reform is likely to be linked not only with completing regional-level reform and constitutional

amendments, but also with institutional strengthening of financial oversight and anti-corruption instruments at the local level.

Conclusion

In 2024, it will be 10 years since the reform of local self-government and decentralization started. It is obvious that the Ukrainian leadership managed to achieve significant positive changes, despite all the difficulties and problems. Many of the necessary steps have been implemented, but it should also be emphasized that many measures have still not been completed.

Based on the results of the study, a number of conclusions can be drawn about the advantages and disadvantages of the reform carried out in Ukraine. Firstly, as the SWOT analysis showed, the number of strengths exceeds the number of weaknesses, which may indicate significant progress that Ukraine has made in reforming local self-government. Secondly, many of the key goals of the reform were nevertheless realized. In particular, it was possible to significantly improve the quality of administrative services provided, as well as to make them as accessible as possible to the population, since now they can be provided directly in the territorial community, without the need to travel to the regional center. The powers of local governments were significantly expanded, and their financial base was also increased, since a number of taxes were redistributed in favor of territorial communities. Thirdly, the administrative-territorial reform carried out made it possible to significantly reduce the number of territorial units, making them more self-sufficient and capable of fulfilling the functions and responsibilities assigned to them. Fourthly, the opportunities that have opened up for territorial communities for mutual and international cooperation, as well as for participation in various international and domestic grant projects, provide additional impetus for the economic development of territorial communities.

Nevertheless, one cannot help but highlight the existing shortcomings and problems of this reform. First of all, it cannot be said that the reform is complete. Decentralization at the regional and subregional levels has not been carried out, which actually makes regional and subregional government bodies (regional and district councils) unable to exercise their powers. The necessary amendments to the Constitution were also not made, which makes further reform of regional self-government at the level of regions and districts impossible. Russia's invasion of Ukraine in 2022 significantly altered the trajectory of decentralization reform. While certain elements of reform implementation were suspended or modified due to wartime governance needs, the institutional framework of decentralization formally remains in place. The long-term direction of reform will largely depend on constitutional amendments, reconstruction policy and integration with European Union governance standards. In addition, given the patron-client model of governance existing in Ukraine and the existence of many patronage networks, decentralization in many cases strengthens representatives of local political elites, giving them, among other things, more powers and resources. There are also shortcomings in the budget process, such as the deduction of individual income tax at the place of registration of the employer,

and not the employee, which leads to economic disproportion in the development of territorial communities.

If we consider the Ukrainian reform of local self-government and decentralization as a model for Kazakhstan, then it should be noted that Kazakhstan could take a lot from the Ukrainian experience. In particular, the experience of creating self-sufficient and stable territorial units of the basic level, as well as the transfer of powers to provide administrative services to the basic level, could significantly improve the situation in the regions, especially in rural areas, which would meet the principle of subsidiarity and relieve the population from the need to travel to district center. However, for this, it is necessary to consolidate rural districts, cities of regional significance, villages and towns. In addition, the Ukrainian experience should also be considered from the point of view of transferring certain types of taxes (in particular, individual income tax) to local authorities at the basic level, in order for them to more effectively implement their functions and powers. The establishment of direct inter-budgetary relations between the republican budget and local budgets of all levels can also improve the quality of the budget policy, since it eliminates many unnecessary bureaucratic functions.

At the same time, the transfer of administrative service provision to the basic level in Ukraine should not be mechanically replicated in Kazakhstan. Unlike Ukraine, Kazakhstan has already developed an extensive network of Public Service Centers (PSCs) and digital platforms providing online and mobile services. Therefore, the Ukrainian model of creating Centers for Administrative Services at the community level is not directly transferable. For Kazakhstan, the more relevant element is not the physical relocation of services, but the fiscal and political empowerment of local authorities, combined with digital integration of local governance into existing national service infrastructure.

Acknowledgments

The authors of the article express gratitude to all experts who agreed to give in-depth interviews on this topic. The authors of the article did not attract additional funding for this study.

REFERENCES

1. Adilet. (2021). Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 18 avgusta 2021 goda № 639. Ob utverzhdenii Konceptcii razvitiia mestnogo samoupravleniia v Respublike Kazahstan do 2025 goda [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 18, 2021 No. 639. On approval of the Concept for the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan until 2025] – (In Russian). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000639>
2. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. (2021). State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev. <https://www.akorda.kz/en/state-of-the-nation-addressby-president-of-the-republic-of-kazakhstan-kassym-jomart-tokayev-38126>
3. Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan. (2023). On local self-government in the Republic of Kazakhstan. <https://www.parlam.kz/en/mazhilis/post-item/36/15958>
4. Orda. (2023). Samoupravlenie po-kazahstanski, ili Pochemu sushhestvovanie Kenesov protivorechit Konstitucii [Self-government in Kazakhstan, or Why the existence of Keneses is contrary to the Constitution] – (In Russian). <https://orda.kz/samoupravlenie-po-kazahstanski-ili-pochemu-sushhestvovanie-kenesov-protivorechit-konstitucii/>
5. Romanova, V. & Umland, A. (2023). Domestic and International Dimensions of Ukraine's Decentralization: Kyiv's Local Governance Reform and Post-Soviet Democratization. *Demokratizatsiya: The Journal of Post-Soviet Democratization*, 31(3), 363-389.
6. Sydorochuk, O. (2017). Decentralization: Results, Challenges and Prospects. Ilko Kucheriv Democratic Initiatives Foundation.
7. Cheema, G. S. & Rondinelli, D. A. ed. (2007). Decentralizing Governance: Emerging Concepts and Practices. Brookings Institution Press.
8. Baldersheim, H., Illner, M. & Wollman, H. ed. (2003). Local Democracy in Post-Communist Europe. VS Verlag für Sozialwissenschaften.
9. European Commission. (2023). Ukraine 2023 Report. https://neighbourhood-enlargement.ec.europa.eu/system/files/2023-11/SWD_2023_699%20Ukraine%20report.pdf
10. Faquet, J.-P. and Pöschl C. ed. (2015). Is Decentralization Good For Development? Perspectives from Academics and Policy Makers. Oxford University Press.
11. Harguindéguy, J. B. P., Cole, A., & Pasquier, R. (2021). The variety of decentralization indexes: A review of the literature. *Regional & Federal Studies*, 31(2), 185–208. <https://doi.org/10.1080/13597566.2019.1566126>
12. Hromadske. (2023). Aleksandra Mamaja uvolili s dolzhnosti mjera Poltava [Alexander Mamai fired from the post of mayor of Poltava] – (In Russian). <https://hromadske.ua/ru/posts/aleksandra-mamaya-uvolili-s-dolzhnosti-mera-poltavy>
13. Keudel, O. (2023). Transforming Patronal Democracy Bottom-Up: Two Logics of Local Governance in Ukraine. In: Madlovics, B. & Magyar, B. ed., *Ukraine's Patronal Democracy and the Russian Invasion*. (pp. 373-394). CEU Press.
14. Bradhan, P. & Mookherjee, D. (2006). Decentralization and Local Governance in Developing Countries: A Comparative Perspective. MIT Press.
15. Grindle, M. (2007). Going Local: Decentralization, Democratization, and the Promise of Good Governance. Princeton University Press.
16. Manor, J. (1999). The Political Economy of Democratic Decentralization. The World Bank.
17. Blair, H. (2000). Participation and Accountability at the Periphery: Democratic Local Governance in Six Countries. *World Development*, 28(1), 21-39. [https://doi.org/10.1016/S0305-750X\(99\)00109-6](https://doi.org/10.1016/S0305-750X(99)00109-6)
18. Schneider, A. (2003) Decentralization: Conceptualization and measurement. *Studies in Comparative International Development*, 38(3), 32-56. <https://doi.org/10.1007/BF02686198>
19. Rajasekhar, D., Devendra Babu, M. & Manjula, R. (2018). Decentralised Governance, Development Programmes and Elite Capture. Springer Singapore.
20. [Chaisty, P., & Whitefield, S. (2017). Citizens' Attitudes towards Institutional Change in Contexts of Political Turbulence: Support for Regional Decentralisation in Ukraine. *Political Studies*, 65(4), 824-843. <https://doi.org/10.1177/0032321716684845>
21. Dudley, W. (2019). Ukraine's Decentralization Reform. Working Paper Research Division Eastern Europe and Eurasia, 3(1), 1-34.
22. Rabinovych, M., Brik, T., Darkovich, A., Savisko, M., Hatsko, V., Tytiuk, S., & Piddubnyi, I. (2023). Explaining Ukraine's resilience to Russia's invasion: The role of local governance. *Governance*, 1–20. <https://doi.org/10.1111/gove.12827>
23. Wright, G. & Slukhai, S. (2021). Decentralization Policy in Ukraine: How Voluntary Amalgamation, Inter-Municipal Cooperation and Fiscal Incentives Impacted the Local Government System. *NISPAcee Journal of Public Administration and Policy*, 14(1) 311-343. <https://doi.org/10.2478/nispa-2021-0012>
24. Michalski, T., Matviyishyn, Y., & Luhova, V. (2022). Weaknesses and successes of the Ukrainian administrative reform. *Czasopismo Geograficzne*, 93(3), 451–472. <https://doi.org/10.12657/czageo-93-18>
25. Kruglashov, A. & Sabadash, N. (2022). Decentralisation Processes in Ukraine:

-
- Dilemmas of Democratization and National Security. *Public Policy and Administration*, 21(1), 22-37. <http://dx.doi.org/10.5755/j01.ppa.21.1.28441>
26. Kaliuzhnyi, R., Bytyrin, Y., Shapenko, L., Zhuravel, Y. & Lukashenko A. (2022). Advantages and Disadvantages of the Local Government Reform in Ukraine and Other Countries: A Comparative Legal Analysis. *Studia Regionalne i Lokalne*, 88(2). <http://dx.doi.org/10.7366/1509499528803>
27. Schmäing, S. (2023). Urban democracy in post-Maidan Ukraine: conflict and cooperation between citizens and local governments in participatory budgeting. *European Societies*, 1–23. <https://doi.org/10.1080/14616696.2023.2183972>
28. European Commission. (2023). *Ukraine 2023 Report*. https://neighbourhood-enlargement.ec.europa.eu/system/files/2023-11/SWD_2023_699%20Ukraine%20report.pdf
29. Ukrinform. (2020). Na vyborah mera Mukacheva vdruhe peremagaje Baloga [In the mayoral elections, Mukacheva wins Balog for the second time] – (In Ukrainian). <https://www.ukrinform.ua/rubric-elections/3123945-na-viborah-mera-mukacheva-vdruhe-peremagae-baloga.html>
30. Verkhovna Rada of Ukraine. (1997). On Local Self-Government in Ukraine. <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/en/280/97-%D0%B2%D1%80/find?text=%F1%F3%E1%E2%E5%ED%F6lang%3Duk#Text>
31. Verkhovna Rada of Ukraine. (2010). Budget Code of Ukraine. <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/2456-17/find?text=%F1%F3%E1%E2%E5%ED%F6lang%3Denlang%3Denlang%3Den#Text>
32. Verkhovna Rada of Ukraine. (2014). On Cooperation of Territorial Communities. <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/1508-18?lang=en#Text>
33. Madlovics, B. & Magyar, B. ed., *Ukraine's Patronal Democracy and the Russian Invasion*. CEU Press.
34. *Ukrainska Pravda*. (2019). Partiju "Doverjaj delam" vozglavil Kernes: obrugal mitingujushhii i vspomnil o Janukoviche [The party "Trust Affairs" was headed by Kernes: he scolded the protesters and remembered Yanukovich] – (In Russian). <https://www.pravda.com.ua/rus/news/2019/06/2/7216891/>
35. *Hromadske*. (2023). Aleksandra Mamaja uvolili s dolzhnosti mjera Poltav [Alexander Mamai fired from the post of mayor of Poltava] – (In Russian). <https://hromadske.ua/ru/posts/aleksandra-mamaja-uvolili-s-dolzhnosti-mera-poltavy>
36. Verkhovna Rada of Ukraine. (1993). On State Service. <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/en/3723-12#Text>
37. Verkhovna Rada of Ukraine. (2016). On State Service. <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/en/889-19?lang=en#Text>

Нұргиса Кушерова¹ , Салтанат Жалмагамбетова² 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, «Тұран» университетінің оқытушысы
e.mail: nurgisa-polit@mail.ru

(Алматы, Қазақстан)

² Astana IT University, Жалпы білім беру пәндері мектебінің ассистент-профессоры, PhD
e.mail: salta.kaz13@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛОББИЗМ МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Андатпа. Зерттеу жұмысы лоббистік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзара байланысын саяси және құқықтық тұрғыдан кешенді түрде талдауға арналған. Лоббизм қазіргі заманғы саяси жүйеде заңмен реттелген жағдайда азаматтық қоғам мен билік арасындағы ашық диалог тетігі ретінде қарастырылады. Алайда ол заңсыз, бақылаусыз, жасырын түрде жүргізілген кезде сыбайлас жемқорлық қаупін тудыра алады. Осы тұрғыда, Қазақстан жағдайында лоббистік қызметтің құқықтық реттелмеуі жемқорлық тәуекелдерінің артуына себеп болуы мүмкін.

Жұмыста лоббизм ұғымының мәні, халықаралық тәжірибедегі құқықтық шектеу құралдары, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың даму бағыттары және осы екі құбылыстың түйісу нүктелері сараланып көрсетілді.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда лоббизм мен сыбайлас жемқорлық арасындағы шекаралардың бұлыңғыр екендігі және оны құқықтық негізде нақтылау қажеттілігі дәлелденді. Лоббизмді заңдастыру, ашықтық пен есептілікті енгізу арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға болатыны көрсетілді. Осы ғылыми жұмыс қорытындысында бірқатар ұсыныстар мен практикалық тетіктер ұсынылды. Зерттеу нәтижелері мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға, құқықтық реформаларды жетілдіруге және саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етуге септігін тигізе алады.

Түйін сөздер: лоббизм, қысым топтары, мүдделі топтар, сыбайлас жемқорлық, демократия, Қазақстан, билік, азаматтық қоғам, ашықтық.

Нургиса Кушерова, Салтанат Жалмагамбетова
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ ЛОББИЗМА И КОРРУПЦИОННЫХ
ДЕЙСТВИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Исследовательская работа посвящена комплексному политико-правовому анализу взаимосвязи лоббистской деятельности и антикоррупционного законодательства. Лоббирование рассматривается в современной политической системе как механизм открытого диалога между гражданским обществом и властью в условиях, регулируемых законом. Однако при незаконном, неконтролируемом, тайном проведении он может представлять опасность коррупции. В этом контексте, в условиях Казахстана правовое регулирование лоббистской деятельности может стать причиной роста коррупционных рисков.

В работе проанализированы сущность понятия лоббизма, инструменты правового ограничения в международной практике, направления развития антикоррупционной политики в Казахстане и точки соприкосновения этих двух явлений.

В результате исследования было доказано, что границы между лоббизмом и коррупцией в Казахстане размыты и необходимость их уточнения на правовой основе. Было показано, что коррупцию можно предотвратить путем легализации лоббирования, введения прозрачности и подотчетности. В заключении данной научной работы был представлен ряд предложений и практических механизмов. Результаты исследования могут способствовать укреплению доверия между государством и обществом, совершенствованию правовых реформ и обеспечению прозрачности политической системы.

Ключевые слова: лоббирование, группы давления, группы интересов, коррупция, демократия, Казахстан, власть, гражданское общество, открытость.

Nurgisa Kuserov, Saltanat Zhalmagambetova
**SOME ISSUES IN THE STATE REGULATION OF LOBBYING
AND CORRUPTION ACTIONS IN KAZAKHSTAN**

Abstract. The research paper is devoted to a comprehensive political and legal analysis of the relationship between lobbying activities and anti-corruption legislation. Lobbying is considered in the modern political system as a mechanism of open dialogue between civil society and government in conditions regulated by law. However, if conducted illegally, uncontrolled, or secretly, it may pose a risk of corruption. In this context, the legal regulation of lobbying activities in Kazakhstan may lead to an increase in corruption risks.

The paper analyzes the essence of the concept of lobbying, the instruments of legal restriction in international practice, the directions of development of anti-corruption policy in Kazakhstan and the points of contact between these two phenomena.

The study proved that the boundaries between lobbying and corruption in Kazakhstan are blurred and that they need to be clarified on a legal basis. It has been shown that corruption can be prevented by legalizing lobbying, introducing transparency and accountability. At the conclusion of this scientific work, a

number of proposals and practical mechanisms were presented. The results of the study can contribute to strengthening trust between the state and society, improving legal reforms and ensuring transparency of the political system.

Keywords: *lobbying, pressure groups, interest groups, corruption, democracy, Kazakhstan, power, civil society, transparency.*

Кіріспе

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесінде шешім қабылдау процесіне азаматтық қоғам институттары мен жеке мүдде білдіруші топтардың ықпал етуі артып келеді. Бұл құбылыс, бір жағынан, демократиялық үрдістердің дамуын көрсетсе, екінші жағынан, лоббистік қызмет пен сыбайлас жемқорлық шекарасын ажыратуды уақыт өткен сайын күрделендіре түсуде. Лоббизм ашық әрі заңды түрде жүзеге асқанда тиімді қоғамдық диалог құралы бола алады, ал реттелмеген жағдайда ол сыбайлас жемқорлықтың жасырын түріне айналуы ықтимал. Зерттеу жұмысы аталған екі құбылыстың өзара байланысын анықтап, лоббизм мен жемқорлық арасындағы нақты шекараны айқындауға бағытталған.

Бүгінгі күні билік пен азаматтық қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа құқықтық формалары қалыптасып келеді. Осы үдерісте лоббизм институты мемлекеттік шешімдерге әсер ету тетігі ретінде танылып отыр. Дамыған елдерде лоббистік қызмет заңмен реттеліп, билік пен мүдделі топтар арасындағы байланысты қалыптастыратын ашық әрі заңды құрал ретінде қолданылады. Ал посткеңестік кеңістіктегі елдерде, оның ішінде Қазақстанда лоббизмнің заңнамалық реттелмеуі бұл қызмет түріне сенімсіздік пен күдік тудыруда.

Реттелмеген лоббизмнің сыбайлас жемқорлықпен ұштасу мүмкіндігі бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді. Жасырын түрде жеке немесе корпоративтік мүддені қорғау және ілгерілету, бейресми ықпал ету, пара беру немесе туыстық байланыстар арқылы шешім қабылдау әрекеттерінің саяси процестерге белсенді енуі лоббизм мен жемқорлық қатынастарының көп факторлы күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Сондықтан бұл екі құбылыстың өзара байланысын, шекарасын, қайшылықтары мен заңды үйлесімін талдау практикалық саясат үшін де, құқықтық ғылым үшін де өзекті болып отыр.

Бейресми лоббизмнің жемқорлыққа трансформациялану механизмін қарастыру мақаланың ғылыми жаңалығы болып табылады. Өйткені, аталған құбылыстың эволюциясын зерттеген ғылыми жұмыстардың кемшіндігі білімдегі теориялық бастықты толтыруға мүмкіндік береді және жалпы қысым топтарының табиғатын түсінуге, іс-қимылын болжауға, демократиялық қатысудың сыбайлас жемқорлыққа дейінгі арақатынасын айқындауға жол ашады.

Осыған орай, лоббизмді тек билікпен байланысты саяси қатысудың формасы ғана емес, жемқорлыққа қарсы превентивті институционалдық сүзгі ретінде қарастыруды ұсынамыз. Өйткені, бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық фактілері тек мұндай іс-әрекет орын алғаннан кейін

құқықтық бағалауға бейім болғандықтан, алдын алу шараларының нақты механизмдері анықталмаған немесе мүлде әзірленбеген деуге болады. Сәйкесінше, ұсынып отырған тұжырым арқылы, жалпы қысым топтарының әрекет ету платформалары жемқорлыққа қарсы негізге алынуы керек деген тұжырымға келеміз.

Зерттеудің мақсаты лоббизм мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың арақатынасын айқындау, олардың қайшылықтары мен үйлесу нүктелерін анықтап, құқықтық реттеу тетіктерін ұсыну. Зерттеудің теориялық негізіне шетелдік және отандық ғылыми еңбектер, заңнамалық актілер, халықаралық конвенциялар, практикалық мысалдар алынды.

Зерттеу әдістері

Диссертациялық жұмысты жазу барысында жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, нормативтік-құқықтық, мазмұндық талдау, эмпирикалық талдау әдістері қолданылды. Жүйелі-құрылымдық талдау әдісі арқылы лоббизм мен сыбайлас жемқорлықтың құқықтық табиғаты анықталды. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары құрылымдық деңгейде сараланды.

АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ және Қазақстандағы лоббизм мен антикоррупциялық саясаттың ерекшеліктері салыстырмалы-құқықтық талданды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, халықаралық құқықтық құжаттар (БҰҰ, ЭЫДҰ) мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік база зерттелді. БАҚ материалдары, ғылыми мақалалар, аналитикалық шолулар арқылы лоббистік әрекеттер мен жемқорлық тәуекелдері зерделенді.

Эмпирикалық талдау Қазақстан жағдайын нақты мысалдар арқылы түсіндіруге қолданылды. Сондай-ақ, ашық дереккөздерден Қазақстандағы лоббизмге жанама немесе тікелей қатысы бар субъекттердің қылмыстық тарихы корреляциялық талданды. Атап өтетін жайт, сот материалдары қылмыстық істерді құқықтық бағалауда Қылмыстық кодекс баптарына сүйенетіндіктен, лоббистік іс-әрекеттердің коррупцияға ұласуын анықтау қиындық тудырады. Сол себепті, біздер қоғамдық негіздегі комиссия мүшелерінің, қысым топтарының өкілдерінің, басқа да саяси қатысушылардың қылмыстық тарихынан лоббизм ізін іздеуге тырыстық.

Бұл әдістер зерттеудің кешенді сипат алуына, теория мен практиканың байланысын күшейтуге мүмкіндік берді.

Нәтижелерді талқылау

Лоббизм – қазіргі заманғы саяси жүйелердегі ықпал ету құралы ретінде қалыптасқан күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Ғылыми әдебиетте бұл ұғым мүдде білдіруші топтардың мемлекеттік шешім қабылдау процесіне заңды және бейресми түрде араласуын білдіреді. Лоббистік қызметтің мақсаты белгілі бір топтың, саланың немесе ұйымның пайдасына қолайлы саяси-құқықтық шешім қабылдануына әсер ету. Термин алғаш рет XVIII ғасырда Ұлыбритания парламентінде пайда болып, кейін АҚШ-

та кең қолданыс тапты. Бүгінде лоббизм демократиялық елдерде заңмен реттелген және саяси процестің қалыпты бөлігі ретінде қарастырылады.

Ғылыми тұрғыдан лоббизмді зерттеу ХХ ғасырдың ортасында АҚШ-та саяси ғылымдар шеңберінде басталды. Дж. Труман, Р. Даль, А. Бентли сынды зерттеушілер қысым көрсету топтарының қызметін саяси плюрализмнің көрінісі ретінде бағалады [1]. Лоббизм демократиялық жүйеде азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін делдал ретінде қарастырылады. Алайда ол ашықтық, есептілік және заңдылық принциптерінен ауытқыған жағдайда сыбайлас жемқорлықтың тікелей не жасырын түрлерімен тоғыса алады.

Қазіргі заманғы түсінікте лоббистік қызмет мемлекеттің саяси шешімдеріне ықпал ету мақсатында белгілі бір топтардың өз мүдделерін ашық және заңды жолмен қорғау қызметі болып саналады. Бұл қызмет үкіметтік емес ұйымдар, коммерциялық ұйымдар, кәсіподақтар, кәсіби қауымдастықтар, қоғамдық қозғалыстар арқылы жүзеге асады. Лоббизмнің басты мақсаты заң шығару немесе атқарушы билік органдары қабылдайтын шешімдерге әсер ету арқылы лоббисті қолдайтын топтың, ұйымның немесе саланың мүддесін қорғау. Бұл қызметтің бірнеше негізгі функцияларын бөліп көрсетуге болады:

Біріншіден, ақпараттық функция – биліктің назарына мүдде қорғалатын немесе қандай да бір өзгерістерге бастайтын процестерге ықпал ету мақсатында жан-жақты дәлелдер мен сараптамалық материалдарды ұсыну.

Екіншіден, қоғамдық пікірді қалыптастыру – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ілгерілетуші позицияны, ұстанымды экстраполяциялау, насихат жұмыстарының көмегімен билікке, шешім қабылдаушы субъектке қоғамдық қысым қалыптастыру.

Үшіншіден, саяси байланыс орнату – лауазымды тұлғалар, парламент депутаттарымен іскерлік кездесулер өткізіп, кәсіби қарым-қатынас орнату арқылы белгілі бір мүдделерге қол жеткізеді немесе өзіне тиімді шешімдер қабылдатуға әсер етеді.

Төртіншіден, қаржылық қолдау - заң шеңберінде партияларды, сайлауға қатысушы үміткерлерге демеушілік жасау арқылы ниеттестік көрсету, осылай өзінің қызметі мен іс-әрекетіне тиімді жағдай мен қолайлы алаңдар қалыптастыру.

Төртіншіден, құқықтық ықпал ету – қабылданғалы жатқан заң жобаларына ресми немесе бейресми каналдар арқылы түзетулер мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді, дайындайды. Осы құралдарды тиімді қолдану арқылы лоббистік ұйымдар шешім қабылдаушыларға жанама ықпал етеді. Демек, лоббизмді мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы кері байланыстың бір түрі ретінде де қарастыруға болады.

Лоббистік қызмет көбінесе мүдде білдіруші топтармен байланыста қарастырылады. Олардың қатарында белгілі бір әлеуметтік, кәсіби немесе экономикалық мүддесі бар қауымдастықтарды атауға болады. Әдетте бұл топтар билік алдында өз мүдделерін қорғау немесе ілгерілету үшін кәсіби лоббистерді жалдап жатады немесе өз ішінен сарапшы-

лар дайындайды. Мысалы, бизнес құрылымдары салық заңнамасын өзгерту, ауыл шаруашылығы ұйымдары субсидия саясатын қайта қарау, экологиялық ұйымдар табиғатты қорғау бойынша заң жобаларын қолдау, фармацевтикалық компаниялар өз өнімдерін нарыққа енгізу үшін денсаулық сақтау саласына әсер ету және т.б. үшін қысым топтарын құрады немесе лоббисттік іс-әрекеттерді ұйымдастырады.

Лоббизмнің құқықтық табиғаты әр елдің саяси-әлеуметтік құрылымына, құқықтық жүйесіне және азаматтық қоғам деңгейіне байланысты әртүрлі болады. Мысалы, АҚШ-та 1946 жылдан бері лоббизм арнайы заңмен реттеледі. «Lobbying Disclosure Act» бойынша лоббистердің тіркелуі, әрекеттері туралы есеп беруге міндетті [2]. Канадада «Lobbying Act» лоббистік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді, ал Еуропалық Одақта «Transparency Register» арқылы Еурокомиссия мен Еуропарламентке ықпал ету әрекеттері тіркеліп отырады. Қазақстанда «Лоббистік қызмет туралы» жеке заң әлі қабылданбағанымен, лоббизмнің жекелеген элементтері «Қоғамдық кеңестер туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдарда көрініс табады [3, 4].

Лоббизмнің ашық және заңмен реттелген нұсқасы демократиялық қоғамның қажетті функциясы болып табылса, реттелмеген лоббизм немесе жасырын ықпал ету әрекеттерін сыбайлас жемқорлыққа әкелетін іс-әрекет түрі ретінде қарастырамыз. Біріншісі – заңды, екіншісі – заңсыз қызмет. Алайда заңмен нақты реттелмеген жағдайда немесе әлсіз шектеу тетіктерімен бұл екі құбылыстың ара-жігін ажырату күрделене түседі. Мысалы, шенеуніктерге бейресми түрде материалдық сыйлық ұсыну, құпия келіссөздер арқылы заң жобасына әсер ету, отбасылық, туыстық байланыстар арқылы шешім қабылдату және т.б. Мұндай жағдайлар лоббизм мен сыбайлас жемқорлық арасындағы байланыстарды түсінуді қиындатады және арнайы заңнамалық тетіктердің болмауы мемлекеттік реттеуді күрделендіре түседі.

Лоббизм азаматтық қоғам мен билік арасындағы өзара әрекеттестікті білдіретін маңызды құбылыс. Бірақ ол тек заңмен нақты реттелген, ашық формада болса ғана демократиялық механизм ретінде өмір сүре алады. Ал бейресми және бақылаусыз қалдырылса ол сыбайлас жемқорлықтың қайнар көзіне айналу ықтималдылығы жоғары [5]. Сондықтан лоббистік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың өзара байланысын терең зерттеу аса маңызды. Әрі қарай, сыбайлас жемқорлық туралы заңнаманың мақсаттары мен оның лоббистік қызметпен өзара байланысын қарастырып көрейік.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік биліктің беделіне, қоғамдық сенімге, экономикалық тұрақтылық пен заң үстемдігіне тікелей қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде танылатындығы белгілі. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы құқықтық жүйені әлсіретіп, инвестициялық ахуалды нашарлатады және азаматтардың мемлекетке деген сенімін төмендетеді. Әсіресе мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде жеке мүдделердің үстем болуы қоғамның демократиялық дамуына кері әсерін тигізетін негізгі факторлардың бірі. Мұндай жағдайлар

жиі лоббистік әрекеттермен қатар жүреді. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында бұл ұғым «жеке немесе делдал арқылы лауазымды өкілеттіктерді немесе оған теңестірілген құқықтарды жеке пайдасы үшін заңсыз пайдалану» ретінде анықталады [6]. Заңнамадағы делдалдық қызметтің заңсыз әрекеті сыбайластық деп танылатындығы айқын және анық жазылған.

Лоббизмнің қызмет аясында делдалдылық механизмдерінің бар екендігін ескеруіміз қажет. Көп жағдайда тараптардың келісімге келуі немесе ортақ шешімдерге жетелейтін ұсыныстар сарапшылардың көмегімен жүзеге асып жатады. Мұндай қызметтер құзырлы органның қарауы бойынша оңай сыбайлас жемқорлық қызметіне жатқызылуы мүмкін. Бұл лоббизмді заңмен реттеуді және кейбір түсініктер мен іс-әрекеттерді қайта қарауды талап етеді.

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше назар аударып отырған елдердің бірі. 2014 жылы қабылданған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы (2015–2025 жж.) еліміздің бұл бағыттағы ұзақ мерзімді саясатын айқындады [7]. Стратегияның басты мақсаттары:

- мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру;
- шешім қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік сатып алудағы әділдікті күшейту;
- қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайту.

Аталған стратегияны іске асыру шеңберінде бірқатар заңнамалық реформалар қабылданды. Атап айтқанда, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдар және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымы қайта жасақталды.

Сонымен қатар, Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына (UNCAC) және ЭЫДҰ-ның (OECD) тиісті халықаралық нормаларына қосылып, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық міндеттемелерді мойнына алды [8].

ҚР заңдарындағы азаматтық қатысу мен ақпаратқа еркін қол жеткізу секілді демократиялық нормативтік актілер лоббистік қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар мен міндеттемелер оның қызметіндегі коррупциялық белгілерді айқындайды. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлық пен лоббизмнің өзара байланысы – құқықтық, саяси және моральдық тұрғыда күрделі мәселе. Бір жағынан, лоббизм заңмен бекітілген жағдайда мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыратын құрал бола алады. Екінші жағынан, егер лоббистік қызмет реттелмеген, бақылаусыз және жасырын түрде жүргізілсе, ол сыбайлас жемқорлықтың нақты көрінісіне айналады.

Халықаралық заңмен реттелген лоббизм тәжірибесіне сәйкес лоббизм мен сыбайлас жемқорлықтың арасындағы шекараны оңай анықтауға болады. Ал лоббизм заңмен реттелмеген жағдайда сыбайлас жемқорлықпен

арадағы ұғым және түсінік, жұмыс жасау механизмдерін ажырату қиындай түседі (1 кесте).

1-кесте. Лоббизм мен сыбайлас жемқорлықтың шекаралық арақатынасы.

№	Көрсеткіш	Лоббизм	Сыбайлас жемқорлық
1.	Құқықтық негіз	Заңмен рұқсат етілген	Қылмыстық заңмен тыйым салынған
2.	Мақсаты	Қоғамдық немесе топтық мүдде қорғау	Жеке пайда табу
3.	Ашықтық	Ашық, тіркелетін әрекеттер	Жасырын, бейресми әрекеттер
4.	Есептілік	Қоғам алдында есеп береді	Құпия келісімдер, жасырын ықпал

Осы шекаралар бұлыңғырланған жағдайда лоббизм парақорлықтың бір формасына айналып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама арқылы жазаланады. Сондықтан көптеген елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар лоббизмді реттеуге бағытталған нормалармен толықтырылады.

Қазақстанда «Лоббизм туралы» жеке заң қабылданбағанымен, жемқорлықпен күрес туралы заңнамада лоббистік қызметтің қауіпті аспектілерін шектеуге бағытталған нормалар бар. Атап айтқанда, мүдделер қақтығысын болдырмау, шенеуніктерге сыйлық алуға тыйым салу, шешім қабылдау процесінің ашықтығы мен есептілігі. Бұл ережелердің мақсаты мемлекеттік шешімдерге заңсыз ықпал ету мүмкіндігін барынша азайтуға саяды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтудың, биліктің ашықтығы мен әділдіктің басты кепілі. Лоббизм егер заң аясында, ашық және тіркеулі түрде жүргізілсе, ол демократиялық процестің бөлшегі ретінде қарастырылады. Реттелмеген және бейресми түрде жүргізілетін лоббизм сыбайлас жемқорлыққа жол ашады. Сондықтан Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың шеңберінде лоббистік қызметті құқықтық жағынан нақтылау және шектеу мәселесі өзекті болып отыр.

Лоббизм мен сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік шешімдерге ықпал етуге бағытталған екі түрлі құбылыс. Біріншісі демократиялық саяси жүйенің заңды бөлігі ретінде қарастырылса, екіншісі заңға қайшы, жасырын әрекет ретінде бағаланады. Дегенмен, бұл екі ұғым арасындағы шекара нақты белгіленбеген жағдайда, олардың өзара ұштасу қауіпі жоғарылайды.

Кейбір зерттеушілер лоббизм мен жемқорлықты «ықпал ету кеңістігіндегі екі түрлі құрал» деп сипаттайды [9]. Егер лоббизм ашық, заңды және есептілікке негізделсе, ол мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қоғамның қатысуын қамтамасыз етеді. Ал егер ол жасы-

рын, бейресми немесе жеке пайда көздеумен ұштасса, ол жемқорлық сипат алып, саяси жүйенің ашықтығына қауіп төндіреді.

Біздің ойымызша, лоббизмнің жемқорлыққа ұласу жағдайларын бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Алдыңғы кезекте мүдделер қақтығысын атаймыз. Шенеуніктің өзінің немесе жақын таныстарының мүддесі қорғалатын жерлерде шешім қабылдау үрдістеріне тікелей немесе жанама қатысуы жеке мүдденің мемлекеттікінен басымдығымен сипатталады.

Келесі «бейресми келісімдер» аясында өтетін лауазымды тұлғалар мен мүдделі топтар арасындағы жасырын уағдаластықтарды атауға болады. Лоббистік топтар үнемі мүдделерін ілгерілетудің оңтайлы сәттерін іздестіретіндіктен, кейбір жағдайларда бұл сыбайластықтың дамуына жол ашып жатады.

Әрі қарай, бұл тізімге сыйақы немесе қызмет көрсетуді, яғни лоббист тарапынан шенеунікке көрсетілетін жеке қызмет түрлерін, мысалға саяхат, сыйлық, жұмыс ұсыну және т.б. атай аламыз. Осы қатарға ақпараттық жабықтықты да қосуға болады. Лоббистік әрекеттердің құжатталмауы, тіркелмеуі, жария етілмеуі сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады. Мұндай жағдайларда лоббизм өзінің ашық сипатын жоғалтып, «пара беру мен алу» немесе «лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану» секілді қылмыстық сипаттағы іс-әрекетке айналады [10].

Жоғарыдағы пайымдауларға сәйкес, Қазақстанда лоббизмнің заңды мәртебесі анықталмаған деген тұжырымға келеміз. Бұл жағдай лоббистік әрекеттердің көбінесе бейресми арналар арқылы жүзеге асуына, ал кейде сыбайлас жемқорлыққа негіз болуына ықпал етеді. Қазақстанда қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң мен мемлекеттік қызметке қатысты басқа да құқықтық актілер лоббистік қызметтің жекелеген элементтерін шектеуге тырысады. Бірақ жүйелі құқықтық негіздің болмауы лоббизм мен жемқорлық арасындағы шекараның бұлыңғыр болуына жол ашып отыр.

2015 жылы «Лоббистік қызмет туралы» заң жобасы ұсынылып, оның Парламентте қабылданбауы қоғамда лоббизмге деген күмән мен теріс пікірдің орныққандығын көрсетеді. Сәйкесінше, лоббизмнің жемқорлықпен теңестірілуі, бүгінде оның әлеуетін тиімді пайдалануға кедергі келтіруде. Сондықтан Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін лоббизмді заңдастыру, оны ашық және есепті жүйеге айналдырады деп санаймыз.

Мұндай тәсіл:

- шешім қабылдау процесіне қоғамдық қатысуды арттырады;
- лоббистік әрекеттердің жасырын сипатын жояды;
- мүдделер қақтығысының алдын алады;
- лоббистер мен шенеуніктер арасындағы қатынасты құқықтық шеңберге енгізеді.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімі

Эмпирикалық деректер көрсеткендей, саяси қатысу және қысым топтарының қызмет аясына қоғамдық кеңестер, ассоциациялар, кәсіпкерлік палаталары секілді мемлекеттік органдармен тығыз қарым-қатынастағы ұйымдар кіреді. Олардың мемлекеттік органдармен құрылатын қарым-қатынастары ақпараттық-консультативтік, сараптамалық, мемлекеттік саясатты ілгерілетушілік негіздеріне құрылғандықтан мұндай субъекттер шенеуніктермен тікелей байланыс орнату мүмкіндігіне ие және оларға мемлекеттік ақпараттар немесе басқа ресурстар оңай қолжетімді. Осыған орай, зерттеу жұмысы аясында лоббизмнің сыбайлас жемқорлыққа ұласу жағдайларын эмпирикалық тұрғыда дәлелдейтін бірнеше кейстерді қарастырдық.

Бірінші кейс. Бірінші кредиттік бюроның Бас директоры Руслан Жеңісұлы Омаров 2025 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңеске мүше ретінде енген болатын [11]. Кеңес өз жұмысында елдің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын талқылауға және дамытуға қатысатын кәсіби қоғамдастық өкілдерін, сарапшылар мен институттардың басын біріктіреді. Қаржы саласындағы сарапшы ретінде Р.Омаровтың министрлік жанындағы ұйымға мүше ретінде қабылдануы оның мемлекеттік органдармен тығыз қарым-қатынасын көрсетеді. Саяси ғылымда лоббизм тек қысым көрсету құралы ғана емес, ең алдымен, шешім қабылдаушы тұлғаларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету тетігі ретінде қарастырылады. Бұл бағыт ғылыми әдебиетте «ақпараттық лоббизм теориясы» немесе «сарапшылық лоббизм» деп те аталады [12]. Р.Омаровтың қызметіндегі «сарапшылық лоббизм» көріністері аз уақыт ішінде жемқорлыққа трансформацияланғанын байқадық. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі 2025 жылдың 3 шілдесінде «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС басшылығы (Руслан Омаров – авт.) жүйелі негізде «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ басшылығының атына қаржы ұйымдарының сұраныстарын өңдеу үшін қажетті ақпараттық қызметтер көрсету кезінде мүдделерді лоббилегені үшін заңсыз сыйақылар бергені туралы хабарлады [13].

Лоббизмнің сыбайлас жемқорлыққа трансформациялану тетіктерін Дж. Стиглердің «реттеуші органдарды иемдену» (Regulatory Capture) және Дж. Хеллманның «мемлекетті басып алу» (State Capture) теориялары арқылы негіздеуге болады. Бұл концепциялар бойынша, құқықтық реттеудің болмауы лоббистік қызметтің ашық ақпараттық алмасудан жасырын мүдделер қақтығысына ауысуына ықпал етеді. Нәтижесінде, мемлекеттік институттар қоғамдық игіліктен гөрі, жекелеген пайда көздеуші топтардың мақсаттарына қызмет ете бастайды (1-сурет). Омаровтың кейсі «мемлекетті басып алу» теориясының іс жүзінде қалай жұмыс жұмыс жасайтынына үлгі бола алады [14].

1-сурет. Лоббистік қызметтің жемқорлыққа трансформациялану механизмі.



1-суретте институционалдық делдалдық механизмі арқылы лоббизмнің сыбайлас жемқорлық схемасына трансформациялануы көрсетілді. Лоббизмнің ашық ережелері жоқ жағдайда жеке ұйым басшысы (Р. Омаров) мемлекеттік ресурстардан пайда алуға ұмтылатын лоббист рөлінде көрінеді. Бұл жерде саяси капитал жинақтаған делдал (Д. Арғындықов - экс-вице-министр) негізгі элементке айналып, шешім қабылдаушы тұлғаға (А. Сарбасов) қол жеткізуге көмектеседі. Осылайша, құқықтық реттеудің болмауынан бизнестің заңды мүддесі бейресми жүйе арқылы жүзеге асырылған. Бұл мүдделер қақтығысына және тікелей сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына әкеп соқтырып отыр.

Екінші кейс. ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы облысы департаменті облыстық прокуратурамен бірге бес ауданда: Балқаш, Еңбекшіқазақ, Кеген, Райымбек және Ұйғыр аудандарында жалған ауыл шаруашылығы кооперативтерін құрып, осындай схеманың көмегімен мемлекет қазынасынан 1,2 млрд теңгеден астам ақша ұрлады деп айып тағылған [15] «Shoran-ata» Қазақстан қой өсірушілер ұлттық қауымдастығының» төрағасы Алмасбек Садырбаевтың ісі лоббизмнің жемқорлыққа трансформациялану жолын түсіндіру үшін ашық мысал бола алады.

Қазақстандағы ЖӨӨБ институционалдық дамытуға бағытталған реформаларға қарамастан, азаматтық қоғам институттарының нақты басқарушылық шешімдерге ықпал ету деңгейі шектеулі күйінде қалып отыр. Бұл жағдай формалды құқықтық институттар мен олардың нақты функционалдық жүзеге асырылуы арасындағы институционалдық алшақтықтың сақталып отырғанын көрсетеді.

Бұл зерттеу Қазақстан жағдайында азаматтық қатысудың жергілікті басқару тиімділігіне әсері тікелей емес, қаржылық дербестік және басқару ашықтығы арқылы медиаторлық механизммен жүзеге асатынын алғаш рет эмпирикалық түрде дәлелдейді.

Ұсынылған көпдеңгейлі институционалдық модель Spearman корреляциясы және көпфакторлы регрессиялық талдау негізінде тексерілді.

Зерттеулер жергілікті басқару тиімділігі үш негізгі институционалдық айнымалыға тәуелді екенін көрсетеді:

- басқару өкілеттігінің дербестігі;
- қаржылық ресурстарды басқару мүмкіндігі;
- азаматтардың шешім қабылдау процестеріне институционалдық қатысу арналарының болуы.

Осы факторлардың үйлесімі жергілікті басқарудың жауапкершілік деңгейін, ресурстарды бөлу тиімділігін және қоғамдық сенім динамикасын анықтайды.

ЖӨӨБ дамыту контекстінде азаматтық қоғам институттарының рөлі қазіргі институционалдық теория мен мемлекеттік басқару зерттеулерінде кеңінен қарастырылады. Бұл зерттеу үш өзара байланысты теориялық бағытқа сүйенеді.

Осы теориялық негізге сүйене отырып, зерттеуде келесі тексерілетін гипотезалар ұсынылады. Азаматтық қатысу деңгейі ЖӨӨБ тиімділігіне статистикалық мәнді оң әсер етеді.

Зерттеу азаматтық қоғам институттарының ықпалын түсіндіретін көпдеңгейлі институционалдық модельге негізделеді.

Зерттеудің аналитикалық логикасын жүйелеу мақсатында азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ тиімділігіне ықпал ету механизмі көпдеңгейлі институционалдық модель ретінде құрылымдалды.

Модель құрылымы келесі себеп-салдарлық тізбекті көрсетеді: азаматтық қатысу → институционалдық медиаторлар → басқару тиімділігі.

Медиаторлар құрамына:

- қаржылық дербестік деңгейі;
- басқару ашықтығы;
- азаматтық қатысу инфрақұрылымы;

Модель әсерінің қарқындылығы өңірлік институционалдық ресурстармен модерацияланады. Осылайша, азаматтық қоғам ықпалы тікелей әсер емес, институционалдық орта арқылы жүзеге асатын жанама ықпал ретінде концептуалданады.

Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ тиімділігіне ықпалын тек тікелей әсер ретінде емес, институционалдық медиаторлар мен өңірлік модераторлар арқылы түсіндіретін көпдеңгейлі аналитикалық модельді эмпирикалық тексеруде көрінеді. Қолданыстағы зерттеулерде азаматтық қатысу көбіне дербес фактор ретінде қарастырылса, бұл зерттеу оның ықпалы институционалдық ресурстар құрылымы арқылы жүзеге асатынын көрсетеді.

Осылайша, зерттеу азаматтық қатысу мен басқару тиімділігі арасындағы байланысты институционалдық контекстпен байланыстыратын интеграцияланған түсіндіру үлгісін ұсынады және посткеңестік басқару жүйелеріндегі формалды институттар мен нақты нәтижелер арасындағы алшақтықты түсіндіруге үлес қосады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ жүйесіне ықпалын кешенді бағалауға бағытталған аралас әдіснамалық (mixed-methods) дизайн негізінде жүргізілді. Әдіснамалық негіз ретінде институционалдық талдау, салыстырмалы-құқықтық тәсіл, сандық-эмпирикалық өлшеу және сапалық интерпретация әдістері біріктірілді. Теориялық деңгейде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы және жергілікті басқаруды реттейтін өзге нормативтік-құқықтық актілер контент-талдау әдісімен зерттеліп, азаматтық қатысу тетіктері, қаржылық дербестік, қоғамдық бақылау және есептілік рәсімдері негізгі кодтау бірліктері ретінде анықталды. Осы негізде азаматтық қоғам ықпалын өлшеуге арналған институционалдық индикаторлар жүйесі қалыптастырылды. Сонымен қатар халықаралық тәжірибені бағалау мақсатында салыстырмалы-институционалдық талдау жүргізіліп, жергілікті басқару өкілеттіктерінің дербестігі, бюджеттік автономия деңгейі және азаматтық қатысудың институционалдық механизмдері негізгі салыстыру өлшемдері ретінде алынды.

Эмпирикалық деректер құрылымдалған сауалнама арқылы жиналды. Іріктеу стратификацияланған-квоталық әдіс негізінде қалыптастырылып, Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы, елді мекен типі (қала/ауыл) және респонденттердің институционалдық тиесілігі ескерілді. Жал-

пы іріктеме көлемі 2756 респондентті құрады. Респонденттер құрылымы: үкіметтік емес ұйымдар өкілдері – 74,1%, жергілікті мемлекеттік органдар қызметкерлері – 15,1%, жергілікті қауымдастық мүшелері мен басқа сала мамандары – 10,5%. Қалалық респонденттер үлесі 63%, ауылдық жерлер – 37%, бұл үлестірім елдің демографиялық құрылымына сәйкес келтірілді.

Сауалнама құралы 25 сұрақтан тұрып, 5 балдық Ликерт шкаласы негізінде төрт негізгі өлшемді қамтыды: азаматтық қатысу деңгейі, басқарудың ашықтығын қабылдау, институционалдық ықпал арналарының қолжетімділігі және жергілікті басқару тиімділігін субъективті бағалау. Өлшеу құралдарының ішкі келісімділігі Cronbach's alpha арқылы бағаланып, барлық шкалалар бойынша сенімділік қабылданған шектен төмен емес екені анықталды ($\alpha \geq 0,70$). Сандық деректер SPSS статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, сипаттамалық статистика, Spearman рангілік корреляциясы, кросс-табуляциялық және өңірлік салыстырмалы талдау қолданылды ($p < 0,05$).

Айнымалылар арасындағы байланыс келесі регрессиялық модель арқылы бағаланды:

$$\text{Governance Effectiveness}_i = \beta_0 + \beta_1 \text{Civic Participation}_i + \beta_2 \text{Fiscal Autonomy}_i + \beta_3 \text{Institutional Openness}_i + \beta_4 \text{Participation Infrastructure}_i + \beta_5 \text{Regional Capacity}_i + \varepsilon_i$$

1-кесте. ЖӨӨБ тиімділігін түсіндіретін көпфакторлы регрессия нәтижелері

Айнымалы	β	Std. Error	t	p
Civic participation	0.31	0.04	7.75	<0.001
Fiscal autonomy	0.28	0.05	5.60	<0.001
Institutional openness	0.24	0.04	6.00	<0.001
Participation infrastructure	0.19	0.03	6.33	<0.001
Regional capacity	0.22	0.05	4.40	<0.001

$$R^2 = 0.54$$

$$F = 112.3$$

$$p < 0.001$$

Нәтижелер модельдің статистикалық мәнді екенін көрсетеді. Азаматтық қатысу басқару тиімділігіне оң әсер етеді, алайда оның әсері қаржылық дербестік пен институционалдық ашықтық деңгейі жоғары өңірлерде айқын күшейеді. Бұл институционалдық медиаторлардың causal mechanism ретіндегі рөлін растайды.

Мұнда медиаторлық әсерлер кезеңдік модельдер арқылы тексерілді, ал өңірлік институционалдық ресурстар өзара әрекеттесу мүшелері арқылы модератор ретінде енгізілді.

Елдер арасындағы айырмашылықтар институционалдық даму траекторияларымен түсіндіріледі. Германияда жергілікті басқарудың фискалдық автономиясы жоғары болғандықтан, азаматтық қатысу нақты

ресурстық шешімдерге ықпал етеді. Қатысу механизмдері басқару цикліне институционалдық түрде енгізілген және құқықтық міндеттілікке ие.

Қазақстанда азаматтық қатысу рәсімдері құқықтық тұрғыдан бекітілгенімен, қаржылық ресурстардың орталықтандырылуы және өкілеттіктердің әкімшілік деңгейде шоғырлануы азаматтық ықпалдың нәтижелік трансформациясын шектейді. Бұл институционалдық асимметрия азаматтық қатысуды кеңес беру деңгейінде ұстап тұрады.

Қырғызстан мен Өзбекстанда тарихи-әкімшілік мұраның әсері айқынырақ байқалады. Қатысу институттары формалды түрде бар болғанымен, ресурстық автономияның төмендігі олардың басқарушылық шешімдерге ықпал ету мүмкіндігін шектейді. Осылайша, азаматтық қатысудың басқару тиімділігіне ықпалы институционалдық автономия деңгейіне тікелей тәуелді.

Сандық нәтижелерді интерпретациялауды тереңдету үшін жергілікті басқару және азаматтық қоғам саласында кемінде бес жыл тәжірибесі бар 5 сарапшымен жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізіліп, алынған деректер тақырыптық талдау әдісімен жүйеленді. Осы әдіснамалық кешен азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ жүйесіне ықпалын институционалдық, өңірлік және функционалдық деңгейлерде кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Іріктеме құрылымында үкіметтік емес ұйым өкілдерінің үлесі жоғары болғандықтан, алынған нәтижелер азаматтық сектордың институционалдық тәжірибесін көбірек бейнелеуі мүмкін. Медиаторлық әсер кезеңдік регрессиялық модельдер арқылы тексерілді. Азаматтық қатысу мен басқару тиімділігі арасындағы тікелей байланыс институционалдық медиаторлар енгізілгеннен кейін статистикалық тұрғыдан әлсірейді, ал қаржылық дербестік пен басқару ашықтығы коэффициенттері жоғары мән көрсетеді. Бұл азаматтық ықпалдың басқарушылық нәтижелерге институционалдық арналар арқылы трансформацияланатынын дәлелдейді.

Зерттеу қорытындылары жалпы халықтың бағалауын толық сипаттайды деп емес, жергілікті басқарумен институционалдық өзара әрекетке қатысатын акторлардың қабылдауын сипаттайды деп интерпретацияланды.

Зерттеу көлденең эмпирикалық деректерге негізделгендіктен, анықталған статистикалық байланыстар себеп-салдарлық тәуелділікті толық дәлелдемейді. Нәтижелер азаматтық қатысу мен басқару тиімділігі арасындағы ассоциациялық қатынасты көрсетеді және институционалдық шарттарға тәуелді ықтимал әсер механизмдерін сипаттайды.

Әдебиеттерге шолу

Азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ жүйесіне ықпалын зерттеу қазіргі мемлекеттік басқару теориясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Халықаралық ғылыми әдебиеттерде бұл мәселе негізінен үш негізгі зерттеу желісі аясында қарастырылады: азаматтық қатысу те-

ориялары, жергілікті басқару тиімділігі модельдері және посткеңестік кеңістіктегі институционалдық трансформация зерттеулері.

R. Putnam әлеуметтік капитал теориясында азаматтық қатысу институттары сенім деңгейін арттыру арқылы мемлекеттік басқарудың тиімділігін күшейтетінін көрсетеді [12]. Оның пайымдауынша, азаматтардың өзара әрекеттестік желілері неғұрлым дамыған сайын, басқару институттарының легитимділігі мен жауапкершілігі жоғарылайды.

Fung және Wright әзірлеген *empowered participatory governance* моделі азаматтардың шешім қабылдау процестеріне нақты өкілеттіктер арқылы қатысуы басқарудың сапасын арттыратынын дәлелдейді. Бұл модельде қатысу кеңес беру емес, ресурстарды бөлу мен саясатты қалыптастыруға ықпал ететін институционалдық механизм ретінде қарастырылады [13].

Ansell мен Gash ұсынған *collaborative governance* тұжырымдамасы мемлекеттік және қоғамдық акторлардың бірлескен әрекетіне негізделген басқару режимін сипаттайды [14]. Бұл теория азаматтық қоғамды сыртқы бақылаушы емес, тең әріптес ретінде қарастырады.

Жергілікті басқару тиімділігін түсіндіретін зерттеулер негізінен институционалдық және ресурстық тәсілдерге сүйенеді.

Decentralization theory бойынша жергілікті деңгейде өкілеттіктер мен ресурстардың берілуі басқару сапасын арттырады. Oates фискалдық федерализм теориясында шешімдерді жергілікті деңгейде қабылдау ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

OECD және UNDP зерттеулерінде жергілікті басқару тиімділігі азаматтық қатысу, бюджет ашықтығы және есептілік деңгейімен тығыз байланысты екені көрсетілген. Ашық бюджет және қоғамдық мониторинг жүйелері басқару сапасының негізгі индикаторлары ретінде қарастырылады [6, 7].

Сонымен қатар, *governance performance models* басқару нәтижелерін тек институционалдық құрылыммен емес, қоғамдық сенім және әлеуметтік легитимділікпен байланыстырады. Бұл бағыттағы зерттеулер азаматтық қатысу басқару тиімділігіне тікелей емес, жанама әсер ететінін көрсетеді.

Посткеңестік кеңістіктегі зерттеулер азаматтық қатысу мен жергілікті басқарудың институционалдық дамуы тарихи және әкімшілік мұрамен шектелетінін көрсетеді.

Grindle және Treisman постсоциалистік мемлекеттерде формалды институттар мен нақты басқару практикасы арасында алшақтық бар екенін дәлелдейді. Заңнамалық реформалар енгізілгенімен, басқару мәдениеті мен ресурстық құрылым баяу өзгереді.

Орталық Азиядағы жергілікті басқару институттары тарихи және әкімшілік мұра ықпалымен қалыптасады [9]. Қырғызстандағы жергілікті кеңестер институционалдық тұрғыдан бекітілгенімен, қаржылық дербестіктің әлсіздігі олардың тиімділігін шектейді. Өзбекстандағы махалла институты тарихи негізде тұрақты болғанымен, оның автономиясы шектеулі.

Қазақстан бойынша зерттеулер ЖӨӨБ құқықтық негіздері қалыптасқанымен, азаматтық қоғамның нақты басқару шешімдеріне ықпалы әлсіз екенін көрсетеді. Қоғамдық кеңестердің ұсыныстары көбіне міндетті сипатқа ие емес, ал азаматтық қатысу рәсімдері формалданған.

Бұл бағыттағы зерттеулер өңірлік теңсіздіктің ерекше рөл атқаратынын көрсетеді. Экономикалық дамуы жоғары өңірлерде азаматтық белсенділік пен институционалдық ықпал жоғары.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Соңғы жылдары Қазақстанда азаматтық қоғам институттарының (ҮЕҰ, қоғамдық кеңестер, бастамашыл топтар) ЖӨӨБ жүйесіне қатысуы сандық әрі ұйымдық тұрғыдан кеңейіп келеді. Алайда институттардың көбеюі мен олардың басқарушылық шешімдерге нақты ықпалы арасында толық сәйкестік әрдайым байқалмайды. Осы бөлімде эмпирикалық нәтижелер тек сипаттамалық пайыздармен шектелмей, (1) статистикалық факт – (2) интерпретация – (3) теориялық байланыс логикасымен талданады; сондай-ақ өңірлік вариация мен қаржылық дербестік секілді институционалдық шарттардың ықпалы көрсетіледі.

Сауалнама деректері жергілікті басқару органдары мен азаматтық қоғам арасындағы байланыс жалпы алғанда оң бағаланатынын көрсетті: мегаполистерде ҮЕҰ өкілдері жергілікті атқарушы органдармен тұрақты өзара әрекеттестік бар екенін жиі атап көрсетеді, ауылдық аумақтарда ынтымақтастық көбіне жобалық және рәсімдік сипатта байқалады. Респонденттердің 66,3%-ы жергілікті билік азаматтық қоғам ұсыныстарын белгілі бір деңгейде ескеретінін көрсетті.

Бұл көрсеткіштер коммуникациялық өзара әрекеттестіктің қалыптасқанын білдіреді, бірақ олар басқарушылық ықпалдың тереңдігін автоматты түрде дәлелдемейді. Ұсыныстардың «ескерілуі» әкімшілік рәсімдерге енгізілуі мүмкін, алайда шешім мазмұнына нақты ықпал етуі әрдайым тұрақты емес.

Әкімшілік деректер бойынша Қазақстанда 22 227 ҮЕҰ тіркелген (жұмыс істейтіні – 17 964; жұмыс істемейді деп танылғаны – 2 048; қызметін тоқтатқаны – 830; БСН жоқ – 378). Бұл азаматтық сектордың кең институционалдық базасы қалыптасқанын көрсетеді.

Салалық құрылым бойынша жұмыс істейтін ҮЕҰ-лардың белсенділігі мына бағыттарда шоғырланған: білім, ғылым, спорт және мәдениет – 23%, әлеуметтік жұмыс және көрсетілетін қызметтер – 23%, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау – 16%, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – 10%, жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау – 7%, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту – 5%, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау – 4%.

2024 жылы «ҮЕҰ деректер қорына» есепті кезең үшін 6 063 ҮЕҰ есеп берген, бұл тіркелген ҮЕҰ-лардың 27,3%-ын құрайды. 2025 жылға қорытынды 2026 жылдың 31 наурызында шығады.

1-диаграмма. ҮЕҰ бағыты бойынша үлесі, %



Дереккөз: автордың есептеулері негізінде құрастырылған.

Есептілікке қатысатын ұйымдардың үлесі салыстырмалы түрде төмен болуы сектор ішінде «белсенділік ядросы» мен формалды тіркелген, бірақ белсенділігі шектеулі ұйымдардың бар екенін білдіреді. Бұл жағдай азаматтық қоғамның сапалық әлеуетін бағалауда тек тіркелген ұйымдар санымен шектелмеу қажеттігін көрсетеді.

Өңірлік бөліністе ҮЕҰ саны мен белсенділік деңгейі айқын дифференциацияланады. Ең көп ҮЕҰ шоғырланған аумақтар: Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды және Қызылорда облыстары. Ал Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында ҮЕҰ саны едәуір төмен.

ҮЕҰ-лардың аумақтық шоғырлануы азаматтық қатысу инфрақұрылымының теңсіздігін қалыптастырады: мегаполистерде ақпарат, сараптама, желілік байланыстар және ресурстар көбірек; ауылдық аумақтарда қатысу көбіне формалды механизмдермен (жиналыс/жиын) шектеледі. Бұл өңірлік диспропорциялар азаматтық қоғам ықпалының біркелкі емес екенін көрсетеді.

Бұл нәтиже зерттеу моделіндегі модератор ретінде өңірлік ресурстардың рөлін күшейтеді: бірдей «қатысу рәсімдері» әр өңірде әртүрлі нәтиже береді, себебі институционалдық инфрақұрылым мен ресурстық база тең емес.

Респонденттердің 55,8%-ы ЖӨӨБ органдарын белсенді деп бағаласа, 36%-ы орташа, 7%-ға жуығы әлсіз деп көрсеткен. Сонымен қатар, 2018 жылдан бастап төртінші деңгей бюджеті енгізілгенімен, ауылдық әкімдіктердің қаржылық дербестігі әлі де шектеулі екені сауалнамада және сарапшылық сұхбаттарда тұрақты айтылды.

ЖӨӨБ белсенділігін қабылдау көрсеткіші салыстырмалы түрде оң болғанымен, қаржылық дербестіктің төмендігі азаматтық бастамалардың басқарушылық шешімдерге айналуын тежейді. Қаражат көлемі мен бюджетке қатысу мүмкіндігі төмен болған жерде қатысу көп жағдайда «пікір білдіру» деңгейінде қалады.

Эмпирикалық деректер (сауалнама және сұхбат) азаматтық белсенділікті тежейтін негізгі тосқауылдарды айқындады: құқықтық сауаттылықтың төмендігі, ақпарат қолжетімділігінің шектеулілігі,

жергілікті органдардың ашықтыққа дайын еместігі және азаматтардың «ықпал ете алмаймын» деген сенімсіздігі.

Бұл факторлар қатысу шығындарының транзакциялық деңгейін арттырады: азаматтардың қатысуға жұмсайтын уақыты мен күш-жігері басқарушылық әсермен өтелмеген жағдайда қатысу мотивациясы төмендейді. Ауылдық аумақтарда бұл құбылыс айқынырақ көрінеді.

2-диаграмма. ЖӨӨБ органдары мен азаматтық қоғаммен өзара байланысы туралы, пайыз



Дереккөз: автордың есептеулері негізінде құрастырылған.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, дамыған жергілікті басқару жүйелерінде азаматтық қоғам институттары шешім қабылдау циклінің бірнеше кезеңіне институционалдық түрде енгізілген: бюджет жоспарлау, бағдарламаларды іске асыру, қоғамдық мониторинг. Ал посткеңестік елдерде қатысу институттары жиі формалды сипатта қалып, қаржылық дербестік шектеулері әсерді әлсіретеді.

Қазақстанда азаматтық қатысу арналарын қалыптастыру бағыты байқалғанымен, шешім қабылдау өкілеттіктері мен ресурстардың әкімшілік құрылымда шоғырлануы «институционалдық асимметрияны» сақтайды. Бұл модель азаматтық ықпалдың шынайы нәтижеге айналу әлеуетін шектейді.

Сарапшылық сұхбаттар публицистикалық цитаталау емес, тақырыптық кодтау (thematic coding) арқылы «qualitative evidence» ретінде жүйеленді. Кодтау нәтижесінде төрт негізгі тақырып анықталды:

- қатысудың формалдануы (кеңес беру деңгейі басым);
- ресурстық тәуелділік (қаржылық дербестік шектеулі);
- ақпараттық асимметрия (құқықтық және бюджет сауаты әлсіз);
- институционалдық жауапкершіліктің формалданбауы (ұсыныстарды міндетті қарау рәсімдері әлсіз).

Сапалық деректер сандық нәтижелерді түсіндіреді: жоғары пайыздық бағалар коммуникацияның бар екенін көрсетсе, кодталған тақырыптар

қатысудың нәтижелік ықпалға айналу механизмдерінің әлсіздігін дәлелдейді.

Зерттеу шеңберінде Германия, Қырғызстан және Өзбекстан тәжірибелері салыстырмалы түрде қарастырылды.

Зерттеуде басқару тиімділігі негізінен субъективті бағалау арқылы өлшенді. Дегенмен басқару нәтижелерін объективті бағалау үшін келесі институционалдық индикаторларды қолдану перспективалы болып табылады:

- жергілікті бюджеттердің орындалу деңгейі;
- мемлекеттік қызмет көрсету уақыты мен сапасы;
- азаматтардың ресми өтініштерінің қаралу мерзімі;
- қоғамдық тыңдаулар нәтижесінде өзгертілген шешімдер үлесі;
- бюджет ашықтығы индексі.

Бұл көрсеткіштерді қолдану болашақ зерттеулерде азаматтық қатысудың нақты басқарушылық нәтижелерге әсерін дәл өлшеуге мүмкіндік береді.

2-кесте. ЖӨӨБ және азаматтық қоғам қатысуының институционалдық параметрлері бойынша елдер арасындағы салыстыру

Институционалдық параметр	Германия	Қазақстан	Қырғызстан	Өзбекстан
ЖӨӨБ конституциялық мәртебесі	Күшті, кең автономия	Құқықтық негіз бар, бірақ шектеулі	Формалды бекітілген	Дәстүрлі институттармен реттелген
Қаржылық дербестік	Жоғары, меншікті салықтар	Шектеулі, трансферттерге тәуелді	Төмен	Төмен
Азаматтық қатысу институционалдануы	Заңмен міндетті, тұрақты рәсімдер	Негізінен консультативтік	Қатысу формалды	Қатысу дәстүрлі-әкімшілік сипатта
Қоғамдық кеңестер / азаматтық органдар	Шешім процесіне енгізілген	Ұсынымдық сипатта	Өкілеттігі шектеулі	Махалла жүйесі бар, бірақ автономия төмен
Қатысу бюджеті (participatory budgeting)	Жергілікті деңгейде кең таралған	Шектеулі пилоттық практика	Сирек	Іс жүзінде қолданылмайды
Қоғамдық бақылау және есептілік	Институционалдық түрде бекітілген	Заңнамалық бар, практикада әлсіз	Әлсіз	Әкімшілік бақылау басым
Шешім қабылдау цикліне азаматтық қоғам қатысуы	Күн тәртібі – жоспарлау – іске асыру – мониторинг	Негізінен кеңес беру кезеңі	Шектеулі	Рәсімдік қатысу

Өңірлік теңсіздік деңгейі	Төмен	Жоғары	Жоғары	Жоғары
Азаматтық қоғамның басқаруға нақты ықпалы	Жоғары	Орташа-төмен	Төмен	Төмен
Басқару моделі	Collaborative governance	Гибридті модель	Посткеңестік өтпелі модель	Әкімшілік-қоғамдық дәстүрлі модель

*Дереккөз: OECD (2019) [7]; OSCE (2021) [8]; UNDP (2022) [6];
Институт общественной политики (2020) [11].*

Қорытынды

Айнымалылар арасындағы ықпал ету құрылымын тереңірек тексеру мақсатында көпфакторлы регрессиялық талдау жүргізілді. Тәуелді айнымалы ретінде ЖӨӨБ тиімділігін субъективті бағалау көрсеткіші алынды, ал негізгі тәуелсіз айнымалы ретінде азаматтық қатысу деңгейі енгізілді. Сонымен қатар модельге институционалдық медиаторлар – жергілікті басқарудың қаржылық дербестігі, басқару ашықтығы және азаматтық қатысу арналарының институционалдану деңгейі, ал өңірлік институционалдық ресурстар модераторлық айнымалы ретінде қосылды. Регрессиялық талдау азаматтық қатысудың басқару тиімділігіне статистикалық мәнді оң әсер ететінін және бұл әсердің институционалдық ресурстар деңгейіне тәуелді күшейетінін көрсетті. Қаржылық дербестігі жоғары және қатысу рәсімдері институционалдық тұрғыда бекітілген өңірлерде азаматтық қатысудың басқару нәтижелеріне ықпалы айқын жоғары байқалады. Бұл жергілікті басқару тиімділігінің азаматтық белсенділік деңгейімен қатар, оны іске асыратын институционалдық ортаның сапасына да тәуелді екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері азаматтық ықпалдың басқарушылық нәтижелерге трансформациялануы тікелей емес, институционалдық медиаторлар арқылы жүзеге асатынын дәлелдеді. Қаржылық дербестік, басқару ашықтығы және шешім қабылдау рәсімдерінің институционалдық бекітілуі азаматтық қатысудың нәтижелілігін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Қаржылық ресурстары шектеулі және өкілеттігі тар жергілікті басқару органдарында азаматтық қатысу көбіне консультативтік сипатта қалып отыр.

Өңірлік талдау азаматтық ықпал деңгейінің аумақтар арасында біркелкі емес екенін көрсетті. Институционалдық инфрақұрылымы дамыған және ресурстық әлеуеті жоғары өңірлерде азаматтық қоғам институттарының басқару шешімдеріне ықпалы салыстырмалы түрде жоғары, ал ауылдық және ресурстық мүмкіндігі төмен аумақтарда қатысу көбіне рәсімдік деңгейде сақталады. Бұл азаматтық ықпалдың нәтижелілігі өңірлік институционалдық ортаға тәуелді екенін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ тиімділігіне ықпалын көпдеңгейлі институционалдық механизм арқылы түсіндіретін интеграцияланған аналитикалық модельді әзірлеуінде көрінеді. Зерттеу азаматтық қатысудың басқару нәтижелеріне әсері қаржылық дербестік, басқару ашықтығы және қатысу арналарының институционалдануы сияқты институционалдық медиаторлар арқылы жүзеге асатынын эмпирикалық түрде дәлелдейді, ал өңірлік ресурстық айырмашылықтар бұл ықпалдың күшін модерациялайды. Азаматтық ықпалды өлшеуге арналған операционалданған индикаторлар жүйесі ұсынылып, басқару тиімділігін түсіндіруде азаматтық қатысу, институционалдық ресурстар және өңірлік контекст өзара байланыста талданды.

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде бірқатар шектеулерді ескеру қажет. Біріншіден, басқару тиімділігі негізінен респонденттердің субъективті бағалауы арқылы өлшенді, бұл әкімшілік нәтижелердің нақты көрсеткіштерімен толық сәйкес келмеуі мүмкін. Екіншіден, зерттеу көлденең эмпирикалық деректерге негізделгендіктен, анықталған байланыстардың ұзақ мерзімді динамикасы қарастырылмады. Үшіншіден, өңірлік институционалдық ресурстар кешенді индикатор ретінде өлшенді және олардың жекелеген компоненттерінің әсері жеке модельденбеді. Бұл бағыттар болашақ зерттеулер үшін маңызды ғылыми міндет болып табылады.

Зерттеу нәтижелері азаматтық қоғам институттарының ЖӨӨБ жүйесіне ықпалын арттыру құқықтық мәртебені нақтылау, қатысу рәсімдерін институционалдандыру және азаматтық ықпалдың нәтижелілігін өлшеу тетіктерін енгізу арқылы жүзеге асырылуы тиіс екенін көрсетеді. Осыған байланысты, біріншіден, қоғамдық кеңестердің институционалдық дербестігін заңнамалық тұрғыда нақты бекіту қажет. «Қоғамдық кеңестер туралы» және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарға өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің мәслихаттар мен жергілікті атқарушы органдардан функционалдық тұрғыда тәуелсіз консультативтік-сараптамалық орган ретіндегі мәртебесін айқындау, олардың ұсынымдарын міндетті түрде қарау және дәлелді жауап беру рәсімдерін заңмен регламенттеу ұсынылады. Бұл шешімдерді қабылдау процесінде қоғамдық сараптаманың міндетті институтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, қоғамдық тыңдаулар институтын толық құқықтық регламенттеу қажет. Жергілікті деңгейде қабылданатын шешімдер бойынша қоғамдық тыңдаулардың субъектілерін, объектілерін және құқықтық салдарын нақты айқындайтын бірыңғай рәсімдік стандарттарды заңнамалық тұрғыда бекіту ұсынылады. Әсіресе жергілікті бюджеттер, инфрақұрылымдық жобалар, аумақтық жоспарлау, әлеуметтік саясат және тарифтік реттеу мәселелері бойынша қоғамдық тыңдауларды

міндетті рәсім ретінде енгізу және олардың нәтижелерін басқарушылық шешімдердің құрамдас бөлігі ретінде тану қажет.

Үшіншіден, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, әлеуметтік әл-ауқатына және өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қабылдау кезінде міндетті қоғамдық-кәсіптік сараптама институтын енгізу ұсынылады. Мұндай шешімдер алдын ала салалық кәсіптік бірлестіктерде, қоғамдық ұйымдарда және сараптамалық қауымдастықтарда талқыланып, оң қорытынды алынған жағдайда ғана қабылдануы тиіс. Бұл басқарушылық шешімдердің әлеуметтік негізділігін және қоғамдық легитимділігін арттырады.

Төртіншіден, ауылдық және аудандық деңгейде азаматтық қоғам институттарын институционалдық тұрғыда енгізу қажет. Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті қауымдастық кеңестерін құру, азаматтық қатысу инфрақұрылымын дамыту және цифрлық қоғамдық қатысу құралдарын енгізу жөніндегі міндеттемелерін заңнамалық деңгейде бекіту ұсынылады. Бұл өңірлік институционалдық теңсіздікті төмендетуге және азаматтық қатысудың аумақтық қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, азаматтық қатысудың нәтижелілігін жүйелі бағалауға арналған ұлттық мониторинг жүйесін қалыптастыру қажет. Жергілікті басқару тиімділігін бағалау жүйесіне азаматтық ықпал индикаторларын енгізу, қоғамдық ұсыныстардың басқарушылық шешімдерге трансформация деңгейін, басқару ашықтығын және азаматтардың сенім көрсеткіштерін тұрақты негізде өлшеу ұсынылады. Бұл азаматтық қатысудың институционалдық әсерін эмпирикалық бағалауға және дәлелге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу азаматтық қатысудың басқару тиімділігіне әсері универсалды емес, институционалдық контекстке тәуелді екенін көрсетеді. Басқару өкілеттігі мен қаржылық ресурстардың орталықтандырылуы жағдайында азаматтық белсенділік нәтижелік ықпалға айналмайды. Сондықтан жергілікті басқаруды демократияландырудың негізгі шарты қатысу рәсімдерін кеңейту емес, институционалдық автономияны арттыру болып табылады.

Осы шараларды іске асыру азаматтық қоғам институттарының жергілікті басқару жүйесіне ықпалын консультативтік деңгейден нәтижелік-институционалдық деңгейге көшіруге, басқару сапасы мен есептілігін арттыруға және ЖӨӨБ тиімділігін күшейтуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жыл 30 тамыз. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (қаралған күні: 24.03.2025 ж.)
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: 2001 жыл 23 қаңтар. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_ (қаралған күні: 24.03.2025 ж.)
3. «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы: 2021 жыл 18 тамыз. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> (қаралған күні: 24.03.2025 ж.)
4. Кочетков А.П. Гражданское общество: теория и практика. Москва: Русайнс, 2024. – 162 б.
5. Карасаева Г.М. Казахстанская модель демократизации общества: коллективная монография // Астана: ZhanDos, 2025. – 337 б.
6. UNDP. Local Governance and Civil Society Development. // New York: UNDP, 2022. URL: <https://www.undp.org/governance/local-governance> (қаралған күні: 10.04.2025 ж.).
7. OECD. Open Government in Kazakhstan. Paris: OECD Publishing // 2017. URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2017/10/towards-an-open-government-in-kazakhstan_g1g7e2b1/9789264279384-en.pdf (қаралған күні: 10.04.2025 ж.).
8. OSCE. Implementing Citizens Participation In Decision Making At Local Level // 2021. URL: <https://cdn.osce.org/sites/default/files/f/documents/7/78/231356.pdf> (қаралған күні: 15.04.2025 ж.).
9. Nodirova S. The Role of the Mahalla Institution in Strengthening Local Self-Government and Civil Society in the Republic of Uzbekistan (On the Example of Aligning National Governance with the European Charter of Local Self-Government) // Society and innovations Special Issue – 01 (2026) URL: <https://inscience.uz/index.php/socinov/article/view/8325/8104> (қаралған күні: 20.02.2026 ж.).
10. Kazakhstan improves ranking on Open Budget Index. // THE ASTANA TIMES, 2018. URL: <https://astanatimes.com/2018/02/kazakhstan-improves-ranking-on-open-budget-index/?ysclid=mmt6rv7jb0292676357> (қаралған күні: 10.03.2025 ж.).
11. Политика на местном уровне: механизмы участия граждан. Нур-Султан: Фонд имени Конрада Аденауэра, 2020. – 180 с.
12. Robert D. Putnam, Robert Leonardi, Raffaella Y. Nanetti. Making Democracy Work: Civic Traditions in Modern Italy. – Princeton: Princeton University Press, 1993. – 258 p.
13. Fung A., Wright E. Deepening Democracy: Institutional Innovations in Empowered Participatory Governance. // London: Verso, 2003. – 312 p.
14. Ansell C., Gash A. Collaborative Governance in Theory and Practice // Journal of Public Administration Research and Theory. - 2008. - Vol. 18. - No. 4. - P. 543 - 571.
15. Oates W. Fiscal Federalism. // New York: Harcourt Brace Jovanovic, 1972. – 256 p.

REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy: 1995 zhyl 30 tamyz [Constitution of the Republic of Kazakhstan: August 30, 1995.] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (Accessed: 24.03.2025 zh.)
2. «Qazaqstan Respublikasyndagy zhergilikti memlekettik basqaru zhane ozin-ozii basqaru turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany: 2001 zhyl 23 qantar [Law of the Republic of Kazakhstan "On Local Government and Self-Government in the Republic of Kazakhstan": January 23, 2001.] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_ (Accessed: 24.03.2025)
3. «Qazaqstan Respublikasynda zhergilikti ozin-ozii basaarudy damytudy 2025 zhylga deingi tuzhyrymdamasyн bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy: 2021 zhyl 18 tamyz. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan "On approval of the Concept of the Development of Local Self-Government in the Republic of Kazakhstan until 2025": August 18, 2021] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> (Accessed: 24.03.2025)
4. Kochetkov A.P. Grazhdanskoe obshchestvo: teoriya i praktika [Civil society: theory and practice.]. Moscow: Rusains, 2024. – 162 p.
5. Karasaeva G.M. Kazakhstanskaya model' demokratizatsii obshchestva: kolektivnaya monografiya [Kazakhstan model of democratization of society: collective monograph]. Astana: ZhanDos, 2025. – 337 p.
6. UNDP. Local Governance and Civil Society Development. // New York: UNDP, 2022. URL: <https://www.undp.org/governance/local-governance> (Accessed: 10.04.2025).
7. OECD. Open Government in Kazakhstan. Paris: OECD Publishing // 2017. URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2017/10/towards-an-open-government-in-kazakhstan_g1g7e2b1/9789264279384-en.pdf (Accessed: 10.04.2025).

-
8. OSCE. Implementing Citizens Participation In Decision Making At Local Level // 2021. URL: <https://cdn.osce.org/sites/default/files/f/documents/7/8/231356.pdf> (Accessed: 15.04.2025).
 9. Nodirova S. The Role of the Mahalla Institution in Strengthening Local Self-Government and Civil Society in the Republic of Uzbekistan (On the Example of Aligning National Governance with the European Charter of Local Self-Government) // Society and innovations Special Issue – 01 (2026) URL: <https://inscience.uz/index.php/socinov/article/view/8325/8104> (Accessed: 20.02.2026).
 10. Kazakhstan improves ranking on Open Budget Index. // THE ASTANA TIMES, 2018. URL: <https://astanatimes.com/2018/02/kazakhstan-improves-ranking-on-open-budget-index/?ysclid=mmt6rv7jb0292676357> (Accessed: 10.03.2025).
 11. Politika na mestnom urovne: mekhanizmy uchastiya grazhdan [Politics at the local level: the mechanism of citizen participation. Nur-Sultan: Konrad Adenauer Foundation, 2020. – 180 p.
 12. Robert D. Putnam, Robert Leonardi, Raffaella Y. Nanetti. Making Democracy Work: Civic Traditions in Modern Italy. – Princeton: Princeton University Press, 1993. – 258 p.
 13. Fung A., Wright E. Deepening Democracy: Institutional Innovations in Empowered Participatory Governance. London: Verso, 2003. – 312 p.
 14. Ansell C., Gash A. Collaborative Governance in Theory and Practice // Journal of Public Administration Research and Theory. - 2008. - Vol. 18. - No. 4. - P. 543 - 571.
 15. Oates W. Fiscal Federalism. // New York: Harcourt Brace Jovanovich, 1972. – 256 p.

Салтанат Әшірбай¹ , Гаухар Абдрахманова² , Хасан Языжы³ 

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Халықаралық қатынастар факультеті,
«Саясаттану» кафедрасының докторанты,
e-mail: saltanat.ashirbay.1984@gmail.com

² Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Халықаралық қатынастар факультеті,
«Саясаттану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты,
e-mail: gauhar-abdrahmanova@mail.ru
(Астана, Қазақстан)

³ Т. Қожаели Университетінің Саяси ғылымдар факультеті,
Саясаттану және мемлекеттік басқару кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, әлеуметтік ғылымдар докторы
e-mail: hasan.yazici@kocaeli.edu.tr
(Измит, Түркия)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Андатпа. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасында ана мен баланы әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы мен дамуын орнықты даму тұжырымдамасы аясында кешенді талдауға бағытталған. Мақалада мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары, ана мен баланы қорғауға қатысты құқықтық-нормативтік база және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар қарастырылады. Сонымен қатар, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарының ұлттық саясатқа ықпалы, халықаралық міндеттемелердің орындалу деңгейі және әйелдер мен балалар құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы негізгі жетістіктер мен өзекті мәселелер талданады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері құрайды. Теориялық база ретінде әлеуметтік мемлекет пен орнықты даму тұжырымдамаларына қатысты ғылыми еңбектер, халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттар пайдаланылды. Эмпириялық деректер мемлекеттік органдардың ресми статистикасы мен халықаралық ұйымдардың есептеріне негізделген.

Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстанда ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіру, гендерлік саясатты дамыту және әлеуметтік қолдау тетіктерін нығайту бағытында еліміздің табысты қызметтері бар екенін көрсетті. Гендерлік теңсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық

және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі сияқты мәселелер әлі де сақталуда. Ғылыми жұмыс қорытындысында ұлттық саясатты жетілдіру мен БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үдерісін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: ана мен бала, әлеуметтік саясат, орнықты даму, гендерлік теңдік, әлеуметтік қорғау, Қазақстан.

Салтанат Аширбай, Гаухар Абдрахманова, Хасан Языжы СТРАТЕГИЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В СФЕРЕ ЗАЩИТЫ МАТЕРИНСТВА И ДЕТСТВА

Аннотация. Данное исследование посвящено комплексному анализу формирования и развития системы социальной защиты матери и ребенка в Республике Казахстан в контексте концепции устойчивого развития. В статье рассматриваются основные направления государственной социальной политики, правовая и нормативная база защиты матери и ребенка, а также программы, реализуемые в сотрудничестве с международными организациями. Кроме того, исследование анализирует влияние Целей устойчивого развития ООН на национальную политику, уровень выполнения международных правовых документов и межгосударственных обязательств, а также ключевые достижения и актуальные проблемы обеспечения прав женщин и детей.

Методологическая основа исследования включает системный, сравнительный и статистический анализ. Теоретическая база формируется на основе научных трудов о социальном государстве и концепции устойчивого развития, международных правовых документов, государственных стратегических программ и нормативно-правовых актов. В качестве эмпирических источников использованы официальные статистические данные государственных органов, отчеты международных организаций и результаты социальных программ по защите матери и ребенка.

На основе проведенного анализа предложены научно-практические рекомендации по совершенствованию национальной политики в сфере защиты матери и ребенка, укреплению гендерного равенства и повышению эффективности системы социальной поддержки. Результаты способствуют обеспечению устойчивого развития Казахстана как социального государства и продвижению реализации Целей устойчивого развития ООН

Ключевые слова: мать и ребенок, социальная политика, устойчивое развитие, гендерное равенство, социальная защита, Казахстан.

Saltanat Ashirbay, Gaukhar Abdrakhmanova, Hasan Yazici SUSTAINABLE DEVELOPMENT STRATEGY OF KAZAKHSTAN IN THE FRAMEWORK OF MATERNAL AND CHILD PROTECTION

Abstract. This study provides a comprehensive analysis of the formation and development of the maternal and child social protection system in the Republic of Kazakhstan within the framework of sustainable development. The article examines the main directions of state social policy, the legal and normative framework for maternal and child protection, and programs implemented in cooperation with international organizations. In addition, the study analyzes the influence of the UN Sustainable Development Goals on national policy, the level of compliance with international legal instruments and interstate obligations, as well as key achievements and current challenges in ensuring the rights of women and children.

The methodological basis of the study includes systematic, comparative, and statistical analysis methods. Theoretical foundations are drawn from scientific literature on the welfare state and sustainable development concepts, international legal instruments, state strategic programs, and normative legal acts. Empirical sources comprise official statistical data from government agencies, reports of international organizations, and results of social programs related to maternal and child protection.

Based on the analysis, the study offers practical and evidence-based recommendations to enhance national policy in maternal and child protection, strengthen gender equality, and improve the efficiency of social support systems. The results contribute to ensuring Kazakhstan's sustainable development as a social state and advancing the implementation of the UN Sustainable Development Goals.

Keywords: *maternal and child, social policy, sustainable development, gender equality, social protection, Kazakhstan*

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ана мен баланы қорғауға, сондай-ақ әйелдерді қолдауға баса назар аударылған. Елдегі әлеуметтік саясаттың стратегиялық бағыты – ана мен балаларға оңтайлықты еркін таңдауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалған. Ұлт деңгейінде халықтың көбею мәселесін шешуде мемлекет әлеуметтік мемлекет қағидағарын ұстанады. Әлеуметтік мемлекеттің тұрақты дамуы жағдайында Қазақстандағы ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясат қоғамның әл-ауқатын арттыруға, халықтың сапалы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды стратегия. Ана мен бала – еліміздің болашағы, ал олардың денсаулығы мен әл-ауқаты әрқашан мемлекеттің басты назарында болуы тиіс.

Қазақстанда соңғы жылдары аналар мен балалардың құқықтарын қорғауға, олардың денсаулығын жақсартуға, білім алуына және әлеуметтік қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ана мен баланы қорғау – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші, әрі ұлттың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы.

Әлеуметтік мемлекет пен орнықты даму тұжырымдамаларына қатысты заманауи зерттеулер тек сипаттамалық сипатта қалмай, терең теориялық талдауды қажет етеді. Аталмыш ұғымдар әлеуметтік саясаттың стратегиялық бағытын анықтауда негізгі рөл атқарады және философиялық және социологиялық дәстүрлерге сүйенген күрделі концептуалды негізге ие. Оларды талдау барысында әлеуметтік әділеттілік, экономикалық даму, гендерлік теңдік және қоғамдық әл-ауқат сияқты факторлар кешенді түрде қарастырылады, бұл өз кезегінде әлеуметтік саясатты ғылыми тұрғыдан жүйелі бағалауға мүмкіндік береді.

Даниялық әлеуметтанушы Госта Эспинг-Андерсеннің (Gøsta Esping-Andersen) әлеуметтік қамсыздандыру режимдері теориясы әл-ауқатты қамтамасыз етудің мемлекеттік модельдерін үш негізгі типке бөлуді ұсынады: либералды, консервативті-корпоративтік және социал-демократиялық режимдер. Әрбір режим әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз етудегі мемлекет, нарық және отбасы арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті сипаттайды. Бұл өз кезегінде әлеуметтік саясатты талдаудың теориялық негізін құрайды [1].

Үнділік ғалым Амартия Сен (Amartya Sen) әділеттілікті тек ресми ережелерді сақтау немесе ресурстарды бөлумен шектмей, нақты өмірлік жағдайларды салыстырмалы талдау арқылы бағалауды ұсынады. Ол адамдардың мүмкіндіктерін (capabilities) кеңейтуге баса назар аударады. Яғни жеке тұлғаның өз өмірін құндылыққа сай, қалауынша қалыптастыруға қабілетті болуын қамтамасыз ету маңызды деп есептейді. А.Сеннің тұжырымы бойынша, әлеуметтік саясат пен әл-ауқат жүйелері тек материалдық ресурстарды бөліп қана қоймай, әрбір адамның өмірлік мүмкіндіктерін толық пайдалануына жағдай жасауға бағытталуы тиіс [2].

Аталған әлеуметтік қамсыздандыру режимдерін әрі қарай саяси және философиялық тұжырымдамалар арқылы түсіндіруге болады. Мысалы, америкалық зерттеуші Джон Роулздің (John Rawls) әділеттілік принципі – «әділеттілік әділеттілік ретінде» – негізгі тауарлар мен қызметтерге тең қол жеткізуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау механизмдерін әділ қайта бөлуге ерекше назар аударады. Осы тұрғыдан алғанда, әл-ауқаттың мемлекеттік режимдерін тұрақты дамудың либералдық және неолибералдық модельдерімен салыстыру әртүрлі елдердегі әлеуметтік саясаттың идеологиялық және нормативтік негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [3].

Еліміздегі елеулі әлеуметтік мәселерді шешуде қазақстандық ғалымдар Жарқынбаева Р. [4], Амангельдиева Н. [5], Айтжанова Д., Омаров А. [6] еңбектерінде аналарға, жастарға және балаларға әлеуметтік көмек көрсету мен қолдаудың тиімді жүйесі қалыптасқан жағдайда ғана бұл мәселелерді нәтижелі шешуге мүмкіндік бар екендігі ғылыми тұрғыда негізделді. Ресей ғалымдары мен бұл тақырыпты зерттейтін зерттеушілер Шакирова Н. [7], Алиев Д., Гонтмахер Е., Трубин В. [8], Ромакин П. [9] бұл тұрғыда қазіргі заманғы отбасының мәселелерін отбасының әлеуметтік әлеуетінің төмендеуі, отбасылық құндылықтардың беделі, ажырасу санының артуы және туудың төмендеуі, отбасылық неке қатынастарындағы қылмыстың

өсуі, отбасының қолайсыз психологиялық климатына байланысты балалардың даму ауытқуларына ұшырау қаупінің жоғарылауы туралы айтады. Шетел ғалымдары Nikos Papadakis, Stylianos Ioannis Tzagkarakis [10], Christine Wekerle [11], Angeles Sánchez, María Navarro [12] қазіргі таңда балалардың құқығының қорғалуы мен халықаралық тәжірибелерден мысал келтіреді.

Ғалымдардың бұл пікірталастары аталған мәселені қарастырудың бірыңғай тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздерінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде ана мен баланы қорғау саласындағы әлеуметтік саясатты орнықты даму қағидаттарымен ұштастыра зерттеудің теориялық және әдістемелік аспектілерін тереңдету қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар, жүргізілген ғылыми талдау нәтижесінде Қазақстан жағдайында ана мен баланы қорғау саясатының БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарымен өзара байланысын кешенді түрде бағалайтын зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Аталған ғылыми олқылық бұл тақырыпты жүйелі тұрғыда қарастырудың өзектілігін күшейтеді.

Зерттеудің негізгі ғылыми проблемасы. Қазақстан Республикасында ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың орнықты даму мақсаттарымен өзара байланысын және оның әлеуметтік мемлекет қағидаттарын жүзеге асырудағы рөлін ғылыми тұрғыда бағалау.

Зерттеу міндеті.

1. Ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың теориялық негіздерін зерттеу: орнықты даму тұжырымдамасы, әлеуметтік мемлекет қағидалары және халықаралық құқықтық стандарттар негізінде теориялық база қалыптастыру.

2. Қазақстандағы ана мен баланы қолдау бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларды талдау: әлеуметтік, экономикалық және құқықтық аспектілер бойынша бағдарламалардың құрылымын және іске асырылуын зерттеу.

3. БҰҰ Орнықты даму мақсаттарымен сәйкестігін бағалау: ұлттық саясат пен халықаралық міндеттемелер арасындағы өзара байланыс пен орындалу деңгейін анықтау.

4. Ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың әлеуметтік әсерін бағалау: әлеуметтік қолдау тетіктері, гендерлік теңдік, әйелдердің еңбек нарығы мен кәсіпкерліктегі белсенділігінің халық әлауқатына ықпалын талдау.

5. Ұсыныстар әзірлеу: мемлекеттік саясатты жетілдіру, әлеуметтік қолдауды тиімді ұйымдастыру және гендерлік теңдікті нығайту бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар жасау.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасындағы ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты орнықты даму тұжырымдамасы аясында жан-жақты талдау арқылы бағалау. Зерттеу мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін, әлеуметтік қолдау тетіктерінің сапасын, сондай-ақ әйелдердің еңбек нарығы мен кәсіпкерліктегі белсенділігін зерттеуге бағытталған. Сонымен қатар, мақсаты – гендерлік теңдіктің

деңгейін анықтау, әлеуметтік саясаттағы өзекті мәселелерді көрсету және ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге практикалық ұсыныстар жасау. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретінде орнықты дамуына және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

1. Зерттеудің әдіснамалық базасы

а. Теориялық дереккөздер: орнықты даму тұжырымдамалары, әлеуметтік мемлекет, ана мен баланы қорғаудың құқықтық негіздері, халықаралық стандарттар мен ұсынымдар (мысалы, бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстанның Даму стратегиясы).

б. Талдамалық құжаттар: нормативтік-құқықтық актілер, стратегиялық бағдарламалар, мемлекеттік органдардың есептері, статистикалық деректер.

Зерттеу әдістері

а. деректі талдау:

- ана мен баланы қорғауға қатысты құқықтық актілерді, стратегияларды, бағдарламалар мен есептерді талдау.

- Орнықты даму қағидаттары контекстінде нормативтік базаны бағалау.

б. статистикалық талдау: әр түрлі факторлардың тенденцияларын, динамикасын және арақатынасын анықтау үшін ашық және жабық деректерді өңдеу: әйелдерге қатысты қылмыстар, тұрмыстық құқық-бұзушылық статистикасы, өлімі, әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігі.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысы пәнаралық тәсілге негізделіп, әлеуметтік саясат, экономика және құқық салаларындағы теориялық және эмпириялық әдістер кешенін қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстырмалы талдау, статистикалық мәліметтерді өңдеу және мазмұндық талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу деректерін іріктеу кезінде ресми және ашық статистикалық ақпарат көздеріне басымдық берілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми статистикалық деректері, халықаралық ұйымдардың есептері, сондай-ақ ана мен баланы қорғау саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік құжаттар талданды.

Статистикалық деректерді талдау барысында салыстырмалы және динамикалық талдау тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер ана мен баланы қорғау саласындағы көрсеткіштердің соңғы жылдардағы өзгеріс динамикасын анықтауға және олардың әлеуметтік саясаттағы маңызын бағалауға мүмкіндік берді.

Эмпириялық деректерді талдау кезінде көрсеткіштерді салыстыру, жүйелеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылды. Бұл тәсілдер ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижелерін

кешенді бағалауға және олардың әлеуметтік-экономикалық даму үдерістеріндегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Анализ және эмпирикалық зерттеу

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып жеке дербес республика атанғалы адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар мен халықаралық құжаттар, оның ішінде әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету, олардың мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы аталған ұйымдардың негізгі құқық қорғаушылардың қатысушысы болады: Бейжіндегі әйелдерді жақсарту жөніндегі іс-қимыл платформасы (1995) [13], Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясы (1998 ж.) [14], Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға Факультативтік хаттама (1999 ж.) [15], Әйелдер құқықтары туралы саяси Конвенция (2000) [16], Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы Конвенция (2000) [17], Халықаралық емес ұйымдар ерлер мен әйелдердің еңбек құндылықтарына бірдей сыйақы беру туралы Конвенциясы (2000) [18] сынды құжаттарға қол қоя отырып, әйелдердің құқықтарын қорғауға және сақтауға кепілдік береді.

2015 жылдың 25 қыркүйегінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) 193 елдің қатысуымен Жаһандық Орнықты Даму Мақсаттарын қабылдады. Қазақстан Республикасы кедейлік пен теңсіздікті жою, қоршаған ортаны қорғау, халықтың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі үшін 17 мақсаттарды қабылдап, 2030 жылға дейін 169 міндеттен және 242 индикатордан тұратын орнықты дамудың стратегияларын жүзеге асыруға үлесін қосуға міндеттенді [19].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бастамасымен және барлық мүдделі тараптармен бірлесіп 2019 және 2022 жылдары БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі саяси форумында ұсынылған Орнықты даму мақсаттарын іске асыру бойынша ҚР Үкіметінің екі Ерікті ұлттық шолуы дайындалды. 2019 жылғы дайындалған Ерікті ұлттық шолуында еліміздің әлеуметтік саласының біршама өзгерістерге толы болғаны айтылады.

Қазақстан Республикасы өз әлеуметтік саясатын әлеуметтік принциптерге негіздейтін мемлекет болып саналады. Мемлекеттік бюджеттің айтарлықтай бөлігі әлеуметтік саланы жандандыруға бөлінеді. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау моделі әлеуметтік патернализм мен тәуелсіздіктен бас тартуды, азаматтардың өз жұмысының нәтижелеріне жауапкершілігін күшейтуді және іскерлік бастаманы жандандыруды көздейді. 2019 жылғы елеулі өзгерістердің бірі – аз қамтылған отбасыдан шыққан көп балалы аналардың әр балаға атаулы әлеуметтік көмек АӘК ай сайын келпіндендірілген түрде төленетін болды [20, 31 б].

Ары қарай 2022 жылы жарияланған Ерікті Ұлттық шолуына назар аударсақ, онда Қазақстанның еңбек нарығы әйелдердің жұмыспен жоғары қамтылуымен және білікті жұмысшылардың болуымен сипатталады. Қазіргі уақытта қызметкерлердің жартысына жуығы (49,1%) әйелдер. Алайда, әйелдердің жалақысы ерлерге қарағанда айтарлықтай төмен.

Әйелдер негізінен білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет сияқты қызмет салаларында жұмыс істейді, олардың жалақысы әлдеқайда аз екені айтылады [21, 87 б].

Дегенмен, аталған кемшіліктерге қарамай, мемлекет билігі ер мен әйелдер арасындағы табыс арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруда. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне әйелдер еңбегін пайдалануға тыйым салатын жұмыс орындарының тізбесін жою бойынша түзетулер енгізілді. Яғни, 16-баптың 27) тармақшасындағы «әйелдердің еңбегін пайдалануға шектеу қойылатын жұмыстардың тізімін,» деген сөздер алып тасталынды. Нәтижесінде, әйелдерге бұрын қолжетімсіз болған мамандықтар бойынша өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар еңбек нарығында қызмет тапшылығы салаларындағы теңгерімсіздікті азайтуға көмектеседі [22]. Бұдан былай әйелдерге полиграфия өндірісіндегі барлық жұмыстарға, металл өңдеу саласындағы ұсталық-пресс және термиялық жұмыстарға рұқсат етіледі. Тыйым тоқыма және жеңіл өнеркәсіптің кейбір салаларынан алынып тасталды: мақта, зығыр және жүн өндіру және өңдеу, киіз және киіз өндірісі. Бірқатар жұмыстар әйелдерге тамақ өнеркәсібінде, целлюлоза, қағаз, картон өндірісінде, тас және тас өңдеу, құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс салаларында, тіпті түсті металлургияда, геологиялық және топографиялық-геодезиялық жұмыстарда қол жетімді болды.

Жалпы соңғы онжылдықта елімізде бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Қазақстан төрт рет Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингінде бас реформатор болып танылды. Дүниежүзілік банктің аталған рейтингісіне сәйкес, 2019 жылы Қазақстан бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша 90 елдің ішінен 25-орынға ие болды. Яғни, дамыған АҚШ, Ұлыбритания, Қытай Сингапур сынды елдермен иық тіресе отырып, тіпті Жапонияны артқа тастап 25-қатарға орналасқанын көруге болады [23].

Соңғы бесжылдықта бизнестегі әйелдер санының артқанын атап өтуіміз керек.

2015 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қайта Құру және даму банкі «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын іске қосты. «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы іске қосылғаннан бері-2019 жылдың 1 сәуірінде екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдары 25 миллиард қаржы бөлді [24].

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы әйелдердің рөлін күшейту жөніндегі маңызды бастамалардың бірі – ҚР Ұлттық экономика министрлігі, Азия даму банкі және Біріккен Ұлттар Ұйымының «Қазақстанның COVID-19 пандемиясымен күресудегі ынтымақтастық қоры» («Ынтымақтастық қоры») Даму бағдарламасы бірлескен жобасы аясында еліміздің барлық аймақтарында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтарының (Орталықтар) ашылуы болды. Орталықтар әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға, оқыту, кооперация және қажетті құзыреттерді қалыптастыру алаңы болды. Сонымен қатар,

олардың экономикалық белсенділігін ынталандыруға, сондай-ақ бизнесті қолдау бағдарламалары шеңберінде жеңілдікті кредиттер мен гранттар беруге, әйелдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, әйелдер мен олардың ұйымдары өндірген тауарлар мен қызметтерді өткізу нарықтарын дамытуға жәрдемдесуге арналған. Алғашқы Орталықтар 2021 жылдың қарашасында Алматы, Түркістан және Маңғыстау облыстарында ашылды. 2022 жылдың сәуір айының ортасына дейін әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың 17 орталығы арқылы 1 305 әйел қызмет алды. Көрсетілген қызметтердің жалпы саны 3 027 бірлікті құрады деп Азия даму банкі өз есептерінде көрсетті [25].

2023 жылы БҰҰ күш-жігерінің негізгі бағыттарының бірі гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және Қазақстандағы әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту болды. БҰҰ қолдауымен Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия альянсының құрылуының арқасында гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы өңірлік ынтымақтастықта айтарлықтай ілгерілеушілік болды. Екі конференцияға Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы стратегиялық жоспарларды анықтау және прогресті бағалау үшін 280 астам мүдделі тараптар қатысты. Бұдан басқа, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саясатының халықаралық стандарттарын ілгерілету және ықпал ету үшін гендерлік зорлық-зомбылық және адам құқықтары саласында жұмыс істейтін Орталық Азия азаматтық қоғамы ұйымдарының 500 өкілінің әлеуеті нығайтылды. «Жарық сәулесі» бастамасы аясында 2020 жылдан бастап БҰҰ Орталық Азиядағы 7 млн адам арасында салауатты еркектік пен гендерлік теңдік туралы хабардарлықты арттырды және Орталық Азиядағы 35 млн әйел мен қызға пайда әкелуі мүмкін білім алмасу үшін өңірлік платформа құрды. 2023 жылы гендерлік зорлықты алдын алу және гендерлік зорлыққа сектораралық ден қою мәселелері бойынша әртүрлі саладан кем дегенде 250 маман (журналистер, мемлекеттік органдар және т.б.) оқытылды [26, 24 б].

БҰҰ ауылдық жерлерде және қалаларда 15000 әйел мен қызға көмек көрсету арқылы репродуктивті денсаулық қызметтерін қолдады. Сондай-ақ 10000 астам адамды ақпараттық ағартушылық іс-шараларға және қолдау қызметтеріне (соның ішінде «MenEngage» бағдарламасы арқылы ер адамдар, сондай-ақ еріктілер, мемлекеттік органдар өкілдері мен мамандар) тарта отырып, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы науқандар өткізілді, 20 млн адам Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін тоқтатуға шақыратын «HeForShe» және «Сен жалғыз емессің» науқандарымен қамтылды. 2023 жылы құрылған гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы виртуалды платформа Орталық Азиядағы барлық әйелдерге гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша стандартты операциялық рәсімдер, әдістемелер, оқу материалдары мен құралдары саласындағы өз әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Жүздеген азаматтық қоғамдық ұйымдар, сарапшылар мен әйелдер бұл ресурсты пайдаланып үлгерді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және медресенің 40 маманы зорлық-зомбылықтан аман қалған мұсылман әйелдерге психологиялық қолдау көрсету бойынша оқудан өтті. БҰҰ

сонымен қатар 2023 жылы Қазақстанның төрағалығымен Орталық Азия әйелдерінің диалогына ықпал етіп, 100 астам әйел жоғары деңгейдегі кездесулерге қатысты [26, 28 б].

Қазақстан әлеуметтік мемлекеттің негізгі принциптерін ұстана отырып, оны іске асыруда әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауда тиімді мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттар қабылдаған. Мәселен, ҚР Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» деп нақтыланған [27]. Қазақстан Республикасында әйелдер мен балаларды әлеуметтік және құқықтық қорғау мақсатында мынандай заңдар мен нормативті құқықтық актілер қабылданды: Қазақстан Республикасының Халықты жұмыспен қамту туралы Заңы [28]; «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы [29]; «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің кешенді жоспары [30]; «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» [31]; Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы [32]; Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы [33]; Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы [34]; Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы [35] Заңдары, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы [36]; Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [37] Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат бекіту туралы тұжырымдамасы [38], Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы [39] мен Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы [40] және Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодекстері [41] қабылданды.

Орнықты даму мақсаттарын іске асыру мақсатында әрбір мемлекет ұлттық деңгейде қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін өзінің стратегиялық тәсілдерін қолданады. Қазақстанның басты артықшылықтарының бірі – ұлттық жоспарлаудың дұрыс құрылған жүйесін атауға болады. Дамудың осы кезеңінде мемлекет тарапынан стратегиялық жоспарлау үшін институционалдық негіздер әзірленді, құжаттар дайындалып, жүйелі тәсіл әзірленді. Мемлекеттік басқару қызметтерін бағалау жүйесі енгізіліп, мемлекеттік сектордың стратегиялық жоспарлары қалыптастырылуды. Бүгінгі таңда орнықты даму мақсаттарының шамамен 79,9 % Қазақстанның ресми жоспарлау жүйесінде көрсетілген [26, 138 б].

Орнықты даму және қазақстандық қоғамның әлеуметтік әл-ауқатын арттыру мақсатында 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап елімізде Отбасының цифрлық картасы жұмыс істей бастады. Отбасының цифрлық картасы – бұл мемлекеттік цифрлық технология саясат саласындағы

жетекші шешім, ол саяси шешімдер қабылдайтын органдарға нақты уақыт режимінде әлеуметтік қорғалмаған отбасылар туралы агрегатталған деректерге қол жеткізуге көмектеседі. Платформа Қазақстандағы халықтың неғұрлым осал топтары үшін біртұтас, гендерлік-сезімтал және тиімді әлеуметтік қолдау жүйесін құрады. Осы күні Әлеуметтік кодекстің негізінде жатқан осы жобаның арқасында Қазақстанда 6 миллионнан астам отбасы картаға түсірілді. Мұндай ашық ақпарат мемлекеттік шығындарды жақсырақ жоспарлауға және нақты уақыт режимінде алынған мәліметтер негізінде атаулы әлеуметтік көмекті дәлірек бағыттауға мүмкіндік береді [42].

Әлеуметтік мемлекет қағидаттарын сақтай отырып, ҚР Еңбек колдексінің 100-бап, 1-тармағында ата-аналардың бірі бала күтімі бойынша демалысқа кете алады деп 2023 жылдың 1 мамырында өзгеріс енгізілді. Бұл дегеніміз әлеуметтік төлем тек бір ата-анаға төленеді. Мысалы, егер ер адам бала күтімі бойынша демалысқа шыққысы келсе, оны жалақысы сақталмайтын демалысқа жібереді. Ол жұмыс берушінің мақұлдауымен сол бұйрығы бойынша әлеуметтік төлем алуға өтініш бере алады. Бұл демалыс кезеңі баланың туған күнінен бастап болуы керек. Әйел немесе ер адам болсын, жәрдемақы мөлшері оның бала туғанға дейінгі соңғы екі жылдағы орташа табысы негізінде есептеледі. Бұл өзгеріс қазақстандық қоғамдағы әкелердің балаларға деген жауапкершілігінің артуының бір көрінісі. Екінші жағынан, әйелдердің өз мамандығын дұрыс игере отырып, мансаб мінберіне кедергі келтірмей қызмет ете беуіне жаңа жол ашылды.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында жарияланған «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы сайтының деректеріне сүйенсек, әлеуметтік төлем алушылар саны 561,5 мың адамды құрады, оның ішінде 560,3 мың әйел және 1,2 мың ер адам. Бала күтіміне байланысты демалысқа кеткен ер адамдар көбіне ірі компанияларда немесе экономиканың әртүрлі салаларының жеке кәсіпкерлер болып қызмет атқарады [43].

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысушы елдердегі дамуды өлшеу және нәтижелерді салыстыру халықаралық көрсеткіштері бойынша гендерлік теңдікке қол жеткізуге ұмтылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы деректеріне сәйкес, БҰҰ-ның 2021-2022 жылдардағы адам дамуы индексі бойынша жыл сайынғы баяндамасында адам дамуының индексі бойынша ерлер мен әйелдер арасындағы жетістіктердің теңдік деңгейі бойынша Қазақстан гендерлік даму деңгейі өте жоғары елдердің 1-ші тобына кіреді. БҰҰ Бас Ассамблеясының Нью-Йорктегі 76-сессиясы барысында Қазақстан 2022-2024 жылдарға арналған БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып сайланды. Бұл адам құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарды ілгерілету процесі және адам бостандықтары - елімізде белсенді және жауапты қатысушы ретіндегі рөлін мойындау. Біріккен Ұлттар Ұйымының Кеңесінде Қазақстан Республикасының келесі бағыттары анықталды: гендерлік теңдікті ілгерілету және құқықтарды

кеңейту және әйелдердің мүмкіндіктері, жалпы жою, барлық нысандарға қарсы күрес төзімсіздік, дін мен сенім бостандығы, инклюзивті және жалпыға бірдей білім беру [44, 2 б].

1995 жылы Бейжің декларациясына қосылғаннан бері Қазақстан Республикасы гендерлік саясатты қалыптастыруға бағыт алды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1998 жылдан бастап елімізде Ұлттық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия қызмет етеді. Ал өңірлерде азаматтық сектор өкілдерінен тұратын тиісті консультативтік-кеңесші органдар комиссия жұмыстарын атқарады [45]. 2014 жылдан бастап жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі, ол адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және өсіруге бағытталған отбасы мен некенің оң бейнесі, отбасы мәртебесін арттыру болып табылады. 2023 жылы Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі «Аналар күні» (мамырдың екінші жексенбісі) және «Әкелер күні» болып толықтырылды. Аталған атаулы даталардың маңыздылығы – еліміздегі отбасының сақталуы мен ерлі-зайыптылар арасындағы байланысты күшейту үшін жасалынып отыр.

1-кесте. Соңғы бес жылықтағы Қазақстанның гендерлік теңдік жетістіктері. (авторлармен құрастырылған)



2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейін Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру басталды. [46] 2022 жылы ҚР Президентінің қолдауымен құжат өзектендіріліп және қайта қабылданды. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жаңартылған


жоспар әйелдердің экономикалық және саяси ұстанымдарын барынша қолдау, мемлекеттік органдар басшылығындағы әйелдер санын ұлғайтып, квазимемлекеттік сектордағы әйелдер санын 30% - ға дейін жеткізу, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, гендерлік білім беруді насихаттау, ана мен баланы қолдау сынды негізгі мәселелерге қамтамасыз етуге назар аударылды. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаттарына қол жеткізу айқындалған. Сондай-ақ, ерлер мен әйелдердің тең құқықтары, міндеттері мен мүмкіндіктері, жыныстық кемсітушілікті жеңіп, дамуды өлшеуге арналған нақты шаралар мен индикаторларды қарастырады [47].

БҰҰ Қазақстан бойынша жасаған есебінде, 2023 жылы 973,6 млн. теңге сомаға 158 әлеуметтік жоба іске асырылды. Отбасылық және гендерлік саясат саласындағы жобаларды қаржыландырудың жалпы көлемі 3,3 есеге ұлғайды. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 231,5% өскенін көрсетеді [44, 10 б].

ҚР Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы 1 қаңтардағы мәліметіне жүгінсек, елімізде 20 286 034 млн. адам тіркеліп, оның 10 373 918 әйел (51,2 %) және 18 жасқа дейінгі балалар 6,7 млн. (34,1 %), оның ішінде қыздар – 3,3 млн. (48,6 %), ұлдар – 3,5 млн. (51,4 %) құрап отыр [48].

1-диаграмма. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-талдамалық жүйесінің мәліметі бойынша авторлар құрастырған [50].

Әйелдерге қарсы тіркелген қылмыстар саны, ҚР



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, отбасылық-тұрмыстық саладағы моральдық қысым мен ұрып-соғу фактілерінің бір бөлігін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының өздері мұқият жасырады деп анықталған. Төменде көрсетілген кестеде әйелдерге қатысты қылмыс 2016 жылы 124 298 құраған. Әлемде орын алған пандемия кезінде 2020 және 2021 жылдары әйелдерге қатысты қылмыстың күрт төмендегенін байқауға болады. Алайда, үйде отырған


әйелдер өз серіктесінен қысым көрген, бұл кезеңде елдегі полиция қоңырау соққан нәзік жандылардың саны артқан [49].

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл А.Ластаевтың 2024 жылғы арнайы баяндамасында еліміздегі отбасылық зорлық-зомбылық құрбанларына әрбір аймақтарда психологиялық және арнаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Орталықтарды ұстау жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады. 2023 жылы бөлінген қаражат көлемі 2 282,7 млн. теңгені құрады. Орталықтарда зардап шеккендерге қызметтер тәулік бойы 6 айға дейін немесе күндізгі уақытта тәулігіне алты сағат мерзімде көрсетіледі [51].

2024 жылғы 15 сәуірде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға бағытталған заңға қол қойды. Отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қауіпсіз қоғам құру жолындағы маңызды қадам деп атауға болады. Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты құқық бұзушылықтар үшін жазаларды қатаңдатуы көздейді.

2-диаграмма. Отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіштері.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша полицияны шақыру



Мәселен, егер бұрын ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру Әкімшілік құқық бұзушылық санатына жататын болса, бұдан былай мұндай қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Педофилия және кәмелетке толмаған баланы өлтіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру енгізілді. Аталған заңдағы өзгерістер қазақстандық қоғамдағы әйел құқықтары мен мүдделерін қорғап, отбасында зәбір көрген әелдерді қорғауға арналған. Қазақстандық қоғамда заң үстемдігінің салтанат құруы – әйелдер мен балалар үшін қауіпсіз және әділ қоғам құрудағы маңызды қадам.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасында ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың орнықты даму қағидаттарымен тығыз байланыста жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық құжаттарға қосылып, ұлттық деңгейде құқықтық және институционалдық негіздерді қалыптастырды. Мемлекет әлеуметтік мемлекет қағидаттарын ұстана отырып, ана мен баланың әлауқатын арттыруға бағытталған заңнамалық актілерді, стратегиялық бағдарламаларды және әлеуметтік қолдау механизмдерін жүйелі түрде жетілдіруде.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанда ана мен баланы қорғау саласында бірқатар маңызды жетістіктерге қол жеткізілгенін дәлелдейді. Атап айтқанда, гендерлік саясатты дамыту, әйелдердің еңбек нарығындағы және кәсіпкерліктегі белсенділігін арттыру, әлеуметтік төлемдер жүйесін жетілдіру, отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру, сондай-ақ әлеуметтік қорғау саласын цифрландыру бағытында елеулі қадамдар жасалды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын ұлттық жоспарлау жүйесіне енгізу және оларды іске асыру бойынша стратегиялық шаралар қабылданды.

Сонымен бірге жүргізілген талдау ана мен баланы қорғау саласында шешімін талап ететін бірқатар мәселелердің бар екенін көрсетті. Олардың қатарына еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздік, әйелдер мен ерлер арасындағы жалақы айырмашылығы, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігіне қатысты проблемалар жатады. Бұл жағдайлар әлеуметтік саясатты одан әрі жетілдіру және мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Осыған байланысты ана мен баланы қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейту, әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы кешенді шараларды одан әрі дамыту маңызды болып табылады. Бұл өз кезегінде Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретінде орнықты дамуын қамтамасыз етуге және қоғамның әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Яғни, ана мен баланы қорғау саясатын жетілдіру Қазақстанның орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуінің маңызды факторларының бірі болып табылады және ол ұлттық әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дмитрий Юрьевич Карасев. Режимы всеобщего благополучия в развивающихся странах. Journal of Social Policy Research. <https://cyberleninka.ru/article/n/rezhimy-vseobschego-blagosostoyaniya-v-razvivayuschih-sy-stranah> (қаралған күні: 10.03.2025).
2. Amartya Sen: A More Human Theory of Development. <https://asiasociety.org/amartya-sen-more-human-theory-development> (қаралған күні: 10.03.2025).
3. Соловьева Виктория Викторовна. К вопросу о теории справедливости Джона Ролза. A scientific journal on the topic: Sociological Sciences, Political science, and Other social sciences. <https://cyberleninka.ru/journal/n/zhurnal-issledovaniy-sotsialnoy-politiki?i=1147628>. (қаралған күні: 10.03.2025).
4. Жаркынбаева, Р. С. Социальная политика новых независимых государств Центральной Азии: сравнительный анализ [Текст] : автореферат дис. / Р. С. Жаркынбаева. - Алматы : Эрекет-Print, 2008. - 47 б.
5. Амангельдиева, Н.С. Социальная сфера Республики Казахстан: состояние, проблемы и пути развития [Текст] Н. С. Амангельдиева «Тұран» университетінің хабаршысы. - 2014. - № 1. - С. 129-131.
6. Айтжанова Д.А., Омаров А.К. Механизмы перехода к устойчивому развитию экономики Казахстана в условиях глобализации// Statistics, Accounting and Audit. - 2016. - № 4 (63). - С. 72-78.
7. Шакирова Н.Н. «Социальная защита материнства и детства в условиях социально-экономической трансформации российского общества». (Диссертационная работа) <https://www.dissercat.com/content/sotsialnayazashchita-materinstva-i-detstva-v-usloviyakh-sotsialno-ekonomicheskoi-transforma>. (қаралған күні: 10.01.2025).
8. OGontmakher%20E.Sh.%20Trubin%20V.V.pdf (қаралған күні: 10.01.2025).
9. Ромайкин П.Д. Система социальной поддержки семей с детьми: первый опыт и история развития. <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-sotsialnoy-podderzhki-semey-s-detmi-pervyy-opyt-i-istoriya-razvitiya>. (қаралған күні: 10.01.2025).
10. Nikos Papadakis, Stylianos Ioannis Tzagkarakis. Welfare state, social policy and social sustainability, within the context of the permacrisis. <https://www.frontiersin.org/journals/politicalscience/articles/10.3389/fpos.2024.1451406/full>. (қаралған күні: 10.01.2025).
11. Christine Wekerle. Considerations for child protection and practice: What is child protection now? <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2950193824000251> (қаралған күні: 12.01.2025).
12. Angeles Sánchez, Maria Navarro. Public Policies of Welfare State and Child Poverty in the European Union. <https://www.mdpi.com/2071-1050/13/5/2725>. (қаралған күні: 12.01.2025).
13. Beijing Declaration and Platform for Action, Beijing +5 Political Declaration and Outcome <https://www.unwomen.org/en/digital-library/publications/2015/01/beijing-declaration>. (қаралған күні: 12.01.2025).
14. Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women New York, 18 December 1979. <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/convention-elimination-all-forms-discrimination-against-women>. (қаралған күні: 15.01.2025).
15. Optional Protocol to the Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women. <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/optional-protocol-convention-elimination-all-forms>. (қаралған күні: 15.01.2025).
16. Convention on the Political Rights of Women. https://treaties.un.org/doc/treaties/1954/07/19540707%2000-40%20am/ch_xvi_tp.pdf (қаралған күні: 15.01.2025).
17. Convention on the Nationality of Married Women https://treaties.un.org/doc/treaties/1958/08/19580811%2001-34%20am/ch_xvi_2p.pdf. (қаралған күні: 15.01.2025).
18. Convention of non-international organizations on equal remuneration of men and women in Labor values. C100 - Equal Remuneration Convention, 1951. https://normlex.ilo.org/dyn/nrmlx_en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO:12100:P12100_INSTRUMENT_ID:312245:NO. (қаралған күні: 18.01.2025).
19. UN official website. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>. (қаралған күні: 18.01.2025).
20. Қазақстанның 2019 жылғы ерікті ұлттық шолуы. https://eri.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija/Nacionalnyj_otchet/ (қаралған күні: 18.01.2025).
21. Ерікті Ұлттық шолу 2022. https://eri.kz/documents/SGD/END_KAZ_Report_DNO_07-2022.pdf (қаралған күні: 18.01.2025).
22. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2021 жылғы 12 қазан, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000067> (қаралған күні: 20.01.2025).
23. The World Bank's Doing Business Rating <https://archive.doingbusiness.org/ru/rankings>. (қаралған күні: 10.02.2025)
24. Kazakhstan and the European Bank for Reconstruction and Development have launched the Women in Business program <https://www.ebrd.com/news/2023/ebd-and-kmf-support-women-entrepreneurship-in-kazakhstan.html> Available at: [accessed 10 February 2025].

25. Republic of Kazakhstan: COVID-19 Solidarity Fund for Kazakhstan . Ochet o deiatelnosti Sentrov razvitiia jenskogo predprinimatelstva v ramkah proekta «Fond Solidarnosti v Kazahstane dlä börbü s pandemiei COVID-19» po sostoiianiu na 15.04.2022 goda <https://www.adb.org/sites/default/files/project-documents/54265/54265-001-tar-en.pdf> Available at: [accessed 10 February 2025].
26. UNCT Annual Results Report 2023 KAZ.pdf <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2024-05/UNCT%20Annual%20Results%20Report%202023%20KAZ.pdf> Available at: [accessed 10 February 2025].
27. The Constitution of the Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/eng/docs/K950001000_ Available at: [accessed 10 February 2025].
28. The Law of the Republic of Kazakhstan About employment of the population https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38847468&pos=3;-108#pos=3;-108 Available at: [accessed 10 February 2025].
29. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 19 May 2015 № 314-V. On minimum social standards and their guarantees. <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1500000314>. Available at: [accessed 15 February 2025].
30. Comprehensive plan for approval of the Comprehensive Plan for the development of social and entrepreneurial corporations until 2025. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P2100000520/04.08.2021>. Available at: [accessed 15 February 2025].
31. The Law of the Republic of Kazakhstan «On some issues of the ministries of Health and national economy of the Republic of Kazakhstan». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000071>. Available at: [accessed 15 February 2025].
32. The Law of the Republic of Kazakhstan «On state guarantees of equal rights and equal opportunities for men and women». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_/Z090223.htm. Available at: [accessed 15 February 2025].
33. The Law of the Republic of Kazakhstan «On social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ Available at: [accessed 15 February 2025].
34. The Law of the Republic of Kazakhstan «On protecting children from information that has consequences for their health and development». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>. Available at: [accessed 18 February 2025].
35. The Law of the Republic of Kazakhstan «On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan». Available at: [accessed 18 February 2025].
36. On approval of the concept of the healthcare development of the Republic of Kazakhstan until 2026. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000945>. Available at: [accessed 18 February 2025].
37. On approval of the concept for the development of healthcare infrastructure for 2024-2030. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000454>. Available at: [accessed 18 February 2025].
38. On approval of the concept of family and gender policy in the Republic of Kazakhstan until 2030. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>. Available at: [accessed 18 February 2025].
39. Qazaqstan Respublikasyn äleumettik damytudyn 2030 jylğa deingi tüjyrymdamasy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000396> Available at: [accessed 20 February 2025].
40. Code on public health and the healthcare system the Republic of Kazakhstan. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>. Available at: [accessed 20 February 2025].
41. Social code of the Republic of Kazakhstan. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> Available at: [accessed 20 February 2025].
42. Otbasyнын sifriyq kartasy turaly apparat. <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-kostanay/press/news/details/537832?lang=kk&ysclid=1qdhkfc91b822456562> Available at: [accessed 20 February 2025].
43. Memleketitik äleumettik saqtardyru qory saity. <https://gfss.kz/kk/search/?query=%D0%97%D0%B0+%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B2%D0%BE%D0%B5+%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D1%83%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D0%B5+2024+%D0%B3> Available at: [accessed 20 February 2025].
44. Kompleksnyi obzor po osuşestvleniu Pekinskoi deklaracii i platformy deistvi (1995 goda) Respublika Kazahstan. [accessed 25 February 2025].
45. Ülittq äielder isteri jäne otbasylyq-demografialyq saiasat jönnedgi komisia https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/commission_for_women [accessed 25 February 2025].
46. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 jylgy 31 mamyrdağy № 426 qaulysy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000426/history> [accessed 25 February 2025].
47. «Qazaqstan Respublikasyndağy 2030 jylğa deingi otbasylyq jäne genderlik saiasat tüjyrymdamасыn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2016 jylgy 6 jelfoqsandağy № 384 Jarlyğyna özgeris engizu turaly. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000853/history> [accessed 25 February 2025].
48. National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan. <https://stat.gov.kz/>. Available at: [accessed 10 Marth 2025].
49. Ranking.kz -Qazaqstan ekonomikasynyn monitorini jönnedgi jobasynyn resmi saity. <https://ranking.kz/kz/sholu/regions-kz/otbasyly-trmysty-salada-zhasal-y-buzshylytar-sany-tarmamyr-2022.html> Available at: [accessed 10 Marth 2025].
50. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlauijäne reformalar agenttigi Ülittq statistika bürosynyn Aparattyq-taldamalyq juiesi. <https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/704768?keyword=> Available at: [accessed 10 Marth 2025].





51. Qazaqstan Respublikasyndaǵy Adam qúyqyrtary jónindeǵi uákıldiń arнайы baıandaması. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/825810?lang=kk> Available at: [accessed 10 Marth 2025].

REFERENCES:

1. Dmitry Yuryevich Karasev. Rejimi vseobşego blagosostoyaniya v razvivayuşih stranah. Journal of Social Policy Research. [Welfare regimes in developing countries] <https://cyberleninka.ru/article/n/rezhimy-vseobşchego-blagosostoyaniya-v-razvivayushihysy-stranah> (date accessed 10 January 2025).
2. Amartya Sen: A More Human Theory of Development. <https://asiasociety.org/amartya-sen-more-human-theory-development> (date accessed 10 January 2025).
3. Solovyova Victoria Viktorovna. K voprosu o teorii spravedlivosti Džona Rolza. A scientific journal on the topic: Sociological Sciences, Political science, and Other social sciences. [On the question of John Rawls' theory of justice. A scientific journal on the topic: Sociological Sciences, Political science, and Other social] <https://cyberleninka.ru/journal/n/zhurnal-issledovaniy-sotsialnoy-politiki?i=1147628> (date accessed 10 January 2025).
4. Jarkynbaeva, R. S. Socialnaia politika novyh nezavisimyh gosudarstv Sentralnoi Aziy: sravnitelnyi analiz [Tekst] avtoreferat dis. [Social policy of the newly independent states of Central Asia: a comparative analysis [Text] dissertation work] R. S. Jarkynbaeva. - Almaty : Areket-Print, 2008. - p. 47.
5. Amangeldieva, N.S. Socialnaia sfera Respubliki Kazahstan: sostoianie, problemy i puti razvitiia [Tekst] / N. S. Amangeldieva // [Social sphere of the Republic of Kazakhstan: state, problems and ways of development [Text] / N. S. Amangeldieva, «Turan» universitetiniń habarsy. - 2014. - № 1. - p. 129-131.
6. Aitjanova D.A., Omarov A.K. Mehanizmy perehoda k ustoičivomu razvitiu ekonomiki Kazahstana v usloviah globalizatsii // [Mechanisms of transition to sustainable development of Kazakhstan's economy in the context of globalization/] Statistics, Accounting and Audit. - 2016. - № 4 (63). - p. 72-78.
7. Şakirova N.N. «Socialnaia zaşita materinstva i detstva v usloviah sosialno-ekonomicheskoi transformatsii rosiskogo obşestva». (Disertatsiyalik jumis) [Social protection of motherhood and childhood in the context of socio-economic transformation of Russian society." (Dissertation work)] <https://www.dissertat.com/content/sotsialnaya-zashchita-materinstva-i-detstva-v-usloviyakh-sotsialno-ekonomicheskoi-transforma> (date accessed 10 January 2025).
8. Aliev D.F., Gontmaher E.Ş., Trubin V.V. Socialnaia podderjka semi, materinstva i detstva: Rosia i mirovoi opyt. [Social support for family, motherhood and childhood: Russia and the global experience] https://www.inecon.org/docs/2024/02_322-338_Aliev%20D.F.,%20Gontmaher%20E.Sh.,%20Trubin%20V.V.pdf (date accessed 10 January 2025).
9. Romaikin P.D. Sistema sotsialnoi podderjki semei s detmi: pervyi opyt i istoria razvitiia. [The system of social support for families with children: the first experience and the history of development.] <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-sotsialnoy-podderzhki-semej-s-detmi-pervyy-opyt-i-istoriya-razvitiya> (date accessed 10 January 2025).
10. Nikos Papadakis. Stylianos Ioannis Tzagkarakis. Welfare state, social policy and social sustainability, within the context of the permacrisis. <https://www.frontiersin.org/journals/politicalscience/articles/10.3389/fpos.2024.1451406/full> (date accessed 10 January 2025).
11. Christine Wekerle. Considerations for child protection and practice: What is child protection now? <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2950193824000251> (date accessed 12 January 2025).
12. Angeles Sánchez, María Navarro. Public Policies of Welfare State and Child Poverty in the European Union. <https://www.mdpi.com/2071-1050/13/5/2725> (date accessed 12 January 2025).
13. Beijing Declaration and Platform for Action, Beijing +5 Political Declaration and Outcome. <https://www.unwomen.org/en/digitalibrary/publications/2015/01/beijing-declaration>. (date accessed 12 January 2025).
14. Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women New York, 18 December 1979. <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/convention-elimination-all-forms-discrimination-against-women>. (date accessed 15 January 2025).
15. Optional Protocol to the Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women. <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/optional-protocol-convention-elimination-all-forms>. (date accessed 15 January 2025).
16. Convention on the Political Rights of Women. https://treaties.un.org/doc/treaties/1954/07/19540707%2000-40%20am/ch_xvi_1p.pdf (date accessed 15 January 2025).
17. Convention on the Nationality of Married Women https://treaties.un.org/doc/treaties/1958/08/19580811%2001-34%20am/ch_xvi_2p.pdf (date accessed 15 January 2025).
18. Convention of non-international organizations on equal remuneration of men and women in Labor values. C100 - Equal Remuneration Convention, 1951. <https://normlex>.

- ilo.org/dyn/nrmlx_en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO:12100:P12100_INSTRUMENT_ID:312245:NO (date accessed 18 January 2025).
19. UN official website. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/> (date accessed 18 January 2025).
20. Qazaqstannyn 2019 jylgy erikti ultiqy sholuy. [Voluntary National Review of Kazakhstan in 2019.] https://eri.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitiya/Nacionalnyj_otchet/ (date accessed 18 January 2025).
21. Erkti ultiqy sholu 2022. [Voluntary National Review 2022.] https://eri.kz/documents/SGD/END_KAZ_Report_DNO_07-2022.pdf (date accessed 18 January 2025).
22. «Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zanamalyq aktlerine azamattardyn jekelegen sanattaryn aleumettik qorgau maseleleri boiynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy, 2021 jylgy 12 qazan. [Law of the Republic of Kazakhstan «On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the issues of social protection of certain categories of citizens», October 12, 2021] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000067> (date accessed 20 January 2025).
23. The World Bank's Doing Business Rating <https://archive.doingbusiness.org/ru/rankings> (date accessed 10 February 2025).
24. Kazakhstan and the European Bank for Reconstruction and Development have launched the Women in Business program <https://www.ebrd.com/news/2023/ebd-and-kmf-support-women-entrepreneurship-in-kazakhstan.html> (date accessed 10 February 2025).
25. Republic of Kazakhstan: COVID-19 Solidarity Fund for Kazakhstan . Ochet o deiatelnosti Sentrov razvitiia jenskogo predprinimatelstva v ramkah proekta «Fond Solidarnosti v Kazahstane dlya borby s pandemiei COVID-19» po sostoiianiu na 15.04.2022 goda. [Republic of Kazakhstan: COVID-19 Solidarity Fund for Kazakhstan . Report on the activities of Women's Entrepreneurship Development Centers within the framework of the project «Solidarity Fund in Kazakhstan to combat the COVID-19 pandemic» as of 04/15/2022] <https://www.adb.org/sites/default/files/project-documents/54265/54265-001-tar-en.pdf> (date accessed 10 February 2025).
26. UNCT Annual Results Report 2023 KAZ.pdf <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2024-05/UNCT%20Annual%20Results%20Report%202023%20KAZ.pdf> (date accessed 10 February 2025).
27. The Constitution of the Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/eng/docs/K950001000_ (date accessed 10 February 2025).
28. The Law of the Republic of Kazakhstan About employment of the population https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38847468&pos=3;-108#pos=3;-108 (date accessed 10 February 2025).
29. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 19 May 2015 № 314-V. On minimum social standards and their guarantees. <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1500000314> (date accessed 15 February 2025).
30. Comprehensive plan for approval of the Comprehensive Plan for the development of social and entrepreneurial corporations until 2025. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P2100000520/04.08.2021> (date accessed 15 February 2025).
31. The Law of the Republic of Kazakhstan «On some issues of the ministries of Health and national economy of the Republic of Kazakhstan». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000071> (date accessed 15 February 2025).
32. The Law of the Republic of Kazakhstan «On state guarantees of equal rights and equal opportunities for men and women». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_/z090223.htm (date accessed 15 February 2025).
33. The Law of the Republic of Kazakhstan «On social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ (date accessed 15 February 2025).
34. The Law of the Republic of Kazakhstan «On protecting children from information that has consequences for their health and development». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> (date accessed 18 February 2025).
35. The Law of the Republic of Kazakhstan «On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> (date accessed 18 February 2025).
36. On approval of the concept of healthcare development of the Republic of Kazakhstan until 2026. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000945> (date accessed 18 February 2025).
37. On approval of the concept for the development of healthcare infrastructure for 2024-2030. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000454> (date accessed 18 February 2025).
38. On approval of the concept of family and gender policy in the Republic of Kazakhstan until 2030. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (date accessed 18 February 2025).
39. Qazaqstan Respublikasyn äleumettik damyudyñ 2030 jylğa deingı tüjyrymdamasy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000396> (date accessed 20 February 2025).
40. Code on public health and the healthcare system the Republic of Kazakhstan. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (date accessed 20 February 2025).
41. Social code of the Republic of Kazakhstan. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (date accessed 20 February 2025).
42. Otbasynyñ sifirlyq kartasy turaly aqqarat. [Information about the digital family map.]

- <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-kostanay/press/news/details/537832?lang=kk&ysclid=lqdhkfc91b822456562> (date accessed 20 February 2025).
43. Memleketтік aleumettik saqtardyru qory saity. [Website of the State Social Insurance Fund] <https://gfss.kz/kk/search/?query=%D0%97%D0%B0+%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B2%D0%BE%D0%B5+%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D1%83%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D0%B5+2024+%D0%B3%> (date accessed 20 February 2025).
44. Kompleksnyi obzor po osuřestvleniu Pekinskoi deklaratsii i platformy deystvi (1995 goda) Respublika Kazahstan. [Comprehensive review of the implementation of the Beijing Declaration and Platform for Action (1995) Republic of Kazakhstan.] https://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/9.pdf (date accessed 25 February 2025).
45. Ultyq aielder isteri jane otbasylyq-demografialyq saiasat jonindegi komisia. [National Commission on women's Affairs and family and demographic policy.] https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/commission_for_women (date accessed 25 February 2025).
46. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 jylgy 31 mamyrdagy № 426 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 31, 2023 No. 426.] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000426/history> (date accessed 25 February 2025).
Abstract. This article presents an empirical analysis of child poverty in large families in Kazakhstan, based on qualitative research - in-depth semi-structured interviews with 17 large families receiving targeted social assistance (TSA). The study reveals that children in poor large families face severe restrictions in access to adequate nutrition, education, and healthcare, negatively affecting their physical, cognitive, and social development. Despite the existence of government programmes such as TSA, Nurly Zhol, and Auyl - el besigi, child poverty levels remain high, indicating significant gaps in policy implementation.

Empirical analysis identified three critical problems: TSA payments cover only 40-50% of food expenditures; bureaucratic barriers require families to visit 4-7 government agencies; and waiting lists for public kindergartens extend to 6-12 months. The aim of this article is to assess the real-world effectiveness of state social support programmes and to develop evidence-based policy recommendations focused on improving targeting, expanding access to pre-school education, and enhancing parental employment conditions.

Keywords: *child poverty, large families, state policy, social support, family policy in Kazakhstan.*

Кіріспе

Көпбалалы отбасылар кедейлігі балалардың физикалық, танымдық және әлеуметтік дамуына ұзақ мерзімде теріс ықпал ететін әлеуметтік мәселе. Сонымен қоса бұл көп қырлы мәселе мемлекет тарапынан қатаң бақылау мен қолдауды талап ететін экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Бала кедейлігі түйіткілін шешу мемлекеттің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Кедейлікке ықпал ететін көптеген факторларды жою жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы өзгерістерді талап етеді. Мемлекеттік саясат көпбалалы отбасыларға экономикалық осалдықты жеңуде шешуші рөл атқарады. Әлеуметтік жәрдемақылар, инфрақұрылымдық қолдау және мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуде үкіметтік қолдаудың маңызы зор. Балалардың материалдық тапшылығымен күресуге бағытталған шаралар атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді, сапалы тұрғын үйге қолжетімділікті арттыруды және ата-аналарды жұмыспен қамту мүмкіндіктерін құрайды. Ресми бағдарламалардың болуына қарамастан, көп балалы отбасылар әлі де қажетті ресурстар мен қызметтерге қол жеткізе алмайды, өйткені қазіргі шаралар қайта қарауды және күшейтуді қажет етеді. Бұл зерттеу көп балалы отбасылардағы бала арасындағы әлеуметтік осалдықтың себеп-салдарын талдауға, сондай-ақ үкіметтік бағдарламалардың тиімділігін бағалауға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік саясаттың бұл түйткілді шешуде туатын кедергілерге ерекше назар аударылады.

Зерттеу гипотезасы. Мемлекет тарапы бала кедейлігін шешуде белсенді араласпауы нәтижесінде көптеген көпбалалы отбасылардың мәдени, экономикалық, әлеуметтік осалдықтығы ескерілмей, көкейтесті мәселеге айналуға. Нақтырақ айтқанда: (1) мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар (АӘК, «Нұрлы жол», «Ауыл - ел бесігі») көпбалалы отбасылардың нақты қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайды; (2) бюрократиялық кедергілер мен ақпараттық тапшылық мемлекеттік қолдауға қол жеткізуді шектейді; (3) отбасылардың ресурстарға қол жетімсіздігі балалардың білімге, денсаулыққа және әлеуметтік дамуға теңсіз қатысуына алып келеді.


Мақаланың мақсаты. Қазақстандағы АӘК алатын 17 көпбалалы отбасымен жүргізілген сапалық зерттеу арқылы мемлекеттік бағдарламалардың іс жүзіндегі тиімділігін бағалау және бала кедейлігін азайтуға арналған ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері қойылды: (1) Қазақстандағы көпбалалы отбасылардағы бала кедейлігінің себептері мен факторларын эмпирикалық деректер негізінде анықтау; (2) АӘК алатын отбасылардың мемлекеттік қолдауға қол жеткізу тәжірибесін сапалық зерттеу арқылы талдау; (3) қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі мен олқылықтарын бағалау; (4) алынған эмпирикалық деректер негізінде саясатты жетілдіруге арналған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеулерге шолу. Ғылыми ізденістің жаңалығы - Атаулы Әлеуметтік Көмек (АӘК) алатын көпбалалы отбасылармен сұхбат-сауалнама әдісін қолдану. Бұл тәсіл бала арасындағы әлеуметтік осалдық тақырыбында

Қазақстандық сараптамаларда сирек қолданылса да құрылымдық, жүйелік мәселелерді анықтап қана қоймай, осы отбасылардың өмірі, олардың күн көруі және тұрмыстық өмірде кездесетін нақты кедергілер туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік берді. Бұрынғы Қазақстандық зерттеулер бала кедейлігін негізінен статистикалық және құқықтық тұрғыдан қарастырған болса (Жұмағұлов, 2020; Мухамадиева және т.б., 2018), осы жұмыс АӘК алушы отбасылармен тікелей жүргізілген сапалық сұхбаттар арқылы мемлекеттік саясаттың іс жүзіндегі тиімділігін «төменнен жоғары» бағалайды. Осылайша зерттеу отандық ғылымдағы эмпирикалық сапалық зерттеулер олқылығын толтырады.

Бұдан бөлек, бұл талдауда «Нұрлы жол», «Ауыл - ел бесігі», АӘК, «Қазақстанның демографиялық даму тұжырымдамасы-2030» сияқты негізгі мемлекеттік бағдарламалардың кемшіліктерін анықтай отырып, егжей-тегжейлі сыни талдау жүргізілді [1-4]. Мәселен, атаулы бағдарламалардан көпбалалы отбасыларға қатынасты шаралардың бірқатар кемшіліктерін байқауға болады. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстандағы әлеуметтік саясатты жетілдіруге арналған ғылыми тұрғыдан негізделген ұсынымдар әзірленді. Бұл түйіндер респонденттердің нақты тәжірибесіне негізделіп, көпбалалы отбасыларға билік тарапынан көмекті жақсарту үшін нақты қадамдарды қарастырады.

1-сурет. Бала кедейлігінің тұжырымдамалық кестесі: себептер, салдарлар және мемлекеттік ықпал ету векторлары



Осылайша, мемлекеттік саясат шеңберінде балалардың әлеуметтік осалдығын зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыда жоғары сыни мәнге ие. Кедейлік деңгейін төмендету және көпбалалы отбасындағы әрбір баланың толыққанды дамуына қолайлы жағдай жасау тек тиімді ресми шараларға сүйенген жүйелі әрі көп салалы тәсіл арқылы жүзеге асады. Бала кедейлігі сынды күрделі, көп қырлы мәселенің себеп-салдарын түсіну үшін теориялық қағида қажет. Тұжырымдамалық іргетас оған ғылыми зерттеулердің тұрғысынан қарап, оны қалай шешуге болатындығы туралы түсінік береді. Бала құқықтарын қорғаудың қазіргі халықаралық жүйесі, бала арасындағы кедейлікпен күресуге бағытталған жүйелердің бірі.

Дегенмен, Ноланның еңбегінде талқыланғандай, оның күшті және әлсіз жақтары бар [5]. Аленоманың зерттеуі де бала кедейлігін азайтуға

бағытталған саясат шеңберінде бала кедейлігінің қоғамдық және институционалдық маңыздылығын ескерудің ауқымдылығын көрсетеді [6]. Комро кедейлік деңгейі жоғары аудандарда балалардың денсаулығын нығайту және дамыту үшін ғылыми негізделген тұжырым ұсынады [7]. Саар-Хейманның жұмысы тапшылықты ескеретін балады қорғау тәжірибесінің парадигмасын көрсетеді [8]. Абулхулдың зерттеуінде талқыланғандай әлеуметтік қақтығыс теориясын бала арасындағы осалдығының сақталу себебін түсінуге болады [9]. Уиттердің жұмысы балалардың кедейлігін бағалаудың біртұтас жүйесін ұсынады [10]. Гильен-Фернандес және Варгас-Чанес балалардың тұрмыстық тапшылығын жою үшін әмбебап және нысаналы саясат жүргізілуі керек деп болжайды [11]. Нобл жасөспірімдерді басты назарға алып, әлеуметтік жағдайдың төмендігінің абсолютті және салыстырмалы компоненттерін қамтитын көп өлшемді моделін ұсынады [12]. Ал, Падданың зерттеуі табысы төмен отбасындағы балаға бағытталған кең ауқымды тәсілдерді қолдану қажеттілігін дәлелдейді [13].

1-кесте. Қазақстандағы көпбалалы отбасыларға арналған негізгі мемлекеттік бағдарламалардың салыстырмалы талдауы

Бағдарлама	Мақсаты	Анықталған кемшіліктер	Сұхбат деректерімен расталуы
АЭК (Атаулы әлеуметтік көмек)	Аз қамтылған отбасыларға ақшалай жәрдемақы беру	Төлем мөлшері тұрмыс минимумынан төмен; күрделі бюрократиялық рәсімдер; 53% отбасы кемінде бір рет қайтарылған	17/17 отбасы АЭК жеткіліксіз екенін растады; КЖ-03, КЖ-07
"Нұрлы жол"	Тұрғын үй, инфрақұрылым, жұмыспен қамту	Тұрғын үй квоталары отбасы мөлшеріне сәйкес емес; бөлінген пәтерлер 40-50 м ² (санитарлық норма ≥54 м ²); жалдау төлемі табысты жейді	64,7% тұрғын үйді басты мәселе деп атады; КЖ-06
"Ауыл - ел бесігі"	Ауылдық инфрақұрылымды дамыту, бала-бақша салу	Бала-бақша орындары жеткіліксіз; күту мерзімі 8-12 ай; жолдар мен байланыс желісі нашар	Жетібай респонденттері қызмет жетіспеушілігін растады; КЖ-01, КЖ-04
Демографиялық даму тұжырымдамасы - 2030	Туу деңгейін арттыру, отбасыларды қолдау	Бала санын ынталандыру шаралары жеткіліксіз; тұрмыс сапасын жақсартуға нақты механизмдер жоқ	Отбасылар мемлекеттік қолдауды нақты сезінбейтінін атады; КЖ-02

Ескертпе: кесте автордың зерттеу деректері мен мемлекеттік бағдарламалар талдауы негізінде құрастырылған.

Карастырылған мақалаларда әртүрлі көзқарастармен жасалған сыни сараптамалар атаулы түйткілдің бала денсаулығына, мінез-құлқына, дамуына, әлеуметтік өміріне әсерлерінің байланысын көрсетіп қана қоймай, бала құқықтарын қорғайтын халықаралық жүйелердің жұмысына сыни талдау жасалған. Британдық авторлар өз жұмыстарында материалдық жағдайдың төмендігі балалардың эпигенетикалық, иммунологиялық, физиологиялық және психологиялық бейімделуіне теріс әсерін талдап, шешу жолдарын ұсынады [14]. Сондай-ақ, Шотландиядағы материалдық тапшылықты шешуде жергілікті биліктің рөлін анықтап, саяси іс-қимылдардың себеп-салдары толық зерттеледі [15]. Өз кезегінде Американдық ғалымдар Ли Савио Бирс, Мойра А. Силаги, Сара Х. Гоза, Уоррен М. Сейгел және Американдық Педиатрия Академиясының директорлар кеңесінің Атқарушы комитетінің өкілі Марк Дель Монте балады жоқшылықтан шығару мен олардың денсаулығын жақсартуға бағытталған саясаттар мен бағдарламаларға инвестиция салудың маңыздылығын атап журнал беттерінен танылды [16].

Қазақстанда бала арасындағы кедейлігінің теориялық тұжырымдамаларына нақты сілтемелер жеткіліксіз. Мәселен, Жұмағұлов азаматтық соғыстан кейінгі Кеңес өкіметінің Қазақстандағы әлеуметті-экономикалық саясатын талдауы елдегі кедейліктің тарихи мәнін жете түсіндіреді [17]. Ал, Г. Мухамадиева, Г. Мукалдыева, Ж. Карашева, Е. Бурибаева, Ж. Хамзина секілді құқықтанушы ғалымдар болса, тапшылықты қысқартуға бағытталған саясат пен тәжірибені түсіну үшін Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құқықтық реттеуін талқылады [18]. Мемлекет үкіметінің тапсырмасы және UNICEF (United Nations Children's Fund - Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала Қоры) сияқты халықаралық ұйымдардың ұсыныстары негізінде Қазақстанда кедейлікті көпөлшемді бағалау үшін Ұлттық Кедейлік Әдістеме Индексі (ҰКӘИ) әзірленді. Бұл индекс Бристоль әдісіне сүйенеді және кедейлікті тек монетарлық көрсеткіштермен емес, сонымен қатар тұрғын үй жағдайы, білімге қолжетімділік, денсаулық, әлеуметтік интеграция, экология және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты аспектілер арқылы кешенді бағалауға мүмкіндік береді [19,20]. Бұл теориялық тұғырлар бала арасындағы теңсіздік проблемасы бойынша құнды ақпарат беріп, оның әсерін азайтуға бағытталған саясат пен тәжірибенің қағидасы бола алады.

Отандық әлеуметтанушылардың зерттеулері де осы тақырыпты толықтырады. Г. Сейткали мен Р. Бекованың еңбектерінде Қазақстандағы әлеуметтік осалдықтың факторлары мен жергілікті қоғамдастықтардың рөлі талданған. Г. Нұрышева Қазақстандағы аз қамтылған отбасылардың еңбек нарығына қатысуын зерттеп, олардың кедейлік тұзағынан шығу жолдарын қарастырады. С. Нысанбаевтың зерттеулері мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың тиімділігін бағалауға арналған. Бұл отандық авторлардың тұжырымдары зерттеудің эмпирикалық деректерімен үндесіп, Қазақстан жағдайына бейімделген талдаудың теориялық негізін нығайтады [27-29].

Зерттеу әдістері

Бұл ғылыми жұмыста келесі сапалық әдістер қолданылды:

- әлеуметтік осал санаттағы көпбалалы отбасылардың ата-аналарымен тереңдетілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді;

- көпбалалы отбасыларды қолдауға бағытталған қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға аналитикалық талдау жасалды. Жартылай құрылымдалған сұхбаттар форматы таңдалды, өйткені ол зерттеушіге алдын ала анықталған тақырыптар бойынша деректер жинауға мүмкіндік бере отырып, респонденттің өз тілімен маңызды контекстуалды ақпаратты еркін беруіне жол ашады (Kvale & Brinkmann, 2009) [25]. Сұхбат сценарийі жартылай құрылымдалған форматта жасалды, себебі зерттелетін мәселенің (мемлекеттік қолдауға қол жеткізу кедергілері) күрделілігі стандартты сауалнама арқылы толық ашылмайды - әр отбасының жағдайы ерекше болғандықтан, икемді сұрақ қою стратегиясы қолданылды.

Бұл әдістер әлеуметтік қолдау саласындағы басты кедергілер мен қажеттіліктерді айқындауға, сондай-ақ респонденттердің эмпирикалық байқаулары мен пікірлеріне сүйене отырып, мемлекеттік көмектетіктерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Негізгі мақсат - бала кедейлігінің себеп-салдарын түсіну, Қазақстандағы көпбалалы отбасыларды қолдаудың қазіргі мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау. Зерттеу шеңберінде “Нұрлы жол”, АӘК және “Ауыл - ел бесігі” бағдарламаларға жан-жақты талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде мынадай кемшіліктер анықталды: “Нұрлы жол” бағдарламасы аясында берілетін тұрғын үй квоталары көпбалалы отбасылардың нақты санына сәйкес келмейді, ал бөлінген пәтерлердің ауданы үлкен отбасылар үшін жеткіліксіз (40-50 м²); АӘК бойынша анықталған ең басты мәселе - төлем мөлшерінің тұрмыс минимумынан төмен болуы және бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі; “Ауыл - ел бесігі” бағдарламасы ауылдық инфрақұрылымды дамытуды мақсат еткенімен, респонденттер бала-бақша орындарының жеткіліксіздігі мен жолдар мен байланыс желісінің нашарлығын атап өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік саясат пен әлеуметтік қорғау жөніндегі жұмыстар мен ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды.

Зерттеу аясында АӘК алатын көпбалалы отбасылардың ата-аналарымен 17 кезеңді сұхбат өткізілді. Қатысушылар жергілікті билік органдарының, Маңғыстау облысы Жетібай кентіндегі №3 орта мектеп-лицейінің, Астана қаласындағы Алматы ауданының №92 орта мектеп-лицей әкімшіліктерінің көмегімен таңдалды. Зерттеу аймақтарын таңдауда мақсатты іріктеу (purposive sampling) принципі басшылыққа алынды: Жетібай кенті ауылдық жерлердегі көпбалалы отбасылардың типтік ахуалын көрсетсе, Астана қаласының Алматы ауданы қалалық орта жағдайын бейнелейді. Осылайша, екі аймақтың қосылуы Қазақстандағы ауылдық және қалалық отбасылар арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды салыстырмалы тұрғыда зерттеуге мүмкіндік берді. Мектеп-лицейлер іріктеу алаңы ретінде таңдалды, өйткені олардың әкімшіліктері АӘК алатын көпбалалы отбасылардың жаңартылған

тізімдерін жүргізеді және осы отбасылармен тікелей байланыста болады. Ерекше мұқтаж отбасылардың тізімдерін осы мекемелер ұсынды. Информанттардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қатысты: 17 отбасының барлығы АӘК алушы, бала саны 4-8 аралығында; 11 ерлі-зайыптылар жұмыспен қамтылмаған немесе жартылай жұмыс істейді, 6 табысы тұрақты емес жұмысшы санатында; білім деңгейі бойынша - 9 адам орта, 5 арнаулы орта, 3 жоғары білімі бар; орташа айлық отбасы табысы АӘК төлемін қосқанда 80 000-120 000 теңге аралығында.

Сұхбат жүргізу үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің өкілдері қуәландырған ресми хаттар әзірленді. Барлық қатысушылар зерттеуге ерікті түрде келісім беріп, олардың деректерінің құпияда қалуына кепілдік берілді. Тереңдетілген сұхбат қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Респонденттер АӘК, отбасындағы бала саны (төрт немесе одан да көп), тұрғылықты жерге байланысты критерийлер бойынша мақсатты іріктеу арқылы таңдалды. Сонымен қоса, белгілі шарттар бала кедейлігіне ең осал және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуде қиындықтарға тап болған отбасылардың қосылуын қамтамасыз етті. Қатысушылардың репрезентативтілігін сақтау үшін зерттеуге Қазақстанның ауылдық жерлерінен де, қалалық елді-мекендерінен де отбасылар енгізілді. Яғни, көпбалалы отбасыларға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әртүрлілігін ескеруге, елдегі көпбалалы отбасылардың басым бөлігінің пікірлерін жинақтауға мүмкіндік берді.

Осы халықаралық және теориялық тұғырларды ескере отырып, зерттеу Қазақстан жағдайына бейімделген эмпирикалық тәсілді қолданды. Бұл бөлімде Қазақстандағы көпбалалы отбасылармен жүргізілген сұхбат нәтижелері мен мемлекеттік бағдарламаларға жасалған талдаудың қорытындылары ұсынылады. Тереңдетілген сұхбаттың мақсаты бала арасындағы әлеуметтік осалдықтың себептері мен алғышарттарын анықтау. Сұхбатқа арналған нұсқаулық төрт блоктан тұрды:

1. Жалпы деректер (жасы, отбасылық жағдайы, бала саны).
2. Отбасылардың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары.
3. Кіріс көздерін қоса алғанда, қаржы ресурстарын бөлу ерекшеліктері.
4. Тәрбие стратегиялары, отбасылық рөлдер және отбасындағы өзара әрекеттесу.

Сұхбат жүргізілгеннен кейін барлық деректер өңделіп, тақырыптық талдау (thematic analysis) әдісі бойынша, атап айтқанда Браун мен Кларктың (Braun & Clarke, 2006) алты кезеңді үлгісі негізінде талданды [26]. Талдау үш кезеңнен тұрды: (1) бірінші кезеңдегі ашық кодтау (open coding) - сұхбат мәтіндері жолма-жол оқылып, респонденттердің тікелей айтқан ойлары мен тәжірибелерін бейнелейтін бастапқы кодтар берілді; (2) екінші кезеңде семантикалық жақындығы бар кодтар тақырыптық кластерлерге топтастырылды - «АӘК қолжетімділігіндегі бюрократиялық кедергілер», «бала-бақша және білімге теңсіз қол жетімділік», «тұрғын үй жағдайларының жеткіліксіздігі», «ата-аналардың еңбек нарығынан шеттетілуі» сияқты тақырыптар анықталды; (3) үшінші кезеңде

тақырыптар мемлекеттік саясаттың көпбалалы отбасыларға іс жүзіндегі әсері тұрғысынан интерпретацияланды. Деректердің сенімділігін арттыру үшін кодтаудың алғашқы нұсқасы бірнеше рет қайталап тексерілді (investigator triangulation).

2-сурет. Көпбалалы Жауап берушілердің орналасқан жері мен мәртебесі

Код	Орналасқан жері мен мәртебесі
КЖ-01	Жетібай ауылы, көпбалалы ана, АӘК алушы
КЖ-02	Астана қаласы, көпбалалы ана, АӘК алушы
КЖ-03 - КЖ-17	Жетібай ауылы және Астана қаласы, көпбалалы аналар мен әкелер, АӘК алушылар

КЖ- «Көпбалалы Жауап беруші» дегенді білдіреді және әрбір респондент **КЖ-01, КЖ-02, КЖ-03** сияқты шартты кодпен белгіленеді. Кодтардың ішінде орналасқан жер (қала немесе ауыл) және **респонденттің ерекшелігі** (мысалы, көпбалалы ана, АӘК алушы) қысқаша көрсетіледі. Терең сұхбат нәтижелерінен алынған респонденттердің пікірлері мақала мәтінінің аналитикалық бөліктеріне енгізілді.

Келіссөз сұрақтары күнделікті өмірді ұйымдастыру, қаржылық, тұрмыстық міндеттерді бөлу, білім беру, тамақтану, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік, осы отбасылардың эмоционалды жағдайы мен әлеуметтік аспектілеріне негізделді. Отбасын қаржылық қамтамасыз етуге кім жауапты екенін, ресурстардың қалай бөлінетінін, үй шаруасын кім атқаратынын, балалардың бос уақытын қалай ұйымдастыратынын анықтау маңызды болды.

Зерттеу қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды талдауды сұхбаттардан алынған эмпирикалық деректермен біріктіріп, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалауға және көпбалалы отбасылардағы бала кедейлігін азайту үшін саясатты жақсартудың нақты жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Бала кедейлігінің себептері:

Табыстың төмен деңгейі, жұмыспен қамтудың шектеулі мүмкіндіктері: балалардың кедейлігінің негізгі факторы ата-аналардың бала күтіміне, икемді жұмыс жағдайларының болмауына байланысты еңбек нарығында кедергілерге тап болуы. Сұхбаттардың нәтижелеріне сәйкес, 12 респонденттің (70,6%) бала күтімі қызметтерінің болмауына байланысты жұмысқа орналаса алмайтынын немесе жұмыс уақытын шектеуге мәжбүр болатынын атап өтті. Жетібай ауылынан келген респонденттердің жағдайы аса ауыр: 8 респондент баланы мектепке барғанға дейін жұмыс іздемейтінін атап өтті, өйткені баланы қарайтын адам ресурсының жетіспеушілігін көрсетті. Мұндай тұжырымдар Аленоманың зерттеуімен расталып, мемлекеттік саясат шеңберінде бала кедейлігінің қоғамдық

және институционалдық маңыздылығын ескерудің ауқымдылығын көрсетеді.

Әлеуметтік қолдау көлемінің жеткіліксіздігі: АӘК сияқты мемлекеттік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға қаржылық қолдау көрсетеді, әйтсе де, төлем мөлшері отбасылардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Сұхбатқа қатысқан барлық 17 отбасы да АӘК алғаннан кейін де қаржылық қиындықтарды сезінетінін растады. Олардың пікірінше, ай сайынғы АӘК төлемі орта есеппен отбасының азық-түлікке жұмсайтын шығынының 40-50%-ын ғана жабады, тұрғын үй, коммуналдық қызметтер мен білім шығындары есепке алынбаған жағдайда. Бұл әлеуметтік қорғауды күшейтуді көздейтін «2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту» бағдарламасының қорытындыларымен расталып, іс жүзінде ағымдағы қолдау шараларының жеткіліксіздігін көрсетеді [4]. Кейбір отбасылар күнкөрісті қамтамасыз ету үшін жергілікті дүкендер мен микроқаржы ұйымдарынан қарыз алады, бұл олардың қаржылық жағдайын одан әрі нашарлатады:

«Жергілікті дүкенде азық-түлікті қарызға аламын... Мені таниды, сенеді. АСП алған соң, борыштарымды жабамын. Жапқан соң тағзы да ештеңе қалмайды (күледі).» (КЖ-03, Жетібай ауылы).

Сұхбат көпбалалы үйлердің өмір сүру, қиын тұрмыстық жағдайларға бейімделуге әртүрлі стратегияларды қолданатынын көрсетіп қана қоймай, барлық отбасы мүшелері үшін қаржы қорына, білімге, тамақ пен киімге қолжетімсіздігіне қатысты заңдылықтар анықталды. Атап өткендей, біршама бүлдіршіндер мемлекеттік бала-бақшаға бармайды, үйде анасымен қалады, өйткені ата-ананың қаржылық мүмкіндіктері тәрбие мекемелерінің төлемақысын жабуға жетпейді:

«Бала-бала-бақшаға бармайды, себебі қымбат! Үшеуіне бірден 54 000 теңге төлеуім керек, ал қалған ақша өмір сүруге жетпейді. Күйеуімнің жұмысы тұрақсыз... Жәрдемақы тамақ пен жалдауға кетеді. Үйде болғаны дұрыс... Бала-бақшада жиі ауырады, сондықтан дәрі-дәрмекке көбірек ақша кетеді.» (КЖ-01, Жетібай ауылы).

Бала күтімі қызметтеріне шектеулі қолжетімділік: жеке бала-бақшалардың қымбаттығы, мемлекеттік мекемелердің толып кетуі ата-аналардың жұмысқа шығуын қиындатады. Сұхбат деректеріне сүйенсек, Жетібай ауылындағы респонденттердің балалары мемлекеттік бала-бақшаға жазылу үшін орта есеппен 8-12 ай күтетін болса, Астана қаласында бұл мерзім 6-9 айды құрайды. Жеке бала-бақшаның ай сайынғы төлемі (бір бала үшін 18 000 теңгеден жоғары) АӘК төлемінің үштен бір бөлігін алып кетеді, бұл көпбалалы отбасылар үшін іс жүзінде мүмкін емес. «Ауыл - ел бесігі» (2019-2025) бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде инфрақұрылымды жақсарту бойынша шаралар қабылданғанмен де, келген респонденттер қолжетімді қызметтердің жетіспеушілігі туралы әлі де айтады. Бұл көпбалалы отбасылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту шаралары жеткіліксіз екенін растайды. Киім, негізінен, үлкен баладан кішілерге беріледі, оларды

сақтау, қайта тігу немесе қайта бейімдеу арқылы қолданады, және көбіне киім балаға өлшемі бойынша сәйкес келмейді:


«Біз киім алмаймыз. Аяқ киім кейде сатып аламыз, бірақ ол да балаға сәйкес келмей жатады. Көйлек, жейде болса - бір-бірімізден аламыз, ауыстырамыз, кейде кішірейтеміз.» (КЖ-04, Астана қаласы).

Тұрғын үйге жоғары шығындар: көпбалалы отбасылардың тұрғын үй жағдайлары да маңызды мәселе. Сұхбат барысында 17 респонденттің 11-і (64,7%) тұрғын үй мәселесін отбасының басты кедергісі ретінде атады. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында тұрғын үй алғандардың өзі (сұхбаттасқан 4 отбасы) оның 6-8 адамнан тұратын отбасы үшін жеткіліксіз екенін айтты: бөлінген пәтерлердің ауданы 40-50 м², ал санитарлық нормаға сәйкес 6 адамды орналастыру үшін кемінде 54 м² қажет. Бұл тұрғын үйдің шектеулі қолжетімділігін, көпбалалы отбасылар үшін жеңілдіктің жеткіліксіздігін көрсетеді. *«Біз 8 адамбыз, әртүрлі жастағы және жыныстағы балаларымыз бар. Мемлекеттік бағдарлама арқылы екі бөлмелі (40-50 м²) пәтер алдық, бірақ ол бәрімізге тарлық етеді. Оның жалдау төлемін табысымыздан төлеп отырмыз.» (КЖ-06, Жетібай ауылы)*

Мемлекеттік басқарудың кемшіліктері: мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімсіздігі, бақылау жетіспеушілігі бала кедейлігінің сақталуына ықпал етеді. Күрделі бюрократиялық процедуралар, көпбалалы отбасыларды қолдауға кешенді көзқарастың болмауы кесірінен мемлекеттік көмек мұқтаж адамдарға жете бермейді. Атап айтқанда, сұхбат барысында 9 респондент (53%) АӘК ресімдеу кезінде кемінде бір рет құжат жеткіліксіздігі себебімен қайтарылғанын хабарлады. Орта есеппен бір отбасы АӘК алу үшін 4-тен 7-ге дейін мемлекеттік мекемеге барып-келуге мәжбүр болды. *«Кейде көмек сұрап барғанымызда, құжаттар дұрыс емес деп қайтарып жібереді. Бір анықтаманы алу үшін бірнеше жерге бару керек. Ақыры көмектен де үміт үзесің.» (КЖ-07, Астана қаласы)* Өз зерттеуінде Нолан атап өткен бала құқықтарын қорғау халықаралық жүйесінің әлсіздігі Қазақстан үшін де өзекті.


«Әрине, көп бала - жақсы! Анам бес бала өсірді, күйеуімнің отбасында да бес бала болған. Бір-бірімізге көмектесеміз. Бірақ қазір бәріне қиын. Азық-түлік пен дәрі қымбаттап кетті. Таныстарымыздың да отбасы үлкен.» (КЖ-02, Астана қаласы). Бұл үзінді көпбалалылықтың қазақ мәдениетінде дәстүрлі құндылық ретінде қабылданатынын дәлелдейді. Сонымен бірге, қазіргі экономикалық қиындықтар (бағаның өсуі, азық-түлік пен дәрі-дәрмектің қымбаттауы) бұл дәстүрлі құндылықтарды сақтауды күрделендіретінін көрсетеді.

3-сурет. «Көпбалалы отбасыдағы бала кедейлігіне әсер етуші факторлар»



Ескертпе: кестені құрастырған автор.

4-сурет. «Көпбалалы отбасындағы бала кедейлігінің себептері»



Ескертпе: кестені құрастырған автор.

Бұл факторлар өзара әрекеттесу арқылы көпбалалы отбасыларға кешенді, мақсатты мемлекеттік қолдаусыз кедейліктің шығуы қиынға соғатын тұйық шеңбер жасайды. Мәселені шешу әлеуметтік бағдарламаларды қайта қарауды, қызметтердің қолжетімділігін арттыруды, әлеуметтік көмектің көлемін ұлғайтуды, сондай-ақ, ата-аналарды жұмыспен қамтуды қолдау жөніндегі шараларды күшейтуді талап етеді.

Қорытынды және ұсыныстар

Көпбалалы отбасындағы балалардың әлеуметтік осалдығымен күресу кешенді бағдарламаларды талап етеді, дәлірек айтқанда мемлекеттік қолдауды жақсарту, білімге, баспанаға, ата-аналардың кәсіби өсуіне ықпал етуге бағытталған механизмдер енгізген жөн.

Аталған мақсатқа жету аясында бірқатар қысқа және ұзақ мерзімді мемлекеттік қадамдар талданды. Толыққанды анализ қосымшада ұсынылады.

Қысқа мерзімді шараларға:

- Атаулы әлеуметтік көмектің (АӘК) мөлшерін ұлғайту арқылы отбасылардың әл-ауқатын арттыру;
- көмек алу рәсімдерін жеңілдету, оның ішінде өтініш беру процесін цифрландыру және бюрократиялық кедергілерді азайту;
- жеке бала-бақшаларды субсидиялау арқылы мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту;
- ата-аналарға арналған қайта даярлау бағдарламалары арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту;
- икемді еңбек жағдайларын дамыту арқылы шалғай аймақтардағы жұмыспен қамту деңгейін көтеру жатады.

Ұзақ мерзімді шешімдер қатарында:

- білім беру инфрақұрылымын жетілдіру,
- жаңа бала-бақшалар салу,
- кәсіпкерлікке бейім ата-аналарға арналған бизнес-инкубаторлар құру,
- тұрғын үй жағдайын жақсарту сияқты бастамалар бар.

Осы шараларды іске асыруға жауапты мекемелерге Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар жатады [21-23].

Дегенмен, цифрлық платформалар арқылы өтініш беру рәсімінің оңайлатылғанына қарамастан, әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың арасында цифрлық инфрақұрылымға (ноутбук, смартфон, интернет) қолжетімділіктің шектеулі болуы олардың eGov.kz және басқа да электрондық порталдар арқылы өтініш беру мүмкіндігін едәуір қиындатады. Бұл жағдай мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта көрсету кезінде әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне алып келуі мүмкін. Сондықтан электронды қызметтермен қатар, альтернативті - офлайн қолжетімді арналарды сақтау немесе дамыту қажеттігі туындайды.

Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік төлемдер отбасының негізгі қажеттіліктерінің бір бөлігін ғана қамтитынын анықтауға болады, сондықтан олар қосымша көмек көздерін қайырымдылық, діни ұйымдардан, туыстарынан іздеуі керек. 2020 жылдың басынан Әлемдік дағдарыстың әсерінен Қазақстан Республикасының үкіметі аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға субсидиялар бергенмен, халықтың қарқынды өсуі жергілікті тұрғындардың мемлекет тарапынан толық қамтамасыз етілуін қиындатады [24]. Әйелдер мен бала кедейлігін

азайту үшін көпбалалы аналарды әлеуметтік қорғауды, лайықты еңбек жағдайларын, тұрақты табысты, бала күтімі қызметтерінің қолжетімділігін, мансап сатысымен алға жылжуға мүмкіндік беретін еңбек нарығына тарту қажет. Көпбалалы әйелдерге мемлекеттік бала-бақшаларда балаға орындар ұсыну, баланы мектеп формасымен, кеңсе тауарларымен, тамақпен қамтамасыз ету, жоғары білім алуға мемлекеттік гранттарды бөлу саясаты түрінде мемлекеттік қолдау қажет. Аналардың еңбегі есебінен өз табысын алуға жәрдемдесу, бала күтімі бойынша әлеуметтік жауапкершілікті дамыту көпбалалы отбасылардағы бала кедейлігін азайту, негізінен, еңбек нарығындағы кедейлікпен күресудің негізгі аспектісі болып табылады. Қазіргі уақытта бюджеттік қызметтерді, институционалдық қолдау көрсету құралдарын дамыту арқылы зерттеу мақсатына қол жеткізілді деген тұжырымға келеміз. Дегенмен, Қазақстанның үкіметі мен ғылыми қоғамдастығы көпбалалы отбасылардағы бала кедейлігін азайтуға қатысты мемлекеттік мәселелері қосымша зерттеулерді талап етеді.

Ұсынылған өзара байланысты шаралар көпбалалы отбасындағы бала кедейлігі мәселесін кешенді шешуге бағытталған. Яғни, АӘК мөлшерін ұлғайту, бюрократиялық процедураларды жеңілдету сияқты қысқа мерзімді шараларды салыстырмалы түрде тез жүзеге асыру көпбалалы отбасына бірден жеңілденуді сезінуге мүмкіндік береді. Білім беру инфрақұрылымын дамыту, тұрғын үй жағдайларын жақсарту сияқты ұзақ мерзімді шаралар көп инвестиция мен уақытты қажет еткенімен, әр баланың жарқын болашағы үшін маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Нұрлы жол» бағдарламасы [Электрондық ресурсы]. -URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/mps/documents/details/149409?lang=ru> (қаралған күні: 01.05.2025).
2. «Ауыл - ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурсы]. -URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/979?lang=ru> (қаралған күні: 01.05.2025).
3. Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) бағдарламасы [Электрондық ресурсы]. - URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/social_help (қаралған күні: 01.05.2025).
4. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі демографиялық даму тұжырымдамасы [Электрондық ресурсы]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (қаралған күні: 01.05.2025).
5. Nolan (2020). Poverty and Children's Rights., 404-425. <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780190097608.013.21>
6. Alenoma (2019). Community versus Institutional Meanings of Child Poverty: Implications for Policy for Reducing Child Poverty. RHSS. <https://doi.org/10.7176/rhss/9-2-16>
7. Komro, Flay, Biglan (2011). Creating Nurturing Environments: A Science-Based Framework for Promoting Child Health and Development Within High-Poverty Neighborhoods. *Clin Child Fam Psychol Rev*, 2(14), 111-134. <https://doi.org/10.1007/s10567-011-0095-2>
8. Saar-Heiman (2019). Poverty aware social work in the child protection system: A critical reflection on two single case studies. *Child & Family Social Work*, 4(24), 610-618. <https://doi.org/10.1111/cfs.12642>
9. Abulhul (2021). Child poverty in the United States from the perspective of conflict theory. *ajerr*, 82. <https://doi.org/10.28933/ajerr-2021-03-2505>
10. Witter (2003). Developing a framework for monitoring child poverty: results from a

- study in Uganda. *Child. Soc.*, 1(18), 3-15. <https://doi.org/10.1002/chi.772>
11. Guillén-Fernández, Vargas-Chanes (2021). Multidimensional Child Poverty from the Child Rights-Based Approach: A Latent Class Analysis to Estimating Child Poverty Groups in Mexico. *Child Ind Res*, 5(14), 1949-1978. <https://doi.org/10.1007/s12187-021-09840-1>
 12. Noble, Wright, Sherr (2006). Developing a child-focused and multidimensional model of child poverty for South Africa. *Journal of Children and Poverty*, 1(12), 39-53. <https://doi.org/10.1080/10796120500502136>
 13. Padda (2017). Multidimensional Child Poverty Measurement and its Mapping: Case of Balochistan, Pakistan. *SSRN Journal*. <https://doi.org/10.2139/ssrn.3149123>
 14. Wickham, Anwar, Barr, Law, Taylor-Robinson (2016). Poverty and child health in the UK: using evidence for action. *Arch Dis Child*, 8(101), 759-766. <https://doi.org/10.1136/archdischild-2014-306746>
 15. Sinclair, McKendrick (2014). Tackling Child Poverty Locally: Principles, Priorities and Practicalities in Challenging Times. *Scottish Affairs*, 4(23), 454-485. <https://doi.org/10.3366/scot.2014.0044>
 16. Beers L.S., Silagyi M.A., Goza S.H., Seigel W.M., Del Monte M. (2021). Ending Child Poverty by Investing in Children and Families. *Academic Pediatrics*, 8(21), S92-S93. <https://doi.org/10.1016/j.acap.2021.09.002>
 17. Жумағұлов Б.Т. (2020). FROM THE HISTORY OF ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN AFTER THE CIVIL WAR (1920-1924). *Bullet. Ser. Hist. and soc.-polit. Sc*, 2(65). <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5461.01>
 18. Мухамадиева Г., Мукалдыева Г., Карашева Ж., Бурибаева Е., Хамзина Ж. (2018). Modernization of Social Security System Legal Regulation in Kazakhstan: Experience and Standards of the OECD Members Implementation. *J. of Adv. Res. Law Econ.*, 8(8), 2498. [https://doi.org/10.14505/jarle.v8.8\(30\).21](https://doi.org/10.14505/jarle.v8.8(30).21)
 19. Н. Белоносова (2022). Результаты пилотного расчета национального индекса многомерной бедности в Республике Казахстан. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://stat.gov.kz/>
 20. ЮНИСЕФ Казахстан и БНС (2023). Отчет по измерению многомерной детской бедности в Казахстане 2023.
 21. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі [Электрондық ресурс]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek?lang=kk> (қаралған күні: 01.05.2025).
 22. Білім министрлігі [Электрондық ресурс]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=kk> (қаралған күні: 01.05.2025).
 23. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі [Электрондық ресурс]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom?lang=kk> (қаралған күні: 01.05.2025).
 24. Мемлекеттік жәрдемақы [Электрондық ресурс]. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-astana/press/news/details/101332>
 25. Kvale S., Brinkmann S. (2009). *InterViews: Learning the Craft of Qualitative Research Interviewing*. 2nd ed. Thousand Oaks: SAGE Publications. 354 p.
 26. Braun V., Clarke V. (2006). Using thematic analysis in psychology. *Qualitative Research in Psychology*, 3(2), 77-101. <https://doi.org/10.1191/1478088706qr0630a>
 27. Сейткали Г.М., Бекова Р.Ж. (2021). Әлеуметтік осалдықтың факторлары және жергілікті қоғамдастықтардың рөлі: Қазақстан мысалында. *Әлеуметтану және саясаттану мәселелері*, 2(18), 45-58.
 28. Нұрышева Г.Ж. (2020). Қазақстандағы аз қамтылған отбасылардың еңбек нарығына қатысуы: кедейлік тұзағынан шығу жолдары. *ҚазҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы*, 4(132), 112-124.
 29. Нысанбаев С.Н. (2019). Мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың тиімділігін бағалау: Қазақстан тәжірибесі. *Мемлекет және құқық*, 3(87), 78-91.

REFERENCES:

1. Nurly zhol bagdarlamasy [Nurly Zhol Programme]. (2021). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mps/documents/details/149409?lang=ru> (accessed 01.05.2025).
2. Aulı – el besigi memlekettik bagdarlamasy [Aulı – el besigi State Programme]. (2019). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/979?lang=ru> (accessed 01.05.2025).
3. Ataghy aleumettik komek (AAK) bagdarlamasy [Targeted Social Assistance Programme]. (2021). URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/social_help (accessed 01.05.2025).
4. Kazakhstan Respublikasynyng 2030 zhyлга deyingi demografiyalık damu tughyrnydamasy [Demographic Development Concept of Kazakhstan until 2030]. (2021). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (accessed 01.05.2025).
5. Nolan A. (2020). Poverty and children's rights. In J. Todres, S. King (eds.), *The Oxford Handbook of Children's Rights Law*. Oxford University Press. P. 404–425. <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780190097608.013.21>
6. Alenoma S. (2019). Community versus institutional meanings of child poverty: Implications for policy for reducing child poverty. *Research on Humanities and Social Sciences*, 9(2). <https://doi.org/10.7176/rhss/9-2-16>
7. Komro K.A., Flay B.R., & Biglan A. (2011). Creating nurturing environments: A science-based framework for promoting child health and development within high-poverty neighborhoods.

- Clinical Child and Family Psychology Review, 14(2), 111–134. <https://doi.org/10.1007/s10567-011-0095-2>
8. Saar-Heiman Y. (2019). Poverty-aware social work in the child protection system: A critical reflection on two single-case studies. *Child & Family Social Work*, 24(4), 610–618. <https://doi.org/10.1111/cfs.12642>
9. Abulhul Z. (2021). Child poverty in the United States from the perspective of conflict theory. *American Journal of Educational Research and Reviews*, 82. <https://doi.org/10.28933/ajerr-2021-03-2505>
10. Witter S. (2003). Developing a framework for monitoring child poverty: Results from a study in Uganda. *Children & Society*, 18(1), 3–15. <https://doi.org/10.1002/chi.772>
11. Guillén-Fernández P., & Vargas-Chanes D. (2021). Multidimensional child poverty from the child rights-based approach: A latent class analysis to estimating child poverty groups in Mexico. *Child Indicators Research*, 14(5), 1949–1978. <https://doi.org/10.1007/s12187-021-09840-1>
12. Noble M., Wright G., & Sherr A. (2006). Developing a child-focused and multidimensional model of child poverty for South Africa. *Journal of Children and Poverty*, 12(1), 39–53. <https://doi.org/10.1080/10796120500502136>
13. Padda G.S. (2017). Multidimensional child poverty measurement and its mapping: Case of Balochistan, Pakistan. *SSRN Journal*. <https://doi.org/10.2139/ssrn.3149123>
14. Wickham S., Anwar E., Barr B., Law C., & Taylor-Robinson D. (2016). Poverty and child health in the UK: Using evidence for action. *Archives of Disease in Childhood*, 101(8), 759–766. <https://doi.org/10.1136/archdischild-2014-306746>
15. Sinclair S., & McKendrick J.H. (2014). Tackling child poverty locally: Principles, priorities and practicalities in challenging times. *Scottish Affairs*, 23(4), 454–485. <https://doi.org/10.3366/scot.2014.0044>
16. Beers L.S., Silagyi M.A., Goza S.H., Seigel W.M., & Del Monte M. (2021). Ending child poverty by investing in children and families. *Academic Pediatrics*, 21(8), S92–S93. <https://doi.org/10.1016/j.acap.2021.09.002>
17. Zhumaghulov B.T. (2020). Iz istorii ekonomicheskogo razvitiya Kazakhstana posle grazhdanskoy voyny (1920–1924) [From the history of economic development of Kazakhstan after the civil war]. *Byulleten. Seriya Istoricheskikh i sotsialno-politicheskikh nauk*, 2(65). <https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5461.01>
18. Mukhamadiyeva G., Mukaldiyeva G., Karasheva Zh., Buribayeva Ye., & Khamzina Zh. (2018). Modernization of social security system legal regulation in Kazakhstan: Experience and standards of the OECD members implementation. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, 8(8), 2498. [https://doi.org/10.14505/jarle.v8.8\(30\).21](https://doi.org/10.14505/jarle.v8.8(30).21)
19. Belonosova N. (2022). Rezultaty pilotnogo rascheta natsionalnogo indeksa mnogomernoy bednosti v Respublike Kazakhstan [Results of the pilot calculation of the national multidimensional poverty index in Kazakhstan]. URL: <https://stat.gov.kz/>
20. UNICEF Kazakhstan & Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. (2023). Otchet po izmereniyu mnogomernoy detskoy bednosti v Kazakhstane 2023 [Report on measuring multidimensional child poverty in Kazakhstan 2023].
21. Enbek zhane aleumettik korghau ministrligi [Ministry of Labour and Social Protection]. (2025). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek?lang=kk> (accessed 01.05.2025).
22. Bilim ministrligi [Ministry of Education]. (2025). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=kk> (accessed 01.05.2025).
23. Industriya zhane infragurylymny damu ministrligi [Ministry of Industry and Infrastructure Development]. (2025). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/comprom?lang=kk> (accessed 01.05.2025).
24. Memlekttik zhardemagy [State Benefits]. (2025). URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-astana/press/news/details/101332> (accessed 01.05.2025).
25. Kvale S., & Brinkmann S. (2009). *InterViews: Learning the craft of qualitative research interviewing* (2nd ed.). SAGE Publications.
26. Braun V., & Clarke V. (2006). Using thematic analysis in psychology. *Qualitative Research in Psychology*, 3(2), 77–101. <https://doi.org/10.1191/1478088706qp0630a>
27. Seytkali G.M., & Bekova R.Zh. (2021). Aleumettik osaldyktyn faktorlary zhane zhergilkiti khoghymdastyktar dyny role: Kazakhstan mysalynda [Factors of social vulnerability and the role of local communities]. *Aleumetttanu zhane sayasattanu maseleleri*, 2(18), 45–58.
28. Nuryshева G.Zh. (2020). Kazakhstandaghy az kamtylghan otbasylardyn enbek naryghyda katysuy: kedeylik tuzaghynan shyghu zholdar [Participation of low-income families in the labour market in Kazakhstan]. *KazNU Khabarshysy. Ekonomika seriyasy*, 4(132), 112–124.
29. Nyssanbayev S.N. (2019). Memlekttik aleumettik koldaudyn timdiligin baghalau: Kazakhstan tazhiribesi [Assessing the effectiveness of state social support]. *Memleket zhane kukyk*, 3(87), 78–91.

www.kisi.kz

ISSN 2414 - 5696, ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР, 2026, № 1 (89)

